

KAZCHROME



«Қазхром» ТҰК» АҚ
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП 2021 ЖЫЛ

KAZCHROME



«Қазхром» ТҰК» АҚ | Жылдық есеп 2021 жыл



Жаһандық сын-қатерлердегі орнықтылық

«ҚАЗХРОМ» ТҰК» АҚ

Қазақстан Республикасы, 030008,
Ақтөбе қ., М. Мәметова к-сі, 4а

www.kazchrome.com

Т (7132) 97 33 08

F (7132) 97 33 99

E kazchrome@erg.kz

«Қазхром» ТҰК» АҚ – қызметкерлерінің саны 19 мыңнан асатын вертикалды интегралданған заманауи компания. Қазхром – бірегей ресурстық базаға ие және әлемдегі жоғары көміртекті феррохром шығаратын ең ірі өндірушілердің бірі.



Толымды ақпарат
www.kazchrome.com
сайтында берілген

НЕГІЗГІ САНДАР

ҚАРЖЫЛЫҚ
КӨРСЕТКІШТЕР

Ақшалай түсім

1 059
млрд теңге

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ
КӨРСЕТКІШТЕР

Хром кенін өндіру

5,2
млн тонна

ОРНЫҚТЫ ДАМУ
КӨРСЕТКІШТЕРІ

CO₂ шығарындылары

4,5
млн тонна

EBITDA

594
млрд теңге

Ферроқорытпа өндірісі

1,7
млн тонна

Энергия тұтыну

10 894
МВт.сағ

Күрделі шығындар

123
млрд теңге

Ферроқорытпа сату көлемі

1,5
млн тонна

Су тұтыну

33
млн м³

ҰСТАНЫМДАРЫМЫЗ

Табиғи ресурстар саласындағы халықаралық, тұрақты, әлеуметтік жауапты және тиімді компания.

МИССИЯМЫЗ

Өзіміз атқаратын істе үздік болу.

Құндылықтарға адалдықты сақтай отырып, әлеммен бірге даму.

Жер мен адамзаттың потенциалын ұқыпты игере отырып, бізге сенім артқандардың гүлденуін қамтамасыз ету.



КОМПАНИЯ
ТУРАЛЫ

6-бет



СТРАТЕГИЯҒА
ШОЛУ

16-бет



ОПЕРАЦИЯЛЫҚ
НӘТИЖЛЕРГЕ
ШОЛУ

18-бет

МАЗМҰНЫ

1.	Басшылықтың үндеуі
02	Директорлар Кеңесі Төрағасының үндеуі
04	Президенттің үндеуі
2.	Компания туралы
10	Бизнес-модель
10	Қызмет нәтижелері
12	Қазір және болашақта құндылықтар құру
3.	Нарыққа шолу
15	Макроэкономикалық жағдай
15	Сұраныс пен ұсыныс нарығына шолу, феррохром бағасы
4.	Стратегияға шолу
17	Оңтайландыру және өсім бастамалары
5.	Операциялық нәтижелерге шолу
19	Өнім, өткізім, маркетинг және тұтынушылар
20	Резервтер мен ресурстар
6.	Қаржылық шолу
23	Есептілікті дайындау қағидалары
23	Пайда немесе залал туралы есеп
25	Күрделі шығындар
25	Ағымдағы борыштық міндеттемелер
7.	Тәуекелдерді басқару
28	Тәуекелдерді басқару жүйесі
29	Негізгі тәуекелдер және оларды басқару
8.	Орнықты даму бойынша шолу
35	Қызметкерлерді басқару
39	Денсаулық және өндіріс қауіпсіздігі
42	Қоршаған ортаны қорғау
47	Жергілікті қоғамдастықтар
48	Жауапкершілік пен комплаенс
9.	Корпоративтік басқару
51	Акционерлік капитал және акционерлер
52	Еншілес және тәуелді компаниялар
52	Басқару органдарының құрылымы
55	Негізгі басшылар командасы
57	Деректердің сенімділігі туралы мәлімдеме
10.	Қаржы есептілігі
61	Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі
70	Жиынтықталған бухгалтерлік теңгерім
71	Пайда немесе залал және өзге жиынтық табыс туралы жиынтықталған есеп
72	Капиталдағы өзгерістер туралы жиынтықталған есеп
73	Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы жиынтықталған есеп
74	Жиынтықталған қаржы есептілігіне қатысты ескертпелер
Қосымшалар	
100	1-қосымша: Компанияның ұйымдық құрылымы
101	2-қосымша: Сөздік

Директорлар Кеңесі Төрағасының үндеуі



Құрметті әріптестер мен серіктестер!

2021 жылы «Қазхром» ТҰК» АҚ пандемия жағдайында ең алдымен өзінің мүдделі тараптар алдындағы өндірістік, қаржылық және әлеуметтік міндеттемелерін орындауға бағытталған стратегиялық басымдықтарынан бір қадам артқа шегінбестен, ауқымды істерін одан әрі жалғастырды. Компания барлық сыртқы қолайсыз факторларға қарамастан, өзінің даму векторын ұстанып келеді.

2022 жылдың басында Қазақстан еліміздің көптеген өңірлерінде газ бағасының қымбаттауына байланысты жаппай наразылықтан туындаған ішкі саяси дағдарысқа ұшырады. Оның ішінде Дөң ТКБК-ның бірнеше қызметкері де қоғамдық наразылықтарға қатысты. Бұл оқиғаның ауқымы шектеулі болды және Қазхромның өндірістік қызметіне айтарлықтай әсер етпеді. Бұл жағдай кәсіпорын басшылығы мен қызметкерлер арасында өткен конструктивті келіссөздер нәтижесінде бейбіт жолмен жедел реттелді. Ел аралық деңгейде Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев Қазақстанның болашақтағы тұрақтылығы мен дамуын қамтамасыз етуге бағытталған саяси және экономикалық реформалар пакеті туралы жариялады.

2022 жылғы ақпан айының оқиғалары бүкіл әлемді дүрліктірді. Біз Украинадағы жағдайды келіссөздер өткізу арқылы жедел бейбіт тәсілмен реттеуге шақырып отырған жаһандық үндеуді толығымен қолдаймыз. Қазхром басшылығы мен ұжымы атынан мен өткен қайғылы оқиғалардың ауыр әсерін сезінген барлық адамдарға шын жүректен көңіл айтамын.

Украина мен Ресей арасындағы қақтығыс бірқатар елдер мен халықаралық ұйымдар, оның ішінде АҚШ, Еуропалық одақ, Швейцария және Ұлыбритания Ресей Үкіметіне, түрлі компанияларға, атап айтқанда ERG-дің ірі кредиторларына (Сбербанк России және ВТБ Банк (ЖАҚ)), сондай-ақ жекелеген тұлғаларға қатысты бірқатар санкциялар енгізілуіне әкелді. Бұл қаржы және тауар нарықтарының жұмысында күрделі қиындықтарға алып келді.

Енгізілген санкциялар, сондай-ақ Украинадағы бірқатар өнеркәсіп кәсіпорындары қызметінің тоқтатылуы Қазақстандағы экономикалық жағдайға, оның ішінде ERG кәсіпорындарының қызметіне ықпал етуде. Қазхром бар күшін кәсіпорынның үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуге жұмсай отырып, қабылданған комплаенс саясатына сәйкес, өзінің шаруашылық қызметіне қатысты қолданылған барлық санкцияларды орындап, оқиғаның даму барысын бақылауда ұстап отыр.



2021 жыл бәріміз үшін оңай болмады, бірақ Топтың корпоративтік құндылықтарына бейілділік Қазхром командасына жылды нәтижелі аяқтауға септігін тигізді.

Өкінішке орай, 2021 жылы біз өзіміздің басты корпоративтік құндылығымыз – қауіпсіздікке бейілділігімізді барынша көрсете алмадық, өндірісімізде төрт қызметкерімізден айрылды. Біз марқұмдардың туыстары мен жақындарына, сондай-ақ коронавирус індетінен қайтыс болған қызметкерлеріміздің отбасыларына көңіл айтамыз. Бұл жағдайдан бәріміз де сабақ алдық. Келер 2022 жылды біз «Қауіпсіздік жылы» деп жарияладық.

Нарықта COVID-19 пандемиясы салдарынан қиындықтарға кезіккендігіне қарамастан, Қазхром барлық жеткізілімдерінің реттелген тізбектерін сақтап қалып, Еуропа, Жапония, АҚШ және әлемнің басқа да елдерінің нарықтары үшін өзінің сенімді ферроқорытпа өндірушісі деген көпжылдық мәртебесін тағы бір мәрте дәлелдеді.

2021 жылы Қазхром 1 686 мың тонна ферроқорытпа өндірді. Оның ішінде Ақтөбе ферроқорытпа зауытының № 4 балқыту цехының 430 мың тонна көлемінде өндірген жоғары көміртекті феррохромның маңызы ерекше. Бұл цехты үздіксіз жұмысқа шығарып бере алған біздің өндірістік ұжымымыздың кәсібилігі арқасында мүмкін болған тарихи максимумға айналды.

«ҚазКСР 40 жыл – Молодежное» кен орнындағы өндірістің қысқаруымен, оның ішінде өндірістік персоналдың COVID-19-бен сырқаттану жағдайларының артуы салдарынан Дөң ТКБК-нан хром шикізаты жеткізілімдерінің азаюымен байланысты, 2021 жылғы өндірістік көрсеткіштер 2020 жылға қарағанда біршама төменірек болды.

Біз Компаниямыздың болашағы болып табылатын стратегиялық жоспарларды

енгізу кестесін бұзып алмауға көп күш салдық. Бұл бағыттағы басты шара «Қазақстан Тәуелсіздігінің 10 жылдығы» шахтасын кеңейту болды. Сонымен қатар ДТКБК бірегей «Шлам-2» жобасын іске асыруда, жобаның қолданысқа енгізілуімен комбинаттың қалдықтарын қайта өңдеп, 500 мың тоннаға дейін қосымша хром концентратын алу жоспарланып отыр. Жаңа кешен технологиялық және автоматтандыру тұрғысынан әлемдегі ең заманауи кешендердің бірі болып табылады және шлам қалдықтарының қоршаған ортаға әсерін азайтуға мүмкіндік береді.

2022 жылы біз өзіміздің Қазақстандағы сала көшбасшысы атағымызды, икемділігімізді сақтап келеміз, болжаудың тиімді механизмдерін пайдаланып, нарықтық динамиканы мұқият талдап отырамыз, бұл ретте өзіміздің жеке ERG Way Өндірістік жүйемізді енгізу арқылы ішкі процестердің тиімділігін арттырып келеміз.

Өнімділікті арттыру бойынша инвестициялық жобаларды іске асыруды жалғастыра отырып, қуатты ұлғайту мақсатын ұстанып келеміз, қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне кешенді тәсілді қолдану арқылы бекітілген ERG Экологиялық стратегиясының мақсаттарына кезең-кезеңмен қол жеткізудеміз. Біз қоршаған ортаны қорғауға едәуір инвестиция салу арқылы Қазақстанның тау-кен металлургиялық секторындағы ірі компанияның міндеттерін үлкен жауапкершілікпен атқарып келеміз. 2021 жылы біз бұл бағытқа 20,1 млрд теңгеден астам қаражат жұмсадық. Бүгінде ESG факторлары Қазхромның стратегиясымен сенімді ықпалдастырылған. 2021 жылы біздің осы бағыттағы жұмысымыз Қазхромға

«Жауапты хром өндіруші» мәртебесін берген Халықаралық хром өндірушілер қауымдастығы (ICDA) тарапынан танылды. Бұл Компанияның хром өндірушілеріне қойылатын стандартты талаптарға сәйкес болып қана қоймай, олардан асып түсетіндігінің дәлеліне айналды. Бұл мәртебе корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті бағалаумен шұғылданатын Ecovadis тәуелсіз агенттігі өткізген бағалау нәтижелері бойынша алынды. Агенттік Қазхромды Күміс медальмен марапаттады. Бұған қоса Қазхром 60 балл жинап, әлемдік қара металлургия кәсіпорындарының үздік 12%-на кірді.

2021 жыл бәріміз үшін оңай болмады, бірақ Топтың корпоративтік құндылықтарына бейілділік Қазхром командасына жылды нәтижелі аяқтауға септігін тигізді. Адамдар – Компанияның стратегиялық міндеттерінің одан әрі дамып жүзеге асырылатындығына сенім беретін негізгі тірек. Қазхромның барлық серіктестері мен қызметкерлеріне білдірген сенімі, табысты ынтымақтастығы және ортақ жетістіктерімізге қосқан с.белі үлесі үшін шын жүректен алғыс білдіремін.

Серік Кәрімжанұлы Шахажанов

«Қазхром» ТҰК» АҚ Директорлар Кеңесінің Төрағасы

ЖАУАПТЫ ӨНДІРУШІ Халықаралық хром өндірушілер қауымдастығы (ICDA)



RESPONSIBLE CHROMIUM
ACTING NOW
FOR TOMORROW **2021**



Президенттің үндеуі



Құрметті серіктестер, әріптестер, достар!

Компаниямыздың негізгі құндылықтарының бірі болып табылатын бірлігіміздің арқасында 2021 жылы біз пандемияның жаңа сын-қатеріне төтеп беріп, жұмысымызды жалғастыра алдық, сөйтіп қызметкерлеріміздің жоғары кәсібилігі мен жеке қатысуын, сондай-ақ өзіміздің вертикалды интегралданған бизнес моделіміздің және даму стратегиямыздың тиімділігін тағы бір рет дәлелдедік. Бұл ретте 2021 жылы әлемдік ферроқорытпа нарығында қалыптасқан үрдістер жылды рекордтық қаржылық көрсеткіштермен аяқтауымызға мүмкіндік берді.

Өкінішке орай, 2021 жылы бірнеше қызметкерімізден айрылып қалдық. Қазхромның негізгі басымдықтарының бірі қызметкерлеріміздің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі болып табылады, сондықтан бүгінде біз мұнды статистикамыздың жалғасуына жол бермеу үшін қолымыздан келгеннің бәрін жасап жатырмыз.

Пандемияның алғашқы жылынан сабақ алған біз 2021 жылы ұжымдарымыздың қауіпсіздігін қамтамасыз ету қамында қатал басымдықтарды ұстану жағдайында жұмысымызды жалғастырдық. Қабылданған шаралар Компаниямыздың

“

Біз өз адамдарымызға, «Туған қалаларымызға», қазақстандықтардың келешек буынына басымдық бере отырып, бизнесімізді орнықты даму мақсаттарын берік ұстана жүргізіп келеміз.

COVID-19 ауруына жаппай шалдығу жағдайларының алдын алуға мүмкіндік беріп, барлық активтеріміз бүкіл есепті кезең бойына толық жүктемемен жұмыс істеді. Мен өзіміздің қызметкерлеріміз бен серіктестерімізге олардың осы кезеңде үлкен жауапкершілікпен бірлесіп атқарған жұмысы, ортақ мақсатты айқын ұғынғаны үшін ризашылығымды білдіремін, олардың іске шынайы берілгендігі, құштарлығы мен кәсібилігі Қазхромның өз әлеуметтік және қаржылық міндеттемелерін орындауына берік тұғырнамаға айналды.

Бұл жыл қаржылық көрсеткіштер бойынша компания үшін қолайлы болды: әлемдік нарықтың сыртқы үрдістерінің арқасында Компанияның түсімі 59,5%-ға, таза пайда 231,9%-ға артты. Сонымен қатар 2021 жылы біз стратегиялық бағыттарымызға жұмсалған инвестициялар көлемін ұлғайттық.

Бүгінде біз өзіміздің әлемде еш теңдесі жоқ инновациялық жобамыздың – Ақтөбе ферроқорытпа зауытының №4 балқыту цехының рекордтық өндіріс көлемі жөнінде зор мақтанышпен айтамыз. Пандемия жағдайында біздің мамандардан құралған команда зор құлшыныспен алға қадам басып, бөлімшені өз күшімен өндірістік қуатқа шығара алды. Енді біз бұдан да ауқымды мақсаттарға жетуді – осы бөлімшенің өндіріс көлемін жылына

460 мың тонна ферроқорытпаға дейін жеткізуді көздеп отырмыз. Біз «Қазақстан Тәуелсіздігінің 10 жылдығы» шахтасының қуатын кеңейтуді жалғастырып келеміз. Бұл стратегиялық жоба біздің Компаниямыз үшін негізгі бастама болып табылады, оны іске асыру үшін біз бүгінде үздік әлемдік тәжірибеге сүйене отырып әрекет етудеміз. Бұған қоса кен байытуды қайта бөлу бойынша инновациялық шешімдер қатар енгізіліп келеді, «Шлам-2» бірегей кешенін дайындау және қолданысқа енгізу жұмыстары жүргізілуде, бұл кешен өндірістің жинақталған қалдықтарын өңдей отырып, қосымша концентрат көлемін алуға сеп.

Біз өз адамдарымызға, «Туған қалаларымызға», қазақстандықтардың келешек буынына басымдық бере отырып, бизнесімізді орнықты даму мақсаттарын берік ұстанып жүргізіп келеміз. Бүгінде «Жасыл Қазхром» деп аталып кеткен экологиялық қозғалысымыз Компания қызметінің барлық бағыттарын қамтиды. Бізде өндіріс қалдықтарын қайта пайдалану бойынша жобалар іске асырылуда, жаңа аса қуатты газ-зартқыштар орнатуға баса көңіл бөле отырып, пештерді кешенді жетілдіру жүріп жатыр, Ақтөбеде қайта кәдеге жарату электр станциясын салу бойынша негізгі экокжобаны іске асыруда алғашқы қадам жасалды. Сонымен қатар біз өз

қызметкерлеріміз бен олардың балаларында жаңа экологиялық сананы тәрбиелеу бастамаларын жетілдіріп келеміз, ERG экологиялық стратегиясына сәйкес, ағаштар отырғызып, «Жасыл кеңсе» жобасын және көптеген басқа да шараларды іске асырудамыз.

Қазіргі кезең бүкіл тау-кен металлургия кешені үшін оңай еместігі сөзсіз, бірақ осындай режимде жұмыс істеуіміздің арқасында біз өзіміздің өсу аймақтарымызды белгілеп, оған жан-жақты талдау жасап, келешекте қолданылатын түзету шараларын қабылдай алдық.

Біз жаңа талаптарға сай нәтижелі әрі тиімді жұмыс істеуді үйрендік және мен ең ауыр күндерде жоғары кәсібилікпен жұмыс істеп, өзінің мықтылығы мен ортақ іске жан-тәнімен берілгендігін дәлелдей алған Қазхром командасын мақтан тұтамын! Алдымызда үлкен міндеттер күтіп тұр, мен олардың барынша жоғары деңгейде іске асырылатындығына кәміл сенемін.

Арман Бекетұлы Есенжолов

«Қазхром» ТҰК» АҚ Президенті

БІЗДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ



Қауіпсіздік



Бірлік



Тиімділік



Даму



Жауапкершілік

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

Қазхром – өнімдеріндегі хром құрамы бойынша әлемде № 1

Қазақстан – өндіріс және жеткізілім көлемдері бойынша хром қоспаларын өндіруде әлемде № 3

«Қазхром» Трансұлттық компаниясы» АҚ және оның еншілес кәсіпорындары (бұдан әрі – Қазхром немесе Компания) – жер қойнауын барлау, пайдалы қазбаларды өндіру және оларды байытудан бастап жоғары қосымша құнмен өнім өндіретін металлургиялық өндіріспен аяқталатын толық циклды тау-кен металлургиялық кластері.

Компания 1995 жылы құрылған және бүгінде өзінің бірегей ресурстық базасымен және үлестік өзіндік құнының төмен деңгейімен хром кені және ферроқорытпа өндіру бойынша әлемдегі ең ірі өндірушілердің қатарына кіреді.

Қазхромның клиенттік базасы ең ірі феррохром өндірушілері арасында неғұрлым әртараптандырылғандарының бірі болып табылады. Қазхром Қытайда іске асырылып жатқан «Бір белдеу – бір жол» (BRI) бастамасында маңызды рөл атқарады және өзінің негізгі клиенттері – Қытай, Жапония және Оңтүстік Кореядағы жетекші әлемдік тот баспайтын құрыш өндірушілерімен стратегиялық жақындықта орналасқан. Қазхром сондай-ақ өз өнімін АҚШ, Еуропа және ТМД елдеріндегі клиенттеріне де жеткізіп тұрады.


Қазхром компанияның дауыс беретін жай акцияларының 99,99%-на иелік ететін өзінің ірі акционері – KCR International B.V.-мен қатар Eurasian Resources Group (бұдан әрі – ERG немесе Top) құрамына кіреді.

НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

EBITDA
594
млрд теңге
(2020: 275 млрд теңге)

Еңбекке жарамдылықтан уақытша айрылумен жарақаттану жиілігінің коэффициенті
1,43
(2020: 1,11)

Қызметкерлердің тізімдік саны
19 388
адам
оның 23,8%-ы – әйелдер
(2020: 19 192, оның ішінде 24,2% – әйелдер)



НЕГІЗГІ КӘСІПОРЫНДАР

- **МЕТАЛЛУРГИЯЛЫҚ КӘСІПОРЫНДАР**
Ақтөбе ферроқорытпа зауыты
Ақсу ферроқорытпа зауыты
- **ӨНДІРУШІ КӘСІПОРЫНДАР ЖӘНЕ БАЙЫТУ КОМБИНАТТАРЫ**
Дөң тау-кен байыту комбинаты
«Қазмарганец» кен басқармасы

БІЗДІҢ БАСЫМДЫҚТАРЫМЫЗ

Өндіріс шығындары бойынша басымдық

Өнімділік пен тиімділікті жақсарту бойынша жұмыс

Нарықтағы орны тиімді әрі қолайлы өсу болжамы бар

Барлық өндірістік және атқарымдық процестердің тұрақтылығы мен қауіпсіздігі

БІЗДІҢ АКТИВТЕРІМІЗ

ДӨҢ ТКБК	АҚТӨБЕ ЗАУЫТЫ	АҚСУ ЗАУЫТЫ	ҚАЗМАРГАНЕЦ КБ
ӨНДІРУ	ҚАЙТА ӨҢДЕУ	МЕТАЛЛУРГИЯ ЖӘНЕ БАЛҚЫТУ	МЕТАЛЛУРГИЯ ЖӘНЕ БАЛҚЫТУ
Жоғары сапалы кен Орташа сұрыпты кен Төмен сұрыпты кен	Жоғары сапалы кен Концентраттар Шекемтастар Брикеттер	Феррохром Электроэнергиясы	Феррохром Ферросиликохром Ферросилиций Ферросиликомарганец
			ӨНДІРУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ӨҢДЕУ
			Жоғары сапалы кен Төмен сұрыпты кен Ұсату Елеу

БИЗНЕС-МОДЕЛЬ

Қазхром әлемдегі ең ірі ферроқорытпа және хром кенін өндіруші болып табылады және хром құрамына шаққанда феррохром өндірісінің көлемі бойынша бірінші орын алады. Компанияның өндірістік тізбегі хром және марганец кенін өндіріп байытудан бастап хромды және кремнийлі ферроқорытпаларды өндіруге дейін өзара ықпалдастырылған.

Қазхромның негізгі активтері Қазақстан-да орналасқан және әлемдегі ең ірі өндіруші кәсіпорындар мен металлургия-лық зауыттардың қатарына кіреді. Компания негізгі төрт бөлімшеден құралады: Дөң тау-кен байыту комбинаты (бұдан әрі – Дөң ТКБК), Ақтөбе ферроқо-рытпа зауыты, Ақсу ферроқорытпа зауыты және «Қазмарганец» кен басқар-масы (бұдан әрі – Қазмарганец КБ).

Компания қызметінің ықпалдастырылған сипаты өзінің құн құру тізбегінде синергияны пайдаланып, бизнестің жоғары тұрақтылығын сақтап қалуға мүмкіндік береді. Табиғи газбен жұмыс істейтін Ақтөбе ферроқорытпа зауыты-ның жеке электр станциясы зауыттың электр энергияға қажеттілігінің 30%-нан астамын қамтамасыз етеді, ал ERG-дің

ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

Мың тонна	2019	2020	2021
Кен өндіру және өндіріс			
Хром кенін өндіру	6 024	5 613	5 191
Ферроқорытпа өндірісі	1 811	1 793	1 686
Сату көлемі			
Жоғары көміртекті феррохром	1 481	1 480	1 288
Тазартылған феррохром	64	52	57
Кремний қорытпалары	138	134	152
Барлық ферроқорытпалар	1 683	1 666	1 497

2021 жылы хром кені өндірісінің 7,5%-ға төмендеуі бекітілген тау-кен жұмыстары жоспарына сәйкес «ҚазКСР 40 жыл – Мо-лодежное» кен орны бойынша өндіріс көлемінің қысқаруымен түсіндіріледі. Ферроқорытпа өндірісінің жалпы көлемінің 2021 жылы 1 796 мың тоннадан 1 686 мың тоннаға дейін 6,0%-ға азаюының себебі Дөң ТКБК-нан хром шикізаты жеткізілімдерінің төмендеуімен байланысты.

Сату көлемінің 2020 жылға қарағанда 2021 жылы 169 мың тоннаға (10,1 %) төмендеуі хром кенімен қамтамасыз

еншілес компаниялары Ақтөбе зауыты үшін қалған электр энергиясын және Ақсу зауытын электр энергиясымен толық қамтамасыз етеді. ERG-дің басқа кәсіпо-рындары Қазхромның операциялық активтері арасында хром өнімдері мен марганец кенінің тасымалына жауапты және екі зауытқа көмір мен спецкокс жеткізеді. Спецкокс ферроқорытпа өндіру барысында қалпына келтіргіш ретінде қолданылады.

Біздің басымдықтарымыз
Өндірістегі шығындар бойынша басымдық

- Қазхром хром құрамы жоғары бірегей кен орындары мен бүгінгі өндіру қарқынымен бірнеше ондаған жылға жететін қорларының арқасында хром нарығындағы әлемдік көшбасшы болып табылады.

Нарықтағы орны тиімді әрі қолайлы өсу болжамы бар

- Негізінен әлем халқының өмір сапасын арттыруға бет алған жаһандық ме-гаүрдіспен байланысты тот баспайтын құрыш нарығының жалғасып келе

жатқан өсімі ферроқорытпа өндірісін дамытуға мүмкіндік береді.

- Қазхромның дамыған клиенттік базасы премиалды сегменттерде көшбасшы орнын ұстап тұруға мүмкіндік береді.

Өнімділік пен тиімділікті жақсарту бойынша жұмыс

- Құн құру тізбегінің барлық кезеңдерінде өндірістік қуатты кеңейту және металл шығаруды арттыру жобаларын іске асыру Қазхромға өндіріс көлемін арттырып, әлемдік өндірушілер арасында ферроқорытпа жеткізілімдері мен өндіріс көлемі бойынша жетекші орын алуға мүмкіндік береді.
- Қазхромның ERG-мен бірігуі жеке инфрақұрылым мен логистика есебінен материал жеткізілімдерінің, оның ішінде энергия ресурстарының, өндіріске арналған қалпына келтіргіштердің тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Барлық өндірістік және атқарым-дық процестердің тұрақтылығы мен қауіпсіздігі

Қазхромға қазіргі COVID-19 пандемиясы кезінде бірдей тиімділікпен және нәтижелілікпен жұмыс істеуге септеседі.

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

Мың теңге	2019	2020	2021
Түсім	698 307 440	664 189 693	1 059 418 450
EBITDA	280 737 926	274 505 574	593 515 553
Таза пайда	149 096 587	132 155 848	438 634 469
Күрделі шығындар	85 245 751	77 666 598	123 328 409

2021 жылы түсім көрсеткіші 2020 жылмен салыстырғанда 395,2 млрд теңгеге (59,5%) өсті. Түсімнің мұндай өсуі EBITDA-ның 319,0 млрд теңгеге (116,2%) ұлғаюы сияқты ферроқорытпаларға, атап айтқанда жоғары көміртекті феррохромға нарықтық бағаның өсуімен байланысты. 2021 жылы ферроқорытпаларға на-рықтық бағаның өсуіне септігін тигізген негізгі фактор нарықтағы ұсыныстың тапшылығы және құн құрудың бүкіл тізбегі бойындағы шығындардың өсуі болды. Бағаға қатысты осындай оңтайлы ықпал сату көлемдерінің төмендеуімен және операциялық шығындардың ұлғаюымен ішінара өтелді.



COVID-19 пандемиясы

2021 жылы Компания COVID-19-бен байланысты пандемия кезінде тұрақтылықты сақтауға арналған барлық ұйымдастырушылық және санитарлық-эпидемиологиялық іс-шараларды жалғастырды. Дұрыс ұйымдастырылған профилактикалық іс-шаралар Компания-ға бұл мәселені шешуде септігін тигізді. Қазхром мығым корпоративтік мәдениет-ке ие және өз қызметкерлерінің, мерді-

2021 жылы Қазхромның активтерді дамытып қолдауға жұмсайтын күрделі шығындары 123,3 млрд теңгені құрап, мынадай мақсаттарға бағытталды:

- «Қазақстан Тәуелсіздігінің 10-жылдығы» шахтасының өндірістік қуатын кеңейту;
- Дөң ТКБК бөлімшелеріне жабдық сатып алу және күрделі жөндеу өткізу;
- № 6 цехты жаңарту, № 1 цехтың балқыту корпусы мен дайын өнім қоймасын кеңейту жобасын аяқтау, тұндыру кешенін жылыту және Ақсу ферроқо-рытпа зауытының пештерін күрделі жөндеуден өткізу;

- № 4 цехтың өнімділігін арттыру бойынша іс-шаралар, ашық кен қоймасын қалпына келтіру, Ақтөбе ферроқорытпа зауытына жабдық сатып алу және күрделі жөндеу өткізу;
- «Шлам-2» жобасын одан әрі іске асыру, шағын кен орындарында кен шығару және өңдеу («Геологическое-1», «Дүберсай»).

+59,5%
Түсім

+116,2%
EBITDA

+58,7%
Күрделі шығындар

РЕСУРСТАР

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ РЕСУРСТАР

Дөң ТКБК

- «Қазақстан Тәуелсіздігінің 10-жылдығы»;
- «Молодежная» шахтасы;
- «Южный», «Геологическое № 1» карьері;
- ұсақтау-байыту фабрикасы;
- кенді байыту және кесектеу фабрикасы.

«Қазмарганец» кен басқармасы

- көлік колоннасы;
- «Тур» кеніші байыту кешенімен.

Ақтөбе ферроқорытпа зауыты

- үш балқыту цехы (№ 1, № 2, № 4);
- қоқыс өңдеу цехы;
- қосалқы цехтар;
- жекеменшік электр станциясы.

Ақсу ферроқорытпа зауыты

- төрт балқыту цехы (№ 1, № 2, № 4, № 6);
- қоқыс өңдеу кешені;
- агломерациялық цех;
- қосалқы цехтар.

ТАБИҒИ РЕСУРСТАР

Қызметіміз барысында табиғи ресурстарға жауапты қарау, әсіресе олардың жаңармасын ескерсек, аса маңызды болып табылады.

ҚАРЖЫ РЕСУРСТАРЫ

Компания сыртқы қаржыландыру көздерінен немесе өндірістік не инвестициялық қызмет нәтижесінде алынған қаржы ресурстарын барынша тиімді пайдалануға тырысады.

АДАМ РЕСУРСТАРЫ

19 мыңнан астам қызметкерінің кәсібилігі мен жоғары біліктілігі

СЕРІКТЕСТІК РЕСУРСТАР

Қазхромның клиенттік базасы ірі феррохром өндірушілері арасында неғұрлым әртарапталдырылған болып табылады. Серіктестермен ұзақ мерзімді келешекте тұрақты және үнемі өсіп отыратын өткізу көлемдерін қамтамасыз ететін ұзақ мерзімді қарым-қатынас орнатылған.

НЕГІЗГІ ПРОЦЕСТЕР



НЕГІЗГІ ӨНІМДЕР

ЖОҒАРЫ КӨМІРТЕКТІ ФЕРРОХРОМ (HC FeCr)

Жоғары көміртекті феррохромды пайдаланудың түпкі өнімі тот баспайтын құрыш болып табылады, ол құрылыста, көліктерде, машина жасауда, өнеркәсіптік құбырлар мен тұтынушылық тауарлар өндірісінде қолданылады.

ТАЗАРТЫЛҒАН ҚОРЫТПАЛАР (MC/LC FeCr)

Орташа және төмен көміртекті феррохром көміртек құрамының шектеулі болуын талап ететін тот баспайтын және қосындыланған болат өндірісінде пайдаланылады. Ол сонымен қатар шарлы мойынтіректерге, беріктілігі жоғары материалдарды талап ететін аспаптар мен құрылғыларға арналған арнайы қосындыланған болат өндірісінде де қолданылады.

ФЕРРОСИЛИКОХРОМ (FeSiCr)

Орташа және төмен көміртекті феррохром өндірісіне қажетті аралық өнім. Жекелеген хромды болат түрлерін өндіруге арналған металл ретінде пайдаланылады.

ФЕРРОСИЛИКОМАРГАНЕЦ (FeSiMn)

Қасиеттері мен құрылымын жақсарту үшін болат қорытпалары (Гадфильд болаты) өндірісінде қолданылады. Қолдану аясы: тау-кен өндіру, құрылыс және теміржол өнеркәсібі.

ФЕРРОСИЛИЦИЙ (FeSi)

Беріктілікті, икемділікті, электрөткізгіштікті және тозуға, тоттануға, қышқылдар мен жоғары температураларға төзімділікті жақсартады. Ферросилиций автомобиль өндірісінде қолданылатын трансформаторлық және көміртекті болат құрамында қолданылады.

ХРОМ КЕНІ (Cr Ore)

Хромды ферроқорытпалар, хром қосылыстары және отқа төзімді материалдар өндірісінде қолданылады.

НЕГІЗГІ НАРЫҚТАР

Түпкі тұтынушылармен: ең ірі Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея, Еуропа және АҚШ тот баспайтын және қосындыланған болат өндірушілерімен ұзақ мерзімді ынтымақтастық орнатылған.



НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕР

Қаржылық көрсеткіштер

ТҮСІМ

1 059 млрд теңге

ЕВІТДА

594 млрд теңге

КҮРДЕЛІ ШЫҒЫНДАР

123 млрд теңге

Операциялық көрсеткіштер

ХРОМ КЕНІ ӨНДІРІСІ

5,2 млн тонна

ФЕРРОҚОРЫТПА ӨНДІРІСІ

1,7 млн тонна

ФЕРРОҚОРЫТПА САТУ КӨЛЕМІ

1,5 млн тонна

Орнықты даму көрсеткіштері

СО₂ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ

4,5 млн тонна

ЭНЕРГИЯ ТҰТЫНУ

10 894 МВт.сағ

СУ ТҰТЫНУ

33 млн м³

НАРЫҚҚА ШОЛУ

МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙ

Бір үлкен мәселе (2019 жылы АҚШ пен Қытай арасындағы қарым-қатынастың ширығуы, 2020 жылы COVID-19 пандемиясы) басты назарда болған алдыңғы екі жылға қарағанда, 2021 жыл бірқатар сын-қатердің туындауымен есте қалды: созылып кеткен COVID-19 пандемиясы, инфляция өсімінің жоғары қарқыны, жеткізілім тізбектеріндегі үзілістер және қорлардың азаюы, сондай-ақ негізгі нарықтардағы энергетикалық дағдарыс. Сонымен қатар 2021 жылы 2020 жылдағыдай екі жарты жылдық бір-бірінен айтарлықтай өзгешеленді.

2021 жылдың бірінші жарты жылдығында әлемдік экономика қарқынды қалпына келуін жалғастырды, ал шикізат нарықтары пандемия жақын арада аяқталып, жоғары инфляция тек уақытша болады, ал жеткізілім мәселелері 2022 жылға қарай шешіледі деп күтумен жоғары қарқынын байқатты. 2021 жылдың екінші жарты жылдығында бірқатар тәуекелдердің күшеюі байқалды. Бірінші кезекте коронавирустың жаңа штаммдары – дельта мен омикронның пайда болып, лезде тарала бастауынан пандемия бұрын күткеннен әлдеқайда ұзағырақ болатыны, ал коронавирустың кейінгі мутацияларына қарсы қорғанысты қамтамасыз ету үшін вакциналарды үнемі жетілдіріп немесе түрлендіріп отыру керектігі түсінікті болды. Бұл кезде инфляцияның өсу қарқыны 2021 жыл бойы өсуін жалғастырды, бұл жағдайда түрлі елдердің сарапшылары мен басшылары бағаның үсу үрдісі 2022 жылы да сақталады деген пікірге тоқталды. Инфляцияның негізгі факторларының бірі энергия тасымалдаушылар бағасының өсуі болды: 2021 жылы мұнай, газ және көмір бағасы айтарлықтай өсті. Қытай энергиямен жабдықтау мәселелерін тек көмір өндірісін ұлғайту арқылы жыл соңына қарай шеше алды. Еуропа газ тапшылығы мен жел электр станцияларында генерация деңгейінің төмендігі салдарынан анағұрлым ұзаққа созылған энергетикалық мәселелерге кез келді. Сайып келгенде, жеткізілім тізбектеріндегі жағдайдың біртіндеп жақсаруына қарамастан, нарықтар барлық мәселелерді 2022 жылдың бірінші жартысының соңына қарай шешу мүмкінділігінен күдер үзді – бұл мәселелердің 2023 жылға дейін сақталуы да әбден мүмкін.

Шикізаттық тауарлар арасында өткен жылы энергия тасымалдаушылар мен түрлі-түсті металдардың бағасы неғұрлым көбірек өсті. Бұған экономиканың пандемиядан кейін қалпына келуі мен ұсыныс аясындағы шектеулер септігін тигізді. Инфляция қарқынының жеделдеуі де шикізат тауарларына баға тұрғысынан қолайлы болды, себебі олар бұрынғыдай инфляциядан қорғаныс құралдары ретінде қарастырылады.

Мәселен, мұнай баға белгіленімдері 2020 жылғы 31 желтоқсаннан 2021 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі аралықта 50%-ға, ал көбі менсіне қоймайтын European CIF ARA көміріне баға тіпті 79%-ға өсіп кетті. Базалық шикізат бағасының өсуі өндірістің циклдық салаларынан көптеген тауар өндірісінің өзіндік құнының ұлғаюына ықпал етті.

Инфляцияның жеделдеуі көптеген ірі экономикаларда, оның ішінде АҚШ және Еуроаймақтағы ақша-несие саясатының қатаңдатылуының негізгі себебіне айналды. АҚШ Федералды резервтік жүйесі 2022 жылдың наурызында негізгі мөлшерлемені көтерді және күтіліп отырғандай, жыл соңына дейін мөлшерлемені одан әрі көтеріп, активтерді сатып алу бағдарламасын қысқартуды жалғастырады. Ұсыныс тапшылығынан, сондай-ақ Ресей мен Украинаның арасындағы шиеленістің және соған байланысты Ресейге қарсы қолданылған батыс санкцияларының салдарынан 2022 жылдың басында шикізат тауарларының бағасы жоғары деңгейде қалды. Шиеленіс жеткізілім тізбектерімен мәселелерді және көптеген тауарлардың, оның ішінде энергия, түрлі-түсті металл және ауылшаруашылығы өнімдері тапшылығының ұлғаю қаупін арттырды. Сонымен қатар 2022 жылы коронавирус пандемиясының қаупі бәсеңдегеніне қарамастан, пандемия әлі аяқталған жоқ және бұрынғыдай қауіп төндіріп тұр, себебі жаңа штамдар пайда болуы мүмкін.

СҰРАНЫС ПЕН ҰСЫНЫС НАРЫҒЫНА ШОЛУ, ФЕРРОХРОМ БАҒАСЫ

2021 жылы хром баламасындағы феррохром нарығының тиісінше 12%, 11% және 10%-ын құрайтын Қазхром, Glencore-Merafe, сондай-ақ Samancor сияқты бірқатар феррохром өндірушілері жеке хром кен орындарына ие, феррохром өндірушілерінің басым бөлігі хром кенін сатып алады. Атап айтқанда, үлесі хром баламасындағы феррохром әлемдік көлемінің 38%-ын құрайтын ірі феррохром өндірушісі болып табылатын Қытайдың жеке меншік хром қорлары жоқтың қасы, өндірушілер хром кенін ОАР, Түркия, Зимбабве және басқа елдерден импорттайды.¹

Феррохромның әлемдік бағаларына көбіне тот баспайтын сұраныс қарқыны мен хром кені және феррохром өндіру қарқыны арасындағы теңгерім ықпал етеді. Қытай бұл ретте басқа өңірлерде баға бенчмарктарының қарқынын да жанама түрде белгілейтін негізгі нарықтардың бірі болып табылады.

Хром кенінің әлемдік өндірісі 2021 жылы айтарлықтай қалпына келді, нәтижесінде 2020 жылы алғаш рет пайда болған нарықтық тапшылық 2021 жылы едәуір қысқарды, әйтсе де нарықты толық

тепе-теңдікте ұстап тұратындай емес, себебі сұраныс та біраз қалпына келіп қалды. Дегенмен егер 2020 жылы әлемде хром кені өндірісінің төмендеуінің негізгі себебі хром өндіруші елдердегі карантиндік шаралар болса, 2021 жылы тот баспайтын құрыш нарығы және тиісінше феррохромға сұраныс коронавирусқа дейінгі деңгейлерден біраз асып, едәуір өсім көрсетті, бірақ ұсыныс дәл солай дереу өзгере қойған жоқ. Бұл ретте Қытайда энергия тұтыну мен CO₂ шығарындыларын шектеу бойынша қатал шаралар феррохромды қайта бөлуде негізгі тапшылық пен қорлардың төмендеуіне әкелді. Қытай мен әлемдегі феррохром бағалары 2008 жылдан бері ең жоғары деңгейлерге дейін көтерілді (орташа жылдық бағаның ~50% г/г-ға өсуін көрсетті), ал феррохром – хром кенінің өзіндік құнының негізгі компонентінің бағасы 2021 жылы біршама бауу өсім көрсетті – шамамен 20% г/г.

Баға деңгейінің өсуіне хром/феррохром құнын құру тізбегі бойындағы шығындардың өзге құрамдастарының өсуі де едәуір ықпал етті: теңіз тасымалына жоғары сұраныс пен контейнерлер тапшылығы салдарынан фрахт мөлшерлемесі айтарлықтай өсті, жаһандық энергетикалық дағдарыс отын мен электр энергиясы бағасының өсуіне әсер етті, қалпына келтіргіштер бағасы кокстенетін көмір ұсынысының шектелуі және оларға сұраныстың лезде ұлғаюы салдарынан біраз өсті.

2021 жылы феррохром ұсынысының тапшылығы хром кенінің нарығына/қайта бөлінісіне оңтайлы ықпалын шектеді. Әйтсе де, біз 2022 жылы феррохром өндірісінің едәуір ұлғаюы хром кеніне сұранысты жылдан жылға едәуір арттырып, оның бағасына маңызды қолдау факторын құрады деп күтеміз, бұл өз кезегінде Қытайдағы феррохром өндірісіне жұмсалатын шығындарды арттырып, феррохромға жаһандық бағаны қолдайды.

Орташа мерзімді келешекте бұл нарықта сұраныс пен ұсыныс теңгерімі күтіледі, бұл хром кені мен феррохром өндірушілерінің қолайлы маржасымен бірге жүреді.

Ең алдымен жалғасып келе жатқан кенттену, Қытай, Үндістан және басқа да дамушы елдердің экономикалық дамуы мен өмір деңгейінің өсуі салдарынан тот баспайтын құрышқа сұраныстың ұзақ мерзімде одан әрі өсуі күтіледі. Ағымдағы бағалаулар бойынша тот баспайтын құрыш нарығының өсу қарқыны 2030 жылдың соңына дейін шамамен 3%. Бұл феррохром мен хром кеніне сұраныстың едәуір артуына әкеліп, хром ұсынысының едәуір өсуін, тиісінше хром өндіретін негізгі өңірлерде жаңа жобаларға күрделі инвестициялар қажеттілігін талап етеді деп күтілуде, бұл хром кені мен феррохром бағасын өндірушілер мен инвесторларға қолайлы деңгейде ұстап тұрған жағдайда ғана мүмкін болады.

¹ Дерекнама: CRU, Ferrochrome Market Outlook, March 2021.

СТРАТЕГИЯҒА ШОЛУ

2021 жылы Қазхром бүкіл цикл бойына оңтайлы еркін ақша ағынын қалыптастыра отырып, қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіп қауіпсіздігі, тиімділік және орнықты даму қағидаларына сәйкес жаһандық нарыққа жоғары сапалы хром жеткізу арқылы ферроқорытпа саласының әлемдік көшбасшысы орнын сақтап қалу және нығайтуға бағытталған өз Стратегиясын іске асыруды жалғастырды.

ОҢТАЙЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ӨСІМ БАСТАМАЛАРЫ

Стратегиялық міндеттерді іске асыру аясында Қазхром құн құру тізбегінің түрлі кезеңдерінде оңтайландыру және өсім бойынша тұтас бастамалар кешенін әзірлеп, іске асырады.

Өндіруді қайта құру

«Қазақстан Тәуелсіздігінің 10 жылдығы» шахтасын кеңейту

Перспективті учаскелердегі геологиялық барлау жұмыстары, оның нәтижелері бойынша:

- «Геологическое-1» перспективті учаскесінен кен өндіру жүргізіледі.
- 2022 жылы «Геофизическое-IX», «Геофизическое-XI» және «Дүбірсай» кен орындарында кен өндіруді бастау жоспарланып отыр.

Байытуды қайта құру

Шлам-2

Дөң ТКБК-да қордаланып қалған және ағымдағы қалдықтардан тауарлық концентрат алуға бағытталған жаңа байыту фабрикасын енгізу жұмыстары жалғастырылуда, бұл қордаланған шлам қалдықтары мөлшерінің едәуір қысқаруына әкеледі. Нәтижесінде хром концентратының өндірісі арттырылады, сондай-ақ кәсіпорынның шлам қалдықтарының қоршаған ортаға әсері азаяды. Фабрика жұмысының басталуы 2022 жылға жоспарланып отыр.

ШӨУ (шекемтас өндіру учаскесі) топырағын қойылтау

Жоба ШӨУ шламдарынан шығаруды арттыруға бағытталған.

Тұнба қалдықтарын (2-10 мм) байыту

Кенді байыту және кесектеу фабрикасының тұнба қалдықтарын (2-10 мм) жете байыту жобасы жиналған және ағымдағы қалдықтардан қосымша концентрат көлемін алуды көздейді.

Металлургияны қайта құру

Ақтөбе ферроқорытпа зауытының №4 цехының қуатын одан ары ұлғайту


Ақтөбе ферроқорытпа зауытының №4 цехының өндіріс көлемін одан ары ұлғайту жобасы іске асырыла бастады. Жоба нәтижесінде ферроқорытпа өндіру көлемдері жылына 460 мың тоннадан асады.

Ақсу ферроқорытпа зауытының №6 цехының қуатын арттыру

Ақсу зауытының №6 цехында қолданыстағы төрт пешті қайта құру жобасы өндірістік шығындарды қысқартып, цехты пайдалану мерзімін арттыра отырып, жоғары көміртекті феррохром өндірісінің көрсеткіштерін арттыруға бағытталған. Бұған қоса, жоба электр энергиясын тұтынуды азайтып, атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының көлемдерін барынша азайтуға мүмкіндік береді (екі заманауи газ тазартқыш құрылғының орнатылуын ескере отырып).

Пештерді қайта құру 2017 жылы басталып, екі кезеңмен жүзеге асырылып келеді. Қазіргі кезде жобаның бірінші кезеңі - №64 пешті жаңарту жұмыстары аяқталып, оны жобалық қуатқа шығару бжұмыстары жүзеге асырылуда. Цехтың бүкіл пештерін қайта құру 2026 жылы аяқталады деп күтілуде.

«Қазақстан Тәуелсіздігіне 10 жыл» шахтасының гео-3D моделінің үлгісі



ОПЕРАЦИЯЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕРГЕ ШОЛУ



ӨНІМ, ӨТКІЗІМ, МАРКЕТИНГ ЖӘНЕ ТҰТЫНУШЫЛАР

Қазхром жоғары сапалы ферроқорытпа өнімдерін шығарады. Қазхромның стратегиялық клиенттері жетекші әлемдік компаниялар болып табылады. Оның өнімдерінің түпкі тұтынушылары қатарына Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея, Еуропа мен АҚШ-дан тот баспайтын және қосындыланған болаттың көптеген ірі өндірушілері кіреді.

Өнім

Қоспаларының құрамы төмен жоғары көміртекті және тазартылған феррохром Қазхромның негізгі өнімі болып табылады. Феррохром өнімі тоттануға төзімді болаттың әдеттегі тот баспайтын түрінен бастап қосындыланған және конструкциялық түріне дейін өндіру барысында қолданылады.

Компанияның өндірістік мүмкіндіктері клиенттер ұсынған айрықшаламаларды және нарықтық жағдайды басшылыққа ала отырып, оның феррохром өніміндегі көміртеқ құрамын өзгертуге мүмкіндік береді. Осының нәтижесінде Қазхром өзінің түпкі тұтынушылар базасын әртараптандыру және пайданы барынша арттыру үшін шығарылатын өнімнің ассортиментін оңтайландыра алады.

2021 жылы шамамен 1 288 мың тонна жоғары көміртекті феррохром және шамамен 209 мың тонна басқа ферроқорытпа, барлығы 1 497 мың тонна ферроқорытпа сатылды.

Қазхром өнімінің денсаулық пен қауіпсіздікке әсері тұрғысынан заңнама талаптарына сәйкес келмеген жағдайлар болмаған. Өнім нормативтік құжаттарға сәйкес жеткізіледі. Сатылатын өнім жарнама мен ілгерілетуді қоса алғанда, жария түрде талқылау мәніне айналмаған.

2021 ЖЫЛҒЫ САТЫЛЫМ ҚҰРЫЛЫМЫ

Көрсеткіштер	Тоннаж, мың тонна	Сомасы, мың теңге
Жоғары көміртекті феррохром	1 288	871 917 412
Тазартылған феррохром	57	78 843 399
Кремний қорытпалары	152	105 450 468

Ескертпе. Сатылымдар сомасына өзге табыстар кірмейді.

Өткізім, нарық пен тұтынушылар

Қазхромның маркетингтік стратегиясы өнімнің жоғары сапасы мен жеткізілім сенімділігі басты талап болып табылатын түпкі тұтынушылар мен нарықтарға баса көңіл бөлуді көздейді. 2015 жылдан бастап Компания қиырдағы нарықтарға жеткізілім бойынша трейдермен жұмыс істеп келеді, соның арқасында өнімнің түпкі тұтынушыларымен ұзақ мерзімді ынтымақтастық орнатылған. Ұзақ мерзімді шарттар өткізім көлемдерімен байланысты әлеуетті тәуекелдерді жұмсартуға мүмкіндік береді.

Таяу шетел мен Қазақстандағы сатулар тұтынушылармен тікелей келісімшарттар бойынша жүзеге асырылады.

Дамыған теміржол қатынасының арқасында Қазхром Достық-Алашаньюо шекаралық өтпесі арқылы Қытайдың батыс және орталық бөліктеріне ыңғайлы қатынау мүмкіндігіне ие. Сонымен қатар осы өтпе арқылы Компания жүктерінің Жапония, Оңтүстік Корея және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің нарықтарына транзитін қамтамасыз ететін Ляньюнганг портына тиеледі. Ресейдегі Қиыр Шығыс порттары арқылы Қытайдың шығыс бөлігіндегі нарыққа қолжетімділік қамтамасыз етіледі.



РЕЗЕРВТЕР МЕН РЕСУРСТАР

Қазхромның хром кен орындары Орал таулары тізбегінің оңтүстік бөлігінде, Кемпірсай алабында – жалпы ауданы шамамен 1 мың км² құрайтын басты офиолит белдеуінде орналасқан. Барлық өнеркәсіптік кен орындары Кемпірсай алабының оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан және Негізгі (Оңтүстік Кемпірсай) кен алабына бірігеді. Кен орындары өте ірі болып табылады және кендегі пайдалы құрамдас – хром оксидінің үлесі жоғары болып келеді. Дөң ТКБК кен орнының батыс және шығыс меридионалды кенді аймақтары 7 км енімен 24 км қашықтыққа созылған.

«Қазақстан Тәуелсіздігінің 10 жылдығы» шахтасы 1,2 мың метрге дейін тереңдікте зерттелген және қолдану мерзімін ұзарту

үшін резерв пен ресурсы ұлғайтылатын әлеуетке ие.

Сонымен қатар Қазхром қазіргі кезде «Южный» карьерінің «ҚазКСР 20 жыл» кен орнының және «Мирный» карьерінің «21» кен орнының карьер асты қорлар бойынша эксплуатациялық барлауды бастауды жоспарлап отыр.

Оңтүстік Кемпірсай кен алабында іздеу жұмыстарын өткізу барысында «Іздеу» пайдаланылған кен орнынан тікелей жақындықта бай хром кендерінің қорлары бар «Геологиялық ІІ» кен орны анықталды. Кен орнын өңдеу мүмкіндігі- не іріленген геологиялық-экономикалық бағалау өткізілді, нәтижесінде қорлар мемлекеттік теңгерімге енгізілді.

Оңтүстік Кемпірсай кен алабы бойынша барлау келісімшарты шеңберінде

«Геофизикалық VII» хром кен орнын жете зерттеу аяқталып, Measured Group компаниясынан қосымша геологиялық талдау алынды. Пайдалы қазба қорлары жөніндегі Мемлекеттік комиссияның қорларды бекіту хаттамасына сәйкес, ашық және жерасты өндіру үшін қорлар қабылданды.

Жер қойнауын пайдалану шарттарына шолу

Пайдалы қазба мен кен орындары Қазақстан Республикасы халқының меншігі болып табылады. Қазхром Үкіметпен жер қойнауын пайдалану шарттарын жасады. Бұл шарттардың түрлі кеніштер үшін талаптары әртүрлі. Шарттар әдетте тиісті кеніштерді қолдану мерзімінің соңына дейін созылады.

Ресурстар мен Қорлар туралы мәлімдеме³

Қазхромның саладағы ең ірі ресурстық базасы хромның орташа құрамы 50% және қоспа құрамы төмен, сапасы бірегей 207,3 млн тонна хром кенін қамтиды. Дәлелденген және ықтимал қорлар 161,8 млн тонна хром кенін құрайды және одан әрі кеңею әлеуетін қамтамасыз ете отырып, ағымдағы өндіріс деңгейінде кеніш жұмысын бірнеше ондаған жылға қамтамасыз ете алады.

ХРОМ КЕНІНІҢ РЕСУРСТАРЫ МЕН ҚОРЛАРЫ: ДӨҢ ТКБК

Кен орны	Санаты	Тоннаж, млн тонна	Cr ₂ O ₃ , кенінің орташа құрамы, %	Cr ₂ O ₃ , құрамы, млн тонна
«Қазақстан Тәуелсіздігінің 10 жылдығы» шахтасы	Дәлелденген және ықтимал резервтер	158,1	42,0	66,3
	Өлшенген бағаланған ресурстар	168,4	50,4	84,9
	Болжамданатын минералды қорлар	34,0	47,9	16,3
	Барлық минералды ресурстар	202,4	49,9	101,2
«Молодежная» шахтасы	Дәлелденген және ықтимал резервтер	3,1	37,9	1,2
	Өлшенген бағаланған ресурстар	4,1	50,4	2,1
	Болжамды минералды қорлар	-	-	-
	Барлық минералды ресурстар	4,1	50,4	2,1
«Южный» карьері ⁴	Дәлелденген және ықтимал резервтер	0,6	39,9	0,2
	Өлшенген бағаланған ресурстар	0,6	51,7	0,3
	Болжамды минералды қорлар	-	-	-
	Барлық минералды ресурстар	0,6	51,7	0,3
«Геофизическое VII» ⁵	Дәлелденген және ықтимал резервтер	-	-	-
	Өлшенген бағаланған ресурстар	0,2	41,2	0,1
	Болжамды минералды қорлар	-	-	-
	Барлық минералды ресурстар	0,2	41,2	0,1
Барлығы: Дөң ТКБК	Жиынтық дәлелденген және ықтимал резервтер	161,8	41,9	67,7
	Жиынтық өлшенген бағаланған ресурстар	173,4	50,4	87,4
	Барлық болжамды минералды қорлар	34,0	47,9	16,3
	Барлық минералды ресурстар	207,3	50,0	103,7

МАРГАНЕЦ КЕНІНІҢ РЕСУРСТАРЫ МЕН ҚОРЛАРЫ: ҚАЗМАРГАНЕЦ КБ

Кен орны	Санаты	Тоннаж, млн тонна	Mn құрамы, %	Fe құрамы, %	Mn құрамы, млн тонна	Fe құрамы, млн тонна
«Тур» кеніші	Дәлелденген және ықтимал резервтер	0,7	25,5	7,5	0,3	0,1
	Өлшенген бағаланған ресурстар	0,9	27,5	8,0	0,3	0,1
	Болжамды минералды қорлар	–	–	–	–	–
Барлығы: Қазмарганец КБ	Барлық минералды ресурстар	0,9	27,5	8,0	0,3	0,1

ЖАСАЛҒАН ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ ШАРТТАРЫ

Шарттар	Орналасқан жері	Шарттың қолданыла бастаған кезі	Шарттың аяқталған күні	Кеніш(-тер)	Бөлімше
Марганец кенін шығару	Ақтөбе облысының Хромтау ауданы	1997	2041	«Қазақстан Тәуелсіздігінің 10 жылдығы» және «Молодежная» шахталары, «Южный» карьері	Дөң ТКБК
Құрамында хромит бар кендерді барлау²	Қарағанды облысының Нұра ауданы	1999	2021	«Тур» кеніші	Қазмарганец КБ
Құрамында хромит бар кендерді барлау	Ақтөбе облысының Хромтау ауданы	2015	2023	Оңтүстік Кемпірсай кен алабы	Дөң ТКБК
Құрамында хромит бар кендерді барлау	Ақтөбе облысының Әйтеке би және Хромтау аудандары	2019	2025	Білге кенбілінімі	Дөң ТКБК
Марганец кенін барлау	Ақтөбе облысының Мұғалжар, Байғанин және Шалқар аудандары	2019	2024	Дауылды-Көкпекті алаңы	Дөң ТКБК
Марганец кенін барлау	Ақтөбе облысының Шалқар ауданы	2019	2025	Асамбай кенбілінімі	Қазмарганец КБ
Полиметалл кенін барлау	Ақтөбе облысының Әйтеке би және Шалқар аудандары	2019	2025	Үшқұдық кенбілінімі	Қазмарганец КБ
Полиметалл кенін барлау	Ақтөбе облысының Әйтеке би ауданы	2019	2025	Қарақұдық кенбілінімі	Дөң ТКБК

² Қазіргі кезде шарттың мерзімін ұзарту бойынша жұмыстар жүргізілуде

³ 2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша өтелуі ескерілген Ресурстар мен Қорлар туралы мәлімдемелерді Қазхром SRK Consulting (UK) Limited көмегімен әзірледі. Олар SRK сарапшылары мәлімдеген 2020 жылғы 1 қаңтардағы минералды ресурстар мен кен қорлары туралы есептерге негізделген және Барлау, минералды ресурстар мен кен қорлары туралы есептіліктің Австралия-Азия кодексінің стандарттарына сәйкес әзірленді. Есептілік 2020 жылғы 1 қаңтарға қарай Қазхром ұсынған 2020 жылғы өндіріс туралы жылдық ақпаратпен толықтырылды.

⁴ «Дүбірсай» кен орнын қоса алғанда.

⁵ «Западная залежь» кен орнын қоса алғанда.

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ

ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ҚАҒИДАЛАРЫ

Осы қаржылық жағдай мен қызмет нәтижелеріне шолу Қазхромның операциялық қызметімен және қаржылық жағдайымен байланысты үрдістер мен маңызды өзгерістерді түсінуге және бағалауға арналған.

Шолу Қазхромның аудиттелген шоғырландырылған қаржы есептілігі негізінде

әзірленді. Қаржы есептілігі 2019, 2020 және 2021 жылғы 31 желтоқсанмен аяқталған жылдарға арналған шоғырландырылған қаржы есептілігін құру барысында қолданылатын қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына (ҚЕХС) және есептік саясатқа сәйкес әзірленді.

Қазхромның функционалдық валютасы Қазақстан Республикасының ұлттық

валютасы – қазақстандық теңге болып табылады.

«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС компаниясы Қазхромның тәуелсіз аудитторы болып табылады. Тәуелсіз аудитордың аудиттелген шоғырландырылған қаржы есептілігі мен аудиторлық есебі «Қаржы есептілігі» бөлімінде келтірілген.

ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗАЛАЛ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Төменде келтірілген кестеде Қазхромның 2019–2021 жж. шоғырландырылған нәтижелеріне қатысты қаржылық ақпарат көрсетілген.

Мың теңге	2019	2020 (қайта қаралған)	2021
Түсім	698 307 440	664 189 693	1 059 418 450
Өткізімнің өзіндік құны	(392 100 431)	(402 233 936)	(458 741 785)
Жалпы пайда	306 207 009	261 955 757	600 676 665
Өткізім шығындары	(7 283 654)	(6 717 544)	(8 178 147)
Жалпы және әкімшілік шығындар	(64 288 937)	(25 809 903)	(39 950 114)
Зерттеу, бизнесті дамыту және барлау шығындары	–	(3 441 892)	(6 674 905)
Өзге операциялық табыстар (шығындар)	417 679	(4 179 012)	(2 228 065)
Операциялық пайда	235 052 097	221 807 406	543 645 434
Қаржылық табыстар	36 543 354	107 199 569	37 906 793
Қаржылық шығындар	(81 130 821)	(154 465 433)	(64 800 781)
Салық салынғанға дейінгі пайда	190 464 630	174 541 542	516 751 446
Табыс салығы бойынша шығындар	(41 368 043)	(42 385 694)	(82 169 350)
Жылына пайда	149 096 587	132 155 848	434 582 096

2021 жылды Қазхром 434,6 млрд теңге көлемінде таза пайдамен аяқтады, бұл алдыңғы жылғы көрсеткіштен үш еседен астам жоғары. Ферроқорытпаның әлемдік нарықтық бағасының өсуі бұл нәтижеге едәуір оң ықпал етті. Өзіндік құн құрамындағы шығын баптарының артуы, жалпы және әкімшілік шығындардың, зерттеу шығындарының, бизнесті дамыту және барлау шығындарының өсуі қорытынды нәтижені азайтуға ықпал етті.

Демеушілік және қайырымдылық көмек, сондай-ақ басқару, кеңес беру және басқа да кәсіби қызмет тұрғысынан жалпы және әкімшілік шығындар 14,1 млрд теңгеге (54,8%) өсті.

Қаржылық табыстың 69,3 млрд теңгеге (64,6%) азаюы алынған қарыздарды қайта құрылымдаудан түсетін табыстың азаюымен байланысты. Қаржылық шығындардың 89,7 млрд теңгеге

қысқаруы алынған қарыз бойынша бағамдық айырмадан келген шығынның төмендеуімен, 2020 жылы KCR International B.V. топішілік қаржылық кепілдік бойынша міндеттемесінің танылуымен, сондай-ақ инвестициялардың Eurasian Digital Ventures I Limited Partnership-те әділ бағамен қайта бағалануынан болған әсермен байланысты.



Түсім

ФЕРРОҚОРЫТПАЛАРДЫ ӨНДІРУ, САТУ ЖӘНЕ ТҮСІМ КӨЛЕМІ ЖӨНІНДЕГІ ДЕРЕКТЕР

	2019	2020	2021
Ферроқорытпаларды өндіру көлемі, мың тонна			
Жоғары көміртекті FeCr	1 557	1 546	1 432
Тазартылған FeCr	57	56	59
Кремний қорытпалары	197	191	195
Ферроқорытпаларды өндірудің жиынтық көлемі	1 811	1 793	1 686
Ферроқорытпаларды сату көлемі, мың тонна			
Жоғары көміртекті FeCr	1 481	1 480	1 288
Тазартылған FeCr	64	52	57
Кремний қорытпалары	138	134	152
Ферроқорытпаларды өндірудің жиынтық көлемі	1 683	1 666	1 497
Ферроқорытпалардың орташа сату бағасы, АҚШ долл. бір тонна қорытпаға ⁶			
Жоғары көміртекті FeCr	1 014	929	1 589
Тазартылған FeCr	2 245	1 956	3 248
Кремний қорытпалары	972	936	1 629
Түсім, мың теңге			
Жоғары көміртекті FeCr	574 438 951	567 655 267	871 917 412
Кремний қорытпалары	51 550 340	51 806 927	105 450 468
Тазартылған FeCr	54 898 291	42 007 441	78 843 399
Өзге	17 419 858	2 720 058	3 207 171
Жиынтық түсім	698 307 440	664 189 693	1 059 418 450

2020 жылмен салыстырғанда 2021 жылы ферроқорытпа бағасының өсуі салдарынан түсім 395,2 млрд теңгеге (59,5%) артты; АҚШ долларына қатысты теңге бағамының төмендеуі де қосымша ынталандырушы фактор болды.

Өткізімнің өзіндік құны

Мың теңге	2019	2020 (қайта қаралған)	2021
Шикізат, материалдар және жиынтықтаушылар	183 719 761	168 597 943	205 659 314
Электр энергиясы шығындары	66 531 190	72 064 587	76 648 940
Еңбекақы және осыған байланысты шығындар	49 430 162	63 530 909	76 581 326
Негізгі құралдардың тозуы және материалдық емес активтердің амортизациясы	38 102 943	44 547 960	48 206 583
Пайдалы қазбалар өндірісіне салынатын салық	20 408 379	19 223 968	17 373 301
Өзге	33 907 996	34 268 569	34 272 321
Өткізімнің өзіндік құны	392 100 431	402 233 936	458 741 785

Өткізілген өнімнің өзіндік құны 2021 жылы алдыңғы жылға қарағанда 56,5 млрд теңгеге (14%) өсті. Бұл өсімге мынадай факторлар әсер етті:

- сатып алынатын материал, оның ішінде кокс жаңғағы, орташа температуралық, металлургиялық кокс бағасының өсуі шикізат, материалдар және жиынтықтаушыларға жұмсалатын шығындардың 37,1 млрд теңгеге (22%) ұлғаюына әкелді;
- еңбекақының жоғарылауы персонал шығындарын 13,1 млрд теңгеге (20,5%) ұлғайтты;
- тарифтердің өсуі электр энергиясы шығындарының 4,6 млрд теңгеге (6,4%) ұлғаюына ықпал етті;
- жаңа құралдар сатып алу, сондай-ақ инвестициялық жоспарға сәйкес № 64 пешін қолданысқа енгізу негізгі құралдардың тозуы бойынша шығындарды 3,7 млрд теңгеге (8,2%) ұлғайтты.

Жалпы және әкімшілік шығындар

Мың теңге	2019	2020 (қайта қаралған)	2021
Басқару, кеңес беру және басқа да кәсіби қызметтер	27 679 919	13 163 226	19 045 325
Демеушілік және қайырымдылық көмек	18 338 188	2 007 143	9 965 023
Еңбекақы және осыған байланысты шығындар	9 929 114	4 874 777	4 300 733
Негізгі құралдардың тозуы және материалдық емес активтердің амортизациясы	2 152 634	1 203 453	895 053
Өзге	6 189 082	4 561 304	5 743 980
Жалпы және әкімшілік шығындар	64 288 937	25 809 903	39 950 114

2021 жылы жалпы және әкімшілік шығындар негізінен демеушілік және қайырымдылық көмектің 8,0 млрд теңгеге (бес есеге дерлік), басқару және кеңес беру қызметтерінің 5,9 млрд теңгеге (44,7%) едәуір ұлғаюы нәтижесінде 14,1 млрд теңгеге (54,8%) өсті.

⁶ Ферроқорытпалардың орташа сату бағасын есептеу үшін мынадай айырбастау бағамдары қолданылды: 2019 ж. - 1 АҚШ долл. 382,59 теңге, 2020ж. - 412,95 теңге, 2021 ж. - 1 АҚШ долл. 425,91 теңге.

КҮРДЕЛІ ШЫҒЫНДАР

Млн АҚШ долл.	2019	2020	2021
Даму жобалары	117	38	228
Қолдау жобалары	109	153	63
Жиынтық күрделі шығындар	226	191	291

- 2019–2021 жылдары Қазхром даму жобаларына 383 млн АҚШ долл. және қолдау жобаларына 325 млн АҚШ долл. бөлу арқылы бизнеске 708 млн АҚШ долл. инвестициялады.

2019–2021 жж. күрделі шығындардың негізгі баптары:

 - «Қазақстан Тәуелсіздігінің 10 жылдығы» шахтасының өндірістік қуатын кеңейту;
- Ақтөбе зауытының № 4 цехының өнімділігін арттыру және пештерін күрделі жөндеуден өткізу;
 - Ақсу зауытының № 6 цехын жаңалау, тұндыру кешенін жылыту;
 - Ақсу зауытының № 1 цехының балқыту корпусы мен дайын өнім қоймасын кеңейту;
 - Ақсу зауытының пештерін күрделі жөндеуден өткізу;
- «Шлам-2» жобасын іске асыру, «Геологическое-1» және «Дүбірсай» сияқты шағын кен орындарында кенді ашу және өңдеу;
 - Ақтөбе зауытының № 2 ашық кен қоймасын қалпына келтіру және 904 орындық Тұрмыстық корпустың құрылысы (санитарлық-тұрмыстық жайларды бірыңғай стандарттарға келтіру бағдарламасы бойынша).

АҒЫМДАҒЫ БОРЫШКЕРЛІК МІНДЕТТЕМЕЛЕР

- 2021 жылдың маусым айында несие шартына қоса қол қойылған келісімдер аясында ВТБ Банкінде (ЖАҚ) 250 млн АҚШ доллары көлемінде қарыз алынды.

2021 жылдың қазан айында ВТБ Банкі (ЖАҚ) транштердің бірі бойынша 14 млн АҚШ доллары көлемінде өз құқықтары
- мен міндеттемелерін ВТБ Банкі АҚ ЕҰ (Қазақстан) пайдасына берді.

2022 жылдың қаңтарында RCB Bank Ltd және 2022 жылдың ақпанында CQUR Bank LLC транштар бойынша тиісінше 1,700 млн АҚШ доллары және 100 млн АҚШ доллары көлемінде өз құқықтары
- мен міндеттемелерін ВТБ (ЖАҚ) пайдасына берді.

2022 жылдың наурызында Компания ВТБ Банкімен (ЖАҚ) барлық транштар бойынша негізгі қарыз бен пайыз төлемдерін екі жылға дейінгі мерзімге кейінге қалдыру туралы келісімге қол жеткізді.



ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ



ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Тәуекелдерді басқару жүйесі ERG мен оның еншілес компанияларына, оның ішінде Қазхромға тұрақты бизнеске төніп тұрған қауіп-қатерді анықтап ұғынуға септігін тигізеді. Бұл персоналға, жергілікті қоғамдастықтар мен қоршаған ортаға, сондай-ақ Топтың оперативтік және стратегиялық мақсаттарға жету қабілетіне әлеуетті түрде ықпал етуі мүмкін орнықты дамудың неғұрлым маңызды мәселелерін қамтиды.

Қазіргі кезде әлемдегі саяси және экономикалық жағдай өте тұрақсыз. Украинадағы шиеленіске байланысты ресей компанияларына қатысты енгізілген санкциялық шектеулер көптеген елдер үшін, әсіресе Ресеймен және Украинамен тарихи экономикалық байланыстары бар елдер үшін күрделі салдар әкелері анық.

ERG басшылығы туындаған тәуекелдерге жедел жауап беріп отырады. Жауап беру тиімділігін арттыру үшін Жаһандық дағдарысқа қарсы комитет (ЖДК) құрылды. ЖДК тұрақты кездесулер өткізіп тұрады, олардың мақсаты Украинамен байланысты шиеленістің ERG қызметіне ықпалын бағалау және Топ үшін жағымсыз салдарды төмендету бойынша бірінші кезектегі шараларды әзірлеу болып табылады. ЖДК-тің негізгі міндеті ресейлік компанияларға қатысты енгізілген, сондай-ақ әлеуетті түрде енгізілуі мүмкін санкцияларды және олардың Топқа ықпалын тұрақты талдау, өнімді дер кезінде жеткізуді қоса алғанда, қажетті жеткізілім мен шикізатқа қатысты

өндірістік процестердің үздіксіздігін қамтамасыз ету бойынша шаралар әзірлеу болып табылады.

2022 жылдың қаңтарында Қазақстанда елеулі әлеуметтік толқулармен байланысты төтенше оқиғалар орын алды. Бұл оқиғаларға жауап қайтару шеңберінде дағдарыстың ең күрделі кезеңінде Топ қызметкерлерінің қауіпсіздігін, өндірістік процестердің үздіксіздігін және контрагенттер алдындағы міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында, ЖДК тұрақты жиналып отырды. Қаңтар дағдарысы аяқталғаннан кейін, Топ осы оқиғалардың ықпалына талдау жасап, келешекте тәуекелдерді азайту бойынша шаралар әзірледі.

ҚАЗХРОМДА ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Қазхромның тәуекелдерді басқару жүйесі стратегиялық және операциялық мақсаттарға жетуде жеткілікті сенімділікті қамтамасыз етеді. Тәуекелдерді басқару процесі негізгі бағыттар (стратегиялық менеджмент, бюджеттеу, инвестициялық қызмет, ESG⁷) мен Компания қызметінің барлық деңгейлерін қамтиды.

Қазхромның барлық қызметкерлері тәуекелдерді басқару қызметіне қатыстырылып, туындайтын тәуекелдердің тиімді төмендеуіне жауапты. Тәуекелдерді басқару жүйесі Компания деңгейінде (Басқарма, Директорлар кеңесі) нақты белгіленген қадағалау функцияларын қамтиды, олар тәуекелдер, ішкі бақылау және қауіпсіздік қызметтерін, комплаенс-функция мен ішкі аудитті қоса

алғанда екінші және үшінші қорғаныс желісінің функцияларымен ілеседі.

Қазақстандағы ERG еншілес компанияларының тәуекелдері бойынша барлық бөлімшелер жалпы қызмет көрсету орталығы (ЖҚО) аясында орталықтандырылған. Бұл мамандандырылған ЖҚО ERG компанияларына тәуекелдерді талдау, есептілікті дайындау, бақылау және сақтандыру бойынша қызмет көрсетеді. Мұндай орталықтандыру тәуекелдерді басқару, бақылау және сақтандыру сапасын арттырып, тиісті шығындарды оңтайландыруға мүмкіндік берді. Барлық тәуекелдерді, оның ішінде Қазхром тәуекелдерін ERG Тәуекелдер және комплаенс жөніндегі комитет қарайды.

Қазхром сондай-ақ Тәуекелдерді басқару ақпараттық жүйесін (RMIS) енгізу және оны одан әрі жетілдіру бағытында ілгеріледі. Енгізілген RMIS тәуекел сипаттамаларын, олардың деңгейін төмендету тәсілдерін және тәуекелге бейімділік туралы ақпаратты біріктіруге сеп. Мұндай жүйе менеджерлер мен тәуекел иелеріне тәуекелдерді басқару бойынша әрекеттерді қадағалап бақылауға мүмкіндік бере отырып, Компанияға басқарушылық есептілікті қадағалау және жүргізуге жағдай жасайды, бұл тәуекелдерді басқарудың жалпы тиімділігін арттырады.

Қазхромның негізгі тәуекелдері төменде сипатталған. Сонымен қатар қазіргі кезде маңызды болып есептелмейтін және қызмет пен қаржылық нәтижелерге әлеуетті түрде елеулі ықпал ете алатын, Компанияға белгісіз қосымша тәуекелдер туындауы да мүмкін.

НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ БАСҚАРУ

Негізгі тәуекел салалары	Салдардың алдын алу бойынша жекелеген іс-қимылдар
Экологиямен байланысты тәуекелдер Компанияның қызметі мен процестерінің сипаты тиісті бақылау құралдары болмаған жағдайда қоршаған ортаға залал келтірілуі мүмкін болатындай болады.	- Сертификаттаудан өткен және/немесе ISO 14001 стандартына сәйкес басқару жүйесі - ERG Экологиялық стратегиясын енгізу, оның ішінде Компанияның негізгі бөлімшелерінде озық әуехнологиялары мен фильтрация технологияларын кезең-кезеңмен енгізу - Топ деңгейінде қалдықтарды сақтау бойынша ірі объектілерде тәуекелдерді мониторингтеу процесі - Қысқа мерзімді келешекте – жел энергиясын игеру жобаларын іске асыру, ұзақ мерзімді келешекте – жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бағытында ірі ауқымды жобаларды әзірлеу - Энерготиімділікті арттыру шараларын енгізу, сондай-ақ ISO 50001 стандарты бойынша сертификаттаудан өткен энергетикалық менеджмент жүйесінің болуы - Ықпалды жақсырақ ұғыну және басқару, сондай-ақ болашақ көміртекті стратегияны ақпараттандыру үшін көміртекті өтпе тәуекелдерін талдау - Орындалуы коммерциялық тұрғыдан оңтайлы болатын шығарындыларды қысқарту мақсатында, ұзақ мерзімді инвестициялық шешімдерді қабылдау барысында парникті газдар шығарындыларының салдарын есепке алу - Жергілікті қоғамдастықтарға әлеуметтік инвестициялар құю, соның ішінде өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына септігін тигізуге бағытталған жергілікті билік органдарымен өзара ынтымақтастық туралы меморандумдар арқылы - Қызметкерлерге тұрғын-үй бағдарламаларын іске асыру, сондай-ақ жергілікті қалалық ортаны абаттандыру - Қоғамдық пікірді мониторингтеу және жергілікті қоғамдастық мүшелерінің шағымдарын қарау механизмдерін қолдау
Әлеуметтік тәуекелдер Компанияның қызметі өндірістік объектілердің жанында тұрып жатқан жергілікті қоғамдастықтарға жағымсыз әсер етуі мүмкін. Осының салдарынан қызметпен айналысуға әлеуметтік лицензиядан айрылу қаупі туындайды. Осыған ұқсас, қызметкерлерге кеңейтілген әлеуметтік артықшылықтарды қамтамасыз ету қабілетінен де айрылу қаупі бар, бұл кадрлар мен кәсіби дағдылардан айрылуға әкеліп, жаңа қызметкерлерді жалдауды қиындата түседі.	- Сертификаттаудан өткен және/немесе ISO 45001 стандартына сәйкес өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесін қолдану - Өндірістік қауіпсіздік саласындағы негізгі тәуекелдерге қатысты мүлдем төзбеу қағидатын іске асыру - Өндіріс қауіпсіздігі жүйесін аудиттеу - Менеджерлер KPI-не қауіпсіздік мақсаттарын ендіру - Қауіптілікті сәйкестендіру әдіснамасын қолдана отырып тәуекелдерді бағалау (NAZID⁸) - Жұмыс үздіксіздігі сақталған жағдайда, жұмыс ұжымында COVID-19 қаупін жоюға арналған арнайы бағдарлама (оның ішінде жеке қорғаныс құралдары, әлеуметтік ара-қашықтық, жұмыс режимін өзгерту, скрининг, тестілеу және басқа да тиісті тәсілдер)
Комплаенс саласындағы тәуекелдер Компанияға комплаенс бойынша бірқатар ішкі және сыртқы міндеттемелер, оның ішінде санкцияларға, құпиялылыққа, деректерді қорғауға, бәсекелестікті, адам құқығын қорғауға, қылмыстық табыстарды жылыстатпауға немесе терроризмді қаржыландырмауға, парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа демеушілік көрсетпеуге қатысты міндеттемелер таралады. Бұл тұрғыдан талапты кез келген орындамау қаржылық және қаржылық емес санкцияларға әкелуі және Компанияның абырой-беделіне нұқсан келтіруі мүмкін.	- Топ деңгейінде талаптарды орындау бағдарламасы, оның ішінде саясаттар мен нұсқаулықтарды оқыту/орындалуын мониторингтеу (Корпоративтік мінез-құлық кодексі, Жеткізушілердің мінез-құлық кодексі және т.б.) - Контрагенттер мен жеткізілім тізбектерін кешенді тексерудің жаңартылған процестері, оның ішінде адам құқығына екпін түсіру отырып / Кешенді тексеру жөніндегі ЭЫДҰ нұсқаулығы⁹ - Санкцияларды орындау бағдарламасы - Деректерді қорғау бағдарламасы - Бұзушылықтар туралы ақпараттандыру жүйесіне қызмет көрсету



⁷ Environment, social, governance – қоршаған орта, әлеуметтік сала, басқару.

⁸ NAZID (ағылш. hazard identification) – қауіптіліктерді сәйкестендіру
⁹ ЭЫДҰ (Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы) нұсқаулығы шиеленіске қатысты өңірлер мен жоғары тәуекелді өңірлерден пайдалы қазба жеткізілімдерінің жауапты тізбектері үшін тиісті қырағылық

Негізгі тәуекел салалары	Салдардың алдын алу бойынша жекелеген іс-қимылдар
Реттеу және құқықтық тәуекелдер Компанияның қызметі жүргізілетін нормативтік талаптарға ықпал етіп, ол үшін тәуекелдер тудыра алатын бірқатар факторлар бар.	- Заңнамалық және реттеу базасындағы әлеуетті өзгерістерді мониторингтеу - Компания мүдделерін кәсіби ұйымдар/қауымдастықтар арқылы таныту - Алынған лицензиялармен және рұқсаттармен көзделген міндеттемелердің орындалуын бақылау
Саяси тәуекелдер Компания саяси үрдістердің үнемі ауысып тұруы және күтпеген тәуекелдерді іске асыру мүмкіндігі тән күрделі сыртқы ортада жұмыс істейді	Компания кәсіпорындары орналасқан өңірлердегі саяси және макроэкономикалық үрдістерді мониторингтеу және талдау
Баға тәуекелдері Ферроқорытпа бағаларының айтарлықтай төмендеуі немесе құбылмалығы Компанияның қызметіне, оның ішінде қаржылық көрсеткіштері мен өтімділігіне едәуір ықпал етуі мүмкін.	- Қысқа мерзімді және орта мерзімді перспективада негізгі нарық көрсеткіштері- не тұрақты шолу және болжам жасау (тұтыну, ұсыныс, қолжетімділік және т.б.) - Тауар бағасын бенчмаркалармен байланыстыратын ұзақ мерзімді сатып алу-сату шарттарын қолдау - Бағаны талдау және тауар бағасын хеджерлеу - Өткізудің балама каналдарын дамыту
Өндірістік және операциялық тәуекелдер Операциялық ортаның жоғары күрделігі өндірістегі кідірістерге, мүліктің зақымдануына, жоспарланбаған бос тұруларға, геологиялық формациялардағы белгісіздікке және минералдануға әкелуі мүмкін.	- Тәуекелдердің бағалауын ескере отырып сенімділік пен техникалық күтімді жоспарлау - Тұрақты электр жабдықтау жүйелерін/ сенімді жеткізушілермен ұзақ мерзімді келісімшарттарды қолдау - Шикізатты бақылау, оның ішінде шикізатты бақылау жүйелерін енгізу - Қызмет үздіксіздігін басқару процестерін енгізу - Тексеру бұрғылауы және кен денесін үлгілеу - Мүлікке залал келтіру және өндірісті тоқтату тәуекелдерінен сақтандыру
Жеткізілім тізбектерімен және логистикамен байланысты тәуекелдер Жеткізілім тізбектерінің ауқымына байланысты Компанияға жеткізушілердің келісімшарттық міндеттемелерін орындамауы, оның ішінде жеткізілімдердің үзілуі, сатып алынатын тауар бағасының өзгеруі және тауарды тасымалдайтын көлік қуатының жетіспеуі тұрғысынан қауіп төнуі мүмкін.	- Маңызды шикізат, ТМҚ және жабдық (жеке қорғаныс құралдарын қоса алғанда) қосымша қорларын қалыптастыру және қолдау - Маңызды реагенттер мен материал қорларын тұрақты тексеру - Тауар мен қызмет жеткізілімдерінің сапасын, ерекшеліктерін және жиынтықтылығын бақылау - Ұзақ мерзімді келісімшарттар жасау және негізгі тауар/қызмет түрлерінің санаттары бойынша стратегия (формула бойынша баға құруды қоса алғанда) - Жеке теміржол вагондары паркін ұстау
Күрделі жобалардың орындалмау тәуекелдері Ірі күрделі жобалардың жоспарланған мерзім, бюджет және сапа критерийлеріне сәйкес орындалмауы ұзақ мерзімді перспективада Компанияның табыстылығы мен беделіне жағымсыз әсер етуі мүмкін (оның болашақта сырттан қаржыландыру тарту қабілетін қоса алғанда).	- Жобаларды жүйелі, ашық, кезең-кезеңмен іске асыру процесін қолдану - Жобаларға сараптама және тәуелсіз талдау жүргізу, тау-кен жұмыстарын жоспарлау процестерін жетілдіру - Жоба кестесі мен құнын орындамау тәуекеліне жүргізілген сандық талдау нәтижелері бойынша күтпеген жағдайларға жауап беру жоспарларын әзірлеу - Құрылыс тәуекелдерін және маңызды күрделі жобаларды қолданысқа енгізумен байланысты тәуекелдерді сақтандыру - Іске асыру мерзімдерінің, жоба бюджетінің, өндірістің жобалық қуатқа шығарылуын және т.б. орындалуын бақылау
Қаржылық нарықтар Компанияның қажетті операциялық және инвестициялық қызметті жүзеге асыру қабілетімен байланысты тәуекелдер, сондай-ақ оның кредиттік тәуекелдер, өтімділік тәуекелдері, валюталық тәуекелдер және пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелдері себебінен бұзылу ықтималдығы. Сонымен қатар ақша қаражаттарының қозғалысы мен табыстылықтың кез келген нашарлауы Компанияның қалыптасқан қаржылық міндеттемелерін орындау, оның ішінде қарызын өтеу қабілетіне жағымсыз әсер етуі және коммерциялық тұрғыдан тиімді сыртқы қаржыландыруға қолжетімділіктің болмауы мүмкін.	- Кредиторлармен сенімді қарым-қатынас орнату, Компания үшін қолжетімді кредиттік желілерді кеңейту, қарыз портфелін, қаржыландыру мүмкіндіктері мен шарттарын жақсарту - Ақша ағындары жоспарын тұрақты өзектендіру және өтімділік деңгейін бақылау - Ковенанттарды орындау - Ашық валюталық позицияны тұрақты мониторингтеу - Салық заңнамасы талаптарының орындалуын тұрақты мониторингтеу - Кредиттік бақылауды енгізу, соның ішінде кредиттік лимиттер белгілеу және оларға сәйкестікті бақылау

Негізгі тәуекел салалары	Салдардың алдын алу бойынша жекелеген іс-қимылдар
Персоналды басқарумен байланысты тәуекелдер Шалғай өңірлерде жұмыс істей келе, Компания өз қызметі үшін қажетті дағдылары мен тәжірибесі бар персоналды тарту қабілетімен байланысты тәуекелдерге, сондай-ақ білікті қызметкерлердің кетуіне кезігеді.	- Бәсекеге қабілетті сыйақы пакетін қолдау - Кадрлық резерв құру үшін персоналды оқыту және дамыту - Қызметкерлерді ынталандыру және ұстап қалудың тиімді жүйесін енгізу - Персоналға әлеуметтік қолдау көрсету бағдарламаларын іске асыру
Ақпараттық технологиялармен (IT) және ақпараттық қауіпсіздікпен байланысты тәуекелдер Компания өзінің цифрландыру және ақпараттық технологиялар саласындағы қызметі тұрғысынан бұл оған IT-инфрақұрылымға қолжетімділіктен айрылумен; бизнес-процестердегі, оның ішінде өнеркәсіптік бақылау жүйелеріндегі бұзылыстармен; ішкі және/немесе сыртқы алаяқтықпен; деректердің жылыстауымен және деректердің құпиялығының бұзылуымен; ақпараттық қауіпсіздікке қойылатын талаптардың орындалмауымен байланысты және басқа да байланысқан тәуекелдерді төндіретінін ұғынады.	- Осалдықтарды басқару (және түзетулерді орнату), желі периметрін тұрақты сыртқы және ішкі сканерлеу, енуді тестілеу және Red Team¹⁰ тестілеу - Осалдықты азайту үшін инфрақұрылымды, қызметтерді және операциялық жүйелерді нығайту - Компания деректерін жіктеу және Компанияның барлық деректеріне маңыздылығына қарай бақылауды теңдеу - Пайдаланушыларды оқыту - Қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі операциялар орталығы тарапынан анықтау және жауап қайтару мүмкіндіктерін және күрделі аспаптарды (мәселен, EDR (Endpoint Detection and Response), веб-филтрация, деректердің жылыстауына жол бермеу) қолдана отырып, ақпараттық қауіпсіздік бойынша пәрмендерді үнемі жетілдіру - Барлық пайдаланушылар үшін қауіпсіздік және имитациялық фишингтік кампаниялар мәселелері бойынша оқу ұйымдастыру есебінен Компанияның электрондық поштасының қауіпсіздігін арттыру - Сәйкестендіруді және қолжетімділікті басқару жүйесін енгізу - Ақпараттық және операциялық технологиялар ортасында желілік қауіпсіздікті басқару (мәселен, құрылымдастырылған маңызды деректерді шифрландыру, желіні сегменттеу) құралдарын енгізу - Барлық маңызды жүйелер үшін резервтік көшірмелеуді және апаттық қалпына келтіруді тексеру.

¹⁰ Red Team тестілеу – бұл жүйелердің киберқауіпсіздігін бағалау мақсатында шынайы шабуылдарды кешенді имитациялау.

ОРНЫҚТЫ ДАМУ БОЙЫНША ШОЛУ

#KAZXPOM

ОРНЫҚТЫЛЫҚ ІС-ҚИМЫЛДА

Компанияның орнықты даму саласындағы марапаттары



«Жауапты хром өндіруші»
Халықаралық хром өндірушілер қауымдастығы (ICDA)



«Алтын Сапа» «Үздік өндірістік кәсіпорын» номинациясында



«Парыз» «Үздік ұжымдық шарт» номинациясында



«Металлургиялық салада жұмыс істейтін әйелдерге қолайлы жағдай қалыптастыратын үздік кәсіпорын» Облыс әкімінің мақтау қағазы



«Алтын Гефест» «Энергия үнемдеу саласындағы үздік шешім» номинациясында



«Үздік ұжымдық шарт» Облыстық кәсіподақтар орталығының дипломы

БАСҚАРУ ТӘСІЛІ

Қазхром ERG-дің бір бөлігі болып табылады және өз қызметінде Топта қабылданған орнықты даму қағидалары мен тәсілдерін ұстанады. Бұл қоршаған ортаға әсер, әлеуметтік даму және корпоративтік басқару саласындағы жауапты басқаруды, сондай-ақ бизнестің ұзақ мерзімді перспективада құндылық құру қабілетін қолдау, стейкхолдерлер үшін артықшылықтарды қамтамасыз ету және жаңа энергия көздеріне жаһандық көшуге септігін тигізу мақсатында шараларды іске асыруды қамтиды. Бұл тәсіл ERG-дің біріктірілген корпоративтік Стратегиясында бекітілген.

2021 жылы ERG-де Экология, әлеуметтік даму және корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі комитет (ESG) құрылды. Комитет Топтың стратегиясына және шешім қабылдау процестеріне тұрақты даму қағидаларының енгізілуіне жауапты. Комитет құрамына Топ басшылығы және түрлі бағыттағы басшылар кірген. 2021 жылы Комитет 2030 жылға дейін жаңартылатын энергия көздерінің үлесін арттыру және парниктік газдар шығарындыларын азайту мақсатын қоса алғанда ұзақ мерзімді ESG-мақсаттар мен іс-шаралар жоспарын ішкі әзірлеу процесін іске қосты.

Қазақстанда ERG орнықты даму саласындағы бірқатар стратегиялық бастаманы іске асырады. Олардың қатарында:

- озық халықаралық тәжірибені ескеретін және жаңа Экологиялық кодекс талаптарының орындалуын қамтамасыз ететін Экологиялық стратегияны іске асыру;
- электр энергиясын өндіру барысында көмірқышқыл газы шығарындыларын азайту бастамаларын іске асыру. Бұл саладағы жұмыстың басым бағыттарында Дөң ТКБК ауданында жел энергетика жобасын (Хромтау-1 ЖЭС¹¹) қолданысқа енгізу, сондай-ақ бүгінде жобалау кезеңіндегі қуаты 150 МВт екінші электр станциясының (Хромтау-2) құрылысын жүргізу арқылы осы алаңда жел тудырушы қуатты кеңейтуді қарастыру қамтылады. Жел энергетика қуатын енгізу бүгінде көмір электр станцияларында өндірілетін электр энергиясының бір бөлігін ауыстыруға мүмкіндік береді. Бұған қоса Топ Қазақстанда басқа да алаңдарды қарастыруда, онда келешекте жел және күн энергиясын бөліп шығару саласындағы қосымша ауқымды жобалар іске асырылуы мүмкін;
- өңірлік атқарушы билік органдарымен ынтымақтастықта өңірлерді үш жылдық дамыту бағдарламаларын іске асыру.

Бұған қоса ERG – БҰҰ-ның Жаһандық шартына қатысушы және БҰҰ Орнықты даму мақсаттарын (ОДМ) қолдайды.

Орнықты даму саласындағы ERG қызметі туралы толымды ақпарат ERG-дің www.eurasianresources.lu веб-сайтында қолжетімді Орнықты даму туралы есебінде көрсетілген.

ERG-дің басқа кәсіпорындары сияқты, Қазхром үшін орнықты даму мынаны білдіреді:

- қоршаған ортаға әсер тұрғысынан жауапты басқару, әлеуметтік даму және корпоративтік басқару;
- жалпы бизнестің болашақ өзгерістерге дайындығын және ұзақ мерзімді перспективада құндылық құру қабілетін қамтамасыз ету арқылы оның орнықтылығына қол жеткізу;
- мүдделі тұлғалар: акционерлер, клиенттер, іскер серіктестер, жер қойнауының меншік иесі – халық, қызметкерлер және жергілікті қоғамдастықтар үшін ұзақ мерзімді басымдықтарды қамтамасыз ететін тұрақты өсу.

Қазхромның орнықты дамудың жекелеген бағыттары бойынша толымды ақпарат төмендегі тақырыптық бөлімдерде көрсетілген.



Персоналды басқару

Қызметкерлер – бұл Қазхромның ең құнды активі және біздің стратегиялық мақсаттарға жетудегі тең құқылы серіктестеріміз. Компанияның басымдығы – барлық қызметкерлеріміздің аман-есендігі, қолайлы еңбек шарттарын құру және олардың өсуі мен дамуы үшін оңтайлы жағдай қалыптастыру.

БАСҚАРУ ТӘСІЛІ

Біздің Қазхромдағы еңбек қатынастарына қатысты тәсіліміздің негізгі компоненті еңбекақы, әлеуметтік жеңілдіктер және өндірістік қауіпсіздік сияқты түрлі мәселелер бойынша қызметкерлер бірлестіктерімен өзара конструктивті әрекеттесу болып табылады. Біз барлық қызметкерлеріміздің кәсіподақтарға мүше болып, ұжымдық шарттар жасасуға еркін қатысу құқығына құрметпен қараймыз. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша біздің барлық қызметкерлеріміз ұжымдық шарттың қатысушылары болып табылады.

Біз жұмысқа орналасуда тең мүмкіндіктер қағидатын берік ұстанамыз және еш дискриминациясыз әділ еңбек жағдайын қалыптастырамыз. Бұл Компанияның жұмысқа қабылдау процесімен байланысты шығындарды өтеуі, қызметкерлерге қауіпсіз және саламатты еңбек жағдайын қамтамасыз етуі, олардың Компанияға қосқан үлесін әділ бағалауы, олардың

кәсіби дағдыларын дамытуда септігін тигізуі, олардың жұмысының сапасы мен тиімділігін ашық және конструктивті талқылауы, кәсіби өсудің тең мүмкіндіктерін қамтамасыз етуі болып табылады. Біз өз қызметкерлерімізге олардың тегіне, әлеуметтік, қызметтік, мүлкілік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге қатынасына, нанымдарына, тұрғылықты орнына, жасына, мүгедектігіне немесе сексуалды бағдарына, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына қарамастан, соқыр нанымсыз, тең бағалы, әділ қараймыз. Қазхром әр қызметкерінің тәжірибесі мен пікірін бағалайды және ешбір дискриминацияға жол бермейді.

Біз өз ұйымымыздың барлық деңгейлерінде инновациялық жұмыс әдістерін енгізуге баса назар аударамыз. Өзіміздің Құндылықтарымыз бен стратегиялық басымдықтарымызға сәйкес біз қызметкерлеріміздің стратегиялық дағдылары мен құзыреттерін дамытуға, сондай-ақ кадрлық резервті қалыптастыруға және

көшбасшылық әлеуетті дамытуға ерекше мән береміз. Біз таланттарды басқаруға қатысты кешенді және келешекке бағдарланған тәсілді ұстанамыз, бұл бизнесіміздің қажетті дағдылары мен тәжірибесі бар мамандарға қатысты ағымдағы және болашақ қажеттіліктерін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Тау-кен өндіру саласындағы жас мамандардың тапшылығы, бизнесімізді трансформациялаудағы үздіксіз жұмыс және технологиялық өзгерістердің салалық мамандықтар бейініне ықпал етуі жағдайында мұның мәні күннен-күнге артуда.

Біздің еңбек қатынастарына көзқарасымыз қызметкерлеріміз бен жергілікті қоғамдастықтардың өзара тығыз байланысы мен өзара әрекеттесуіне байланысты. Біз өз кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердегі қызметкерлеріміз бен олардың отбасыларының әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыруға ерекше көңіл бөлеміз.



¹¹ Жел электр станциясы

ҚАЗХРОМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ БЕЙІНІ

Қазхром персоналының 2021 жылдың аяғындағы тізімдік саны

19 388 адам

Қазхром қызметкерлерінің орташа жасы

40 жас

2021 жылы

192

жаңа жұмыс орны құрылды

Есептік жылы жұмысқа қабылданған қызметкерлердің үлесі

14,5%

2021 жылы кадрлардың орташа тұрақтамауы

7,7%

Қазхром қызметкерлерінің орташа еңбек өтілі

10 жыл

Қазхром қызметкерлерінің

23,8% әйелдер

Басшы қызметіндегі әйелдер пайызы (Директорлар кеңесін қоспағанда)

4%

Мүмкіндігі шектеулі қызметкерлер

0,5%

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ПЕРСОНАЛ ҚҰРЫЛЫМЫ

Санат	Басшылар		Мамандар, қызметкерлер		Жұмысшылар	
	Еркектер	Әйелдер	Еркектер	Әйелдер	Еркектер	Әйелдер
30 жасқа дейін	243	18	338	222	3 719	740
30-дан 50 жасқа дейін	796	114	633	597	5 795	1 968
51-ден 60 жасқа дейін	215	44	147	145	2 343	755
61 жастан жоғары	56	2	47	6	440	5
Барлығы	1 310	178	1 165	970	12 297	3 468

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЭТНИКАЛЫҚ ҚҰРАМЫ

Этникалық топтар	Басшылар, мамандар, қызметкерлер		Жұмысшылар	
	Еркектер	Әйелдер	Еркектер	Әйелдер
Қазақтар	8,8	3,0	49,3	9,4
Орыстар	2,6	2,0	9,0	5,6
Украиндар	0,7	0,5	2,3	1,3
Басқалары	0,7	0,4	2,8	1,6

Персоналдың саны мен құрылымы

Компания қызметкерлерінің 2021 жылдың аяғындағы тізімдік саны – 19 388 адам. Оның 76,2%-ы еркектер және 23,8%-ы әйелдер. Қызметкерлердің негізгі үлесі 31-ден 50 жасқа дейінгі жас тобына жатады – 51,1%. 30 жасқа дейінгі жастардың үлесі 27,2%-ды құрайды, 50-ден 61 жасқа дейінгі қызметкерлер саны – жалпы персонал санының 21,7%. 2,9% – 61 жастан жоғары қызметкерлер.

Компания қызметкерлерінің этникалық құрамы қазақ, орыс, украин, неміс, татар, өзбек және басқа ұлттардан тұрады. Бұл ретте қазақтар 70,5%, қалған ұлттар жалпы персонал санынан 29,5%.

2021 жылы құрылған жұмыс орындарының саны – 192. Немесе қызметкерлердің тізімдік санынан 1,0%. 2021 жылы кадрлар тұрақтамауының орташа коэффициенті 7,7%, оның ішінде басшылар, мамандар, қызметкерлер 7,4%, жұмысшылар - 7,7%.



НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН БАСТАМАЛАР

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ СЫАҚЫ ТАҒАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ҰНТАЛАНДЫРУ

Қазхром қызметкерлеріне сыйақы тағайындау деңгейі еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болып табылады. Компания еңбекақы бойынша нормативтік актілерді әзірлеген кезде кәсіподақ ұйымдарының пікірін де ескереді.

Қолданыстағы корпоративтік еңбекақы жүйесі мыналарды қамтамасыз етеді:

- Қазақстанның ірі компанияларының деңгейіне сәйкес лайық сыйақы деңгейі;

- Тұрақты және ауыспалы (сыйақылық) бөліктерден тұратын екі компонентті еңбекақы жүйесі;

- Қазақстандағы инфляция деңгейі негізінде өндірістік бөлімшелердегі персоналдың еңбек ақысын индексациялау.

Тұрақты бөлім мөлшерін анықтаған кезде Компания Қазақстандағы және Ресейдегі еңбекақы бенчмарктеріне бағдарланады. Соңғы үш жылда Қазхром қызметкерлерінің орташа еңбек ақысы 30%-ға өсті. Ауыспалы бөлім қызметкердің нақты кезеңдегі нәтижелігіне байланысты. Өндірістік персонал сыйақысының ауыспалы бөлігі Компанияның өндірістік көрсеткіштеріне байланысты.

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ӘЙЕЛДЕРДІҢ ОРТАША ЕҢБЕК АҚЫСЫНЫҢ ЕРЛЕРГЕ ҚАТЫНАСЫ, %

Санат	Ақтөбе облысы	Павлодар облысы	Қарағанды облысы
Басшылар, мамандар, қызметкерлер	54,0	67,8	73,7
Жұмысшылар	62,3	77,0	67,3

Ескертпе: біліктілігі бірдей қызметкерлерде ұқсас қызметтердегі еңбекақы деңгейі бірдей. Айырма тиісті санаттағы еркектер/әйелдер үлесімен байланысты және гендерлік белгіге байланысты емес.

ПЕРСОНАЛДЫҢ ҚҰЗЫРЕТТЕРІН ДАМУЫ

Құзыреттерді дамыту жүйесі құзыреттерді бағалау, Компания персоналының оқу және даму жоспары, топшілік корпоративтік оқыту іс-шаралары, негізгі орындарға кадрлық резерв дайындау және дамытудан құралады.

Персоналды оқыту бағдарламасының бағыттары төмендегілерді қамтиды:

- Қазақстан Республикасы заңнамасымен көзделген оқу;
- Компанияның корпоративтік стандарттарына негізделген оқу: комплаенс, ақпараттық қауіпсіздік, корпоративтік қауіпсіздік стандарттары;
- кәсіби құзыреттерді дамытуға бағытталған оқу;
- Компанияның бизнес-процестеріне бірыңғай тәсілдерді енгізуге және қолдауға, Компанияның кадрлық резервин дайындауға және дамытуға бағытталған корпоративтік оқу бағдарламалар.

Қазхромның құрылымдық бөлімшелерінде жұмысшыларды мамандығы бойынша даярлау, қайта даярлау, біліктілігін арттыру, екінші мамандыққа оқыту, сондай-ақ басшылар мен мамандарды оқыту жүргізіледі. Қызметкерлердің құзыреттерін дамытуға қажеттілік стратегиялық даму жоспарын, Қазхромның бизнес-процестерінің өзгерістерін талдау, сондай-ақ персоналымыздың құзыреттерін бағалау негізінде қалыптасады. Қажеттіліктер негізінде персоналды оқу түрлеріне бөліп кәсіби оқытудың жылдық жоспары құрылады. Персоналды теориялық және өндірістік оқытуды бөгде

ұйымдар да, бұл үшін жеткілікті біліктілігі бар Қазхром қызметкерлері де өткізе алады.

Барлық жаңа қызметкерлер кіріспе нұсқамадан өтеді, ол мыналарды қамтиды:

- Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының мәселелері, жұмыскер мен жұмыс берушінің еңбекті қорғау және өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы құқықтары мен міндеттері;
- өнеркәсіп және өрт қауіпсіздігінің талаптары, өндірістік санитария және еңбекті қорғау және өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы басқа мәселелер;
- Компанияда бар тәуекелдер мен қауіптер, оның ішінде IT, және тиісті бақылау шаралары, сондай-ақ алғашқы көмек көрсету ережелері;
- оқиғаларды тергеу тәртібі және одан алынған сабақты талдау.

Филиалдарға жұмысшы мамандықтарға оқушы ретінде қабылданатын барлық жаңа жұмысшылар құрылымдық бөлімшелерде бекітілген бағдарламалар бойынша біліктілік сипаттамаларының талаптары көлемінде кәсіби-техникалық оқудан өтеді. Жаңа жұмысшыларды оқыту мерзімі сол мамандық бойынша жұмыстың біліктілік күрделігіне байланысты белгіленеді.

Қазхромның барлық филиалдарында заманауи талаптарға сәйкес жабдықталған, сабақ өткізуге арналған оқу және компьютерлік сыныптар бар.

Компания қызметкерлердің құзыреттерін жыл сайынғы бағалау бағдарламалары аясында, сондай-ақ «Кәсіби мамандар

Әкімшілік-басқарушы персонал нәтижелілікті жыл сайынғы бағалау нәтижелері бойынша сыйақыланады.

2021 жылы нәтижеліліктің ресми бағалауынан әкімшілік-басқарушы блоктың 100% қызметкері өтті, бұл Қазхром қызметкерлерінің 18,2%, оның ішінде:

санаттар бойынша	
басшылар	41 %
мамандар	59%
жынысы бойынша	
әйелдер	30%
еркектер	70%

лигасы» және көшбасшылық дағдыларды дамыту бойынша басқа бағдарламалар сияқты ірі ауқымды іс-шаралар барысында таланттар пулына қосу үшін үнемі үміткерлерді іздейді. 2021 жылы Кәсіби мамандар лигасына бригадирлер, цех бастықтары, учаске бастықтары (437 адам) қатысты. Персоналдың түрлі топтары үшін даму бағдарламалары әзірленді: жас перспективті қызметкерлер ERG New Leaders бағдарламасы бойынша оқытылып (44 қызметкер оқуылды), перспективті кадрлық резервке алынды, ал цех бастықтары қызметінің резервінде тұрған тәжірибелі басшылар ERG Line Leaders бағдарламасы бойынша желілік басшыларға дайындықтан өтті (27 оқытылды).

Қызметтік аттестациядан және кәсіби өсу мүмкіндіктерін бағалаудан үнемі өтіп тұратын Компания қызметкерлерінің үлесі

18%

кәсіби оқудан өткен Компания қызметкерлерінің үлесі

75%

ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ

Еңбек қатынастарына біртұтас көзқарас Қазхромның қолайлы еңбек шарттарын құруға, сондай-ақ қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерінің әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыруға баса назар аударатынын білдіреді. Бұл саладағы жұмыстың басым бағыттары:

- қызметкерлердің еңбек шарттарын үнемі жақсарту және стандарттау, сондай-ақ оларға ұсынылатын әлеуметтік жеңілдіктер пакетін жақсарту;
- қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерінің өмір сүру деңгейін арттыру.

Компания аталған салалардағы жұмыстың басым бағыттарын таңдау үшін ERG кәсіпорындары орналасқан өңірлердегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың кешенді зерттеулерінің нәтижелерін пайдаланады. Мәселен, 2018 жылдан бері Қазхромда қызметкерлердің қанағаттануы мен қатыстырылуына әлеуметтік зерттеулер өткізіліп тұрады. 2021 жылдың желтоқсанында өткізілген сауалнамаға шамамен 7 мың қызметкер қатысты. Зерттеу аясында қызметкерлердің жалпы жұмыспен және еңбек қызметінің түрлі құрамдастары бойынша қанағаттану деңгейі (еңбекақы көлемі, кәсіби және мансаптық өсу мүмкіндіктері, басшылықпен қарым-қатынас, еңбек шарттарының қауіпсіздігі және т.б.) анықталады. 2021 жылы қызметкерлердің психологиялық жағдайын анықтау мақсатында психологиялық тестілеу өткізілді. Алынған зерттеу нәтижелерінің негізінде неғұрлым қолайлы және жайлы еңбек шарттарын құруға бағытталған іс-шаралар жоспары әзірленді.

Компания өз қызметкерлеріне Ұжымдық шартпен және Компанияның ішкі нормативтік құжаттарымен көзделген қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерінің өмір сүру жағдайын жақсартуға бағытталған кепілдендірілген әлеуметтік пакет ұсынады. Соңғы үш жылда Қазхром қызметкерлерді әлеумет-

тік қорғау саласына 154,93 млрд теңге жұмсады, бұл саланың негізгі бағыттары: барлық қызметкерлерді медициналық қамсыздандыру және медициналық тексеру, қызметкерлерді жұмыс орындарына жеткізу, қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелеріне әлеуметтік қолдау, бала күту бойынша жәрдемақылар және т.б. Сондай-ақ ұжымдық шартта үстеме жұмыс және демалыс пен мейрам күндері атқарылған жұмыс үшін өтемақы қарастырылған.

Компания қызметкерлеріне металлургиялық және тау-кен өндіруші өнеркәсіптегі еңбек өтілі үшін қосымша төленетін демалыс күндері ұсынылады. Қосымша төленетін демалыс күндері әйелдерге жүктілік пен босану бойынша демалысқа кетер алдында, сондай-ақ 12 жасқа дейінгі екі және одан артық баласы бар әйелдерге ұсынылады.

Өз қызметін зейнеткерлікке шығу немесе жұмысын тоқтату нәтижесінде аяқтаған қызметкерлерге көмек көрсету бағдарламалары да ұжымдық шартта бекітілген және жәрдемақы, өтемақы, сыйақы, жұмысқа орналастыру бойынша кепілдіктер, штат қысқартылған кезде Қазхром қаражаттары есебінен жаңа мамандыққа қайта даярлауды қамтиды.

Әлеуметтік кепілдіктер уақытша немесе жұмыспен толық қамтылмау шартымен қабылданған қызметкерлерге де таралады. Сонымен қатар Қазхром қызметкерлер үшін де, Компанияның кәсіпорындары орналасқан өңірлердегі тұрғындар үшін де қолжетімді әлеуметтік объектілерді ұстайды.

Өңірлерде қызметкерлер мен олардың отбасыларының өмір сүру деңгейін арттыру мақсатында, қызметкерлердің тұрғын-үй жағдайын жақсарту бойынша жұмыс жүргізіледі.

Қазхромның қызметіне қатысты маңызды өзгерістер туралы қызметкерлерге хабарлаудың ең қысқа мерзімі Еңбек кодексіне сәйкес регламенттеледі. Еңбек

шарттары өзгерген жағдайда, Компания бұл туралы қызметкерге отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей, жазбаша түрде хабарлайды.

Компаниямыздың кез келген қызметкері басқа қызметкердің немесе іскерлік серіктестің ERG Корпоративтік мінез-құлық кодексінің ережелерін бұзғаны жөнінде алаңдауға немесе күмәндануға қандай да негіз туындаған жағдайда, бұл туралы өзінің тікелей басшысына, одан жоғарырақ деңгейдегі басшыға, комплаенс маманына немесе Компанияның заң кеңесшісіне, сондай-ақ ERG-дің жедел желі арналары бойынша жүгіну арқылы (соның ішінде анонимді түрде) хабарлай алады. ERG-дің жедел желісі тәуелсіз оператор қызмет көрсететін және аптасына жеті күн тәулік бойы жұмыс істейтін толығымен құпия байланыс арнасы болып табылады.

Персоналды басқаруға қатысты қосымша сұрақтарды қызметкерлер жергілікті персоналды басқару бөлімімен талқылай алады.

НӘТИЖЕЛІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

2021 жылы Компанияда дискриминация жағдайлары, сондай-ақ қызметкерлердің бірлестіктерге еркін қатысу және ұжымдық шарттар жасасу құқығы шектелген жағдайлар анықталған жоқ.

Сонымен қатар 2021 жылы еңбек қатынастары саласында ереже бұзу жағдайлары расталған сауалдар тіркелмеген.

Жоғарыда көрсетілгендей, Дөң ТКБК қызметкерлері жалпы елдік сипатта болған қоғамдық толқуларға қатысты (2-бет). Бұл оқиғаның ауқымы шектеулі болды, жағдай жедел түрде бейбіт жолмен реттелді және Қазхром мен жалпы Топтың өндірістік қызметіне елеулі ісер еткен жоқ.



Денсаулық және өндіріс қауіпсіздігі

Еңбекті қорғау және өнеркәсіп қауіпсіздігі (ЕҚЖӨҚ) Компанияның маңызды басымдығы болып табылады. Қазхром өзінің барлық қызметкерлері мен мердігерлері үшін қауіпсіз, нәтижелі және тұрақты жұмыс ортасын қамтамасыз етуге тырысады. Осы мақсатта өндірістік қауіпсіздік көрсеткіштерін үздіксіз жақсарту және өндірісте залалды мүлдем болдырмауға қол жеткізу қамында іс-шаралар тұрақты негізде іске асырылады.

Біз залалды мүлдем болдырмауды мақсат етеміз

БАСҚАРУ ТӘСІЛІ

Қазхромның барлық бөлімшелерінде Еңбекті қорғауды басқару жүйесі (ЕҚБЖ) жұмыс істейді. 2021 жылы TÜV халықаралық сертификаттау органы Компанияның менеджмент жүйесінің ISO 45001 – Денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігі саласында басқару жүйесінің стандартына сәйкестік сертификатын растады. Сонымен қатар Қазхром ЕҚЖӨҚ ұлттық нормаларын сақтайды және өз бөлімшелерінде ЕҚЖӨҚ саласындағы іс-шаралардың орындалуына тұрақты негізде бақылау жүргізеді. Бұл жарақат алудың алдын алу, кәсіби аурулардың профилактикасы, оқиғалар есебін жақсарту, компания аумағында жұмыс істейтін қызметкерлер мен мердігерлерді ЕҚЖӨҚ мәселелері бойынша оқыту және т.б. салалардағы бастамаларды қамтиды.

НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН БАСТАМАЛАР

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Қазхромның барлық бөлімшелерінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып құрылған жазатайым оқиғаларды тіркеп тергеуге қойылатын бірыңғай талаптар қолданылады. Оқиғалар туралы (оның ішінде өрт туралы) хабарлау және оларды тіркеу процесі автоматтандырылған, бұл тиісті қызметкерлерге оқиға туралы қысқа мерзім ішінде хабарлауға мүмкіндік береді. Тергеу және есептілік Компанияда белгіленген бірыңғай талаптарға сәйкес ресімделеді.

Әрбір жазатайым оқиғаны тергеу нәтижелері бойынша түпкі себептер анықталып, өндіріс қауіпсіздігі деңгейін арттыру бағдарламасын іске асырудың механизмдері мен іс-шаралары әзірленеді. 2021 жылы мынадай іс-шаралар жүзеге асырылды:

- Компания бөлімшелерінде басқару жүйесіндегі кемшіліктерді анықтауға және түзетуге бағытталған «ЕҚЖӨҚ саласындағы оқиғалар туралы жедел хабарлау, есепке алу және ішкі тергеу» регламенті енгізілді.
- Жұмыс орындарында NAZID жаңа әдістемесі бойынша тәуекелдер бағаланды. Зерттеу Қазхромның 21 өндірістік бөлімшесінде өткізілді. Нәтижесінде 566 қауіп анықталып, тәуекелдерді барынша азайту бойынша 135 нұсқау әзірленді, олардың бір бөлігі 2021 жылы іске асырылды. Қалған іс-шараларды 2022 және 2023 жылдары орындау жоспарланып отыр. 2022 жылы тәуекелдерді NAZID әдістемесімен бағалау жұмыстары жалғастырылмақ.
- Биіктікте жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету корпоративтік бағдарламасын іске асыру 2019 жылы басталды және 2021 жылы одан әрі жалғастырылды. Дөң ТКБК, Ақтөбе ферроқорытпа зауыты және Ақсу ферроқорытпа зауыты өндірістік бөлімшелерінде биіктікте жұмыс орындалатын тұрақты және уақытша орындар қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйелерімен, атап айтқанда анкерлік желілермен, құтқару және эвакуациялау құралдарымен жабдықталған.
- Қазхромның үш филиалында ең жаңа оқу-жаттықтыру полигондары орнатылған, онда оқу сыныптарында алдын ала теориялық дайындықтан өткен қызметкерлер биіктіктен құлаудан қорғаныс құралдарын пайдалану

- дағдыларын тәжірибе жүзінде бекітеді. 2021 жылы қатал карантин жағдайын ескере отырып, қызметкерлер үшін мамандандырылған онлайн-курс әзірленіп енгізілді. Бұл оқудан биіктікте жұмыс істейтін барлық қызметкерлер, сондай-ақ осы жұмыс түріне жетекшілік ететін инженерлік-техникалық мамандар қатарынан қызметкерлер және тиісті құжаттаманы әзірлейтін мамандар өтеді. 2021 жылы биіктіктен құлаудан қорғаныс құралдары, сондай-ақ олардың жиынтықтаушылары жалпы саны 1 821 дана көлемінде сатып алынды.
- 2021 жылы корпоративтік көлікте жарақаттану мен ЖКО-ын азайтуға бағытталған СКАУТ¹² жобасын іске асыруға арналған жабдық сатып алынып, жеткізілді. Бұл жоба ЖКО тәуекелін болдырмауға және көлік құралдарын пайдалану тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.
 - Қол еңбегін механикаландыру бағдарламасы аясында ауыр жүктерді тасымалдау және қол аспаптарын пайдаланып жұмыс атқару барысында қызметкерлерге түсетін жүктеменің азайтылуын қамтамасыз ететін аспаптар, құрылғылар мен жабдықтар (атап айтқанда, гидравликалық домкраттар, гидравликалық көтергіштер, ашалы тиегіштер және т.б.) сатып алынды.
 - Коммуникацияларды жақсарту және мердігерлік ұйымдардың қызметкерлерін қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелеріне қатыстыру мақсатында, мердігерлік ұйым қызметкерлерімен тұрақты кездесулер өткізіліп тұрады.

2021 ЖЫЛЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ БОЙЫНША ДЕРЕКТЕР

Көрсеткіш	Барлық қызметкерлер бойынша	Қызметкерлердің санаттары бойынша		Гендерлік топтар бойынша	
		Басшылар, мамандар және қызметкерлер	Жұмысшылар	Еркектер	Әйелдер
оқу сағаттарының орташа саны	19,78	27,75	17,15	22,06	20,25

2021 жылы жаңадан қабылданған және оқудан өткен қызметкерлердің саны – 14,5%, ал оқу сағаттарының жалпы саны – 22 432 сағат.

Есепті жыл ішінде Компания қызметкерлердің әлеуметтік қорғанысына 5 886 млн теңге жұмсады.

Сондай-ақ, 2021 жылы Қазхромның негізгі мамандықтағы, жоғары білікті мамандары мен жас мамандары арасында 140 қызметкері сапалы және қолжетімді тұрғын-үймен қамтамасыз етілді.

Балаға үш жасқа дейін күтім жасау бойынша демалыстағы қызметкерлердің саны 2021 жылдың аяғына қарай 569 адам болса, оның 11-і еркектер.

100%

Компания қызметкері ұжымдық шарттың қатысушылары болып табылады

100%

Компания қызметкерінің ресми түрде таңдалған өкілі бар

ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАУ

Проактивті басқару болмаған кезде кейбір жұмыс түрлері қызметкерлеріміздің денсаулығына жасырын тәуекел төндіруі мүмкін (мәселен, шаң бөлшектерінің, шудың, діріл мен жылудың әлеуетті әсері). Осыған байланысты біздің барлық қызметкерлеріміз үшін кешенді кәсіби аурулардың алдын алу бағдарламалары іске асырылады.

Қазхром қызметкерлерінің денсаулығын қарқынды бақылау, жалпы соматикалық ауруларды, кәсіби аурулардың алғашқы белгілері мен интоксикацияны анықтау үшін барлық қызметкерлер міндетті мерзімді медициналық тексеруден өтіп тұрады. Жыл сайын медициналық орталықтың стационарлық және амбулаторлық жағдайында Компания қызметкерлерінің жалпы және кәсіби аурулары бойынша алдын алу және сауықтыру шаралары өткізіледі. Қажет болса, өндірісте жарақат алған қызметкерлер Қазақстан Республикасы мен шетелдегі тиісті медициналық мекемелерге сауықтыруға жіберіледі.

Сонымен қатар Қазхромда зиянды және физикалық факторларды өлшеу бағдарламасына сәйкес зиянды және физикалық факторларды мониторингтеу және реттеу бойынша іс-шаралар іске асырылады. Мәселен, осы Бағдарламаға сәйкес аккредиттелген зертхана жылына бір рет жұмыс орындарында шуыл деңгейін өлшеп тұрады. Қажет болса, өлшеулер

бұдан да жиірек өткізілуі мүмкін. Өндірістік жайларда шу әсерінің алдын алу және онымен күресу мақсатында, қызметкерлер шуға қарсы ішпектермен (беруша) немесе шуға қарсы құлаққаптармен жабдықталады (жеке қорғаныс құралдарын тегін беру нормаларымен көзделген). Шаң шығарындылары бойынша шекті ұйғарынды концентрациялардың шектен асырылғаны анықталған жағдайда, жұмыс аймағындағы ауаның шаңдануы мен газдануын төмендету бойынша іс-шаралар әзірленеді, бұл туралы бөлімше басшылығына хабарланады. Жұмыс орындарын аттестаттау бес жылда бір рет өткізіліп тұрады.

2021 жылы ластануы жоғары жағдайларда жұмыс істейтін мамандықтарды 50% қамти отырып, арнайы киімнің екінші жиынтығымен қамтамасыз ету процесі басталды. Ластануы жоғары жағдайларда жұмыс істейтін мамандықтарды 100% қамтуға жеткізу 2022 жылы жоспарланды.

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

Қазхром нысандары Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі саласындағы заңнама талаптары мен объектінің өрт қауіптілігі санатына сәйкес өрт сөндіру құралдарымен, өрт дабылымен және автоматты өрт сөндіру жүйелерімен жабдықталған. Қазхромның барлық филиалдарына кәсіби апатты-құтқару жабдығымен, аспаптармен және құрылғылармен жабдықталған «Кәсіби әскерилендірілген апатты-құтқару

қызметтерінің Республикалық орталық штабы» ЖШС қызмет көрсетеді.

2021 жылы 26 өрт жағдайы тіркелді, оның ішінде бір жағдайдың салдары өте ауыр болды. Төтенше жағдайларда жедел әрекет ету және дайындықты шыңдау мақсатында, 2021 жылы апатты жою жоспарлары бойынша 1 118 жаттығу өткізілді.

Компания аумағында өрттің алдын алу және оны болдырмау мақсатында Өрт қауіпсіздігі бағдарламасы әзірленді. Оның аясында ҚР заңнамасының жаңа талаптарына сәйкес, филиал объектілерін автоматты өрт сөндіру жүйелерімен, өрт дабылдамасы жүйелерімен және ауыр жүк техникаларының автоматты өрт сөндіру жүйелерімен жете жабдықтау бойынша ұзақ мерзімді жоба әзірленді. Мәселен, 2021 жылы Қазхром филиалдарының 17 объектісінде автоматты өрт дабылы орнатылды, сондай-ақ қолданыстағы өрт дабыл жүйелерін техникалық куәландыру орындалды.

КӨРСЕТКІШТЕР

ӨЛІМ ЖАҒДАЙЫМЕН АЯҚТАЛҒАН ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАР

Компания 2021 жылы Ақтөбе ферроқорытпа зауытының бір қызметкерінің және Дөң ТКБК үш қызметкерінің өліміне байланысты қатты қапаланды (2020 жылы: Дөң ТКБК бір қызметкері). Біз марқұмдардың жақындарына осы қайғылы оқиғаға байланысты көңіл айтып, қайғысына ортақпыз. Өліммен аяқталатын жазатайым оқиғаларға мүлдем жол беруге болмайды және біз олардың жиілігін барынша азайту қамындағы жұмысымызды одан әрі жалғастырамыз.

Жағдайлардың қайталану қаупін төмендету және сақтандыру шараларын әзірлеу мақсатында, өліммен аяқталған жазатайым оқиға бойынша мұқият тергеу өткізілді. Тергеу ұорытынды бойынша мынадай шаралар қабылданды:

- өлім жағдайлары тәуекелдерін бақылау тиімділігін арттыру үшін техника мен жабдықты тексеру процедураларын күшейту;

ӨНДІРІС ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Көрсеткіш	2020	2021
Өліммен аяқталған жазатайым оқиғалар (қызметкерлер мен мердігерлер)	1	4
Еңбекке жарамдылық күндерінен уақытша айрылумен жарақаттанулар (қызметкерлер мен мердігерлер)	39	49
Еңбекке жарамдылық күндерінен уақытша айрылумен жарақаттанулар жиілігі (LTIFR)	1,11	1,46
Жазатайым оқиғалардың ауырлық коэффициенті	84,91	39,47
Өліммен аяқталатын травматизм жиілігінің коэффициенті (FAR)	2,42	9,82

КЕЛЕШЕККЕ ЖОСПАРЛАР

2019 жылы Ақтөбе ферроқорытпа зауытында енгізілген, мүмкіндігі шектеулі қызметкерлердің күшімен жүзеге асырылатын ЕҚЖӨҚ ережелерінің орындалуына «Халықтық бақылау» видеомониторингі жүйесі өзінің ерекше тиімділігін көрсетті, оң әсердің нәтижесі бойынша жоба іске қосылды және қазіргі кезде Ақсу ферроқорытпа зауытында жүзеге асырылады. 2022 жылы жобаны Дөң ТКБК-да енгізу жоспарланып отыр.

- бұрғылау-жару жұмыстарының паспортын құру процесіне қойылатын талаптарды күшейту (үш тәжірибелік жарылыстың негізінде);
- қаупі жоғары жұмыстарды орындау барысында жарақаттану қаупін және өліммен аяқталған жазатайым оқиғаларды одан әрі азайту мақсатында жеке видеотіркеушілер сатып алу;
- шахталарда бұрғылау-жару жұмыстары басталғаны туралы хабарлайтын сирена беру үшін зауытта жасалған электр дыбыстық сигналдарды сатып алу;
- персоналды биіктікте жұмыс орындау дағдыларына мамандандырылған теориялық және практикалық оқыту.

COVID-19

Өкінішке орай, 2021 жылы Компанияның он қызметкері COVID-19 немесе пневмониямен байланысты асқынулардан қайтыс болды. Олардың жақындарына осындай ауыр жағдайда көңіл айтып, қайғыларына ортақпыз.

Қызметкерлеріміздің денсаулығын қорғап, аман-саулығын қамтамасыз етуге бағытталған COVID-19 пандемиясына тосқауыл бойынша ұйымдық және санитарлық-эпидемиологиялық іс-шаралардың кешенді жоспарын іске асыру жалғасуда. Барлық қызметкерлерге Компания орналасқан өңірлерде «Евразия» медицина орталықтарында вакцина салдыру мүмкіндігі берілді. Аурудың кең таралуы салдарынан корпоративтік иммунитет қалыптастырып, жұқтыру деңгейін азайту үшін, 2021 жылдың аяғында қызметкерлердің 96%-ы толық немесе ішінара вакцинациядан өтті.

ЕҢБЕККЕ ЖАРАМДЫЛЫҚТАН УАҚЫТША АЙРЫЛА ЖАРАҚАТТАНУЛАР

2021 жылы еңбекке жарамдылық күндерінен айрылумен 49 өндірістік жарақат тіркелді (LT¹³) (2020 жыл: 39), бұл еңбекке жарамдылық күндерінен айрылумен жарақаттану жиілігін (LTIFR¹⁴) 1,46 деңгейінде (2020 жыл: 1,11)¹⁵ болуыннан.



¹³ LTI (англ. Lost-time Injuries) – еңбекке жарамдылықтан уақытша айрылумен оқиғалар саны.
¹⁴ LTIFR (англ. Lost-time Injury Frequency Rate) – жұмыс уақытынан айрылатын жарақаттар жиілігінің коэффициенті.
¹⁵ Тек қызметкерлер, өліммен аяқталған жазатайым оқиғаларды қоса алғанда.



Қоршаған ортаны қорғау

Қазхром өзі орналасқан өңірлерде орнықты дамуды қолдайтын тәжірибелерді қолдану арқылы саламатты табиғи ортаны сақтап, оны қолдауға міндеттенеді. Компанияның бұл ұстанымын Топтың қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау саясатының талаптары қолдайды.

БАСҚАРУ ТӘСІЛІ

Қазхром бөлімшелері қызметінің негізгі түрі - ферроқорытпалар өндіру, ферроқорытпа технологиясын дамыту, хром және марганец кендерін өндіру. Өндірістік процестер кең қызмет өрісімен сипатталады және қоршаған ортаға әсердің мүмкін және орын алған экологиялық аспектілерінің маңызды тізіміне ие.

Олардың арасындағы неғұрлым маңыздырағы:

- Атмосфераға ластанушы заттардың шығарындылары және ағынды сулар;
- Жер ресурстарын пайдалану және топырақтың ластануы;
- Қалдықтарды құру және орналастыру;
- Табиғи ресурстар (су, отын, энергия) мен шикізат материалдарын пайдалану.

2021 жылы TÜV халықаралық сертификаттау органы Компанияның менеджмент жүйесінің экология саласындағы ISO14001:2015 – Экологиялық менеджмент жүйесі стандартына сәйкестігін растады. Сонымен қатар 2021 жылы Компания энергоменеджмент жүйесі стандартының ISO50001:2015 нұсқасынан жаңа ISO50001:2018 нұсқасына көшті.

Қоршаған ортаға маңызды әсер ететін экологиялық факторлар стратегиялық мақсаттарды белгіленген және Компанияның экологиялық аспектілерін басқару бойынша іс-шараларды жоспарлаған кезде міндетті түрде ескеріледі.

Қазхромда Компания мен оның мүдделі тұлғаларының үміттері мен талаптарына сәйкес келетін және экологиялық менеджмент жүйесінің халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ететін Экологиялық саясат қолданылады. Бұған қосымша, Саясат Компания қызметінің Қазақстан Республикасының жаңа Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз етеді.

Экология саласындағы басқарудың негізгі бағыттары:

- шығарындыларды қысқарту;
- су ресурстарын сақтау;
- бұзылған жерлерді қалпына келтіру;
- қалдықтарды басқару;
- биоаулантүрлілікті сақтау;
- экологиялық мониторингтің тиімділігін арттыру.

Жергілікті сумен жабдықтау жүйелеріне және атмосфералық ауаға ластанушы заттардың эмиссияларын анықтау, алдын алу және (немесе) азайту мәселелеріндегі негізгі бақылау шараларына мыналар жатады:

- Атмосфераға ластанушы заттардың шығарындыларын тазалау (шығарындыларды тазалау, металлургиялық өндіріске арналған заманауи газ тазартушы қондырғылар, шаң жинау жүйелері және ағаш егу);
- Ағынды суларды тазалау және суды қайта пайдалану (қоршаған ортаны сақтауға бағытталған ағынды суларды мониторингтеу, ағынды суларды, оның ішінде карьерлік және шахталық суларды тазалау процестері);
- Қалдықтарды басқару (ферроқорытпа қожын қайта өңдеу, қалдықтарды қайта пайдалану, қалдықтарды сұрыптау, өндірушінің кеңейтілген жауапкершілігі механизмі, қалдықтарды басқару бағдарламалары);
- Қоршаған ортаның ластану қаупін азайту мақсатында инженерлік-техникалық бақылау құралдары;
- Атмосфералық ауа мен су сапасын тұрақты мониторингтеу.

Өндірістегі қалдықтарды басқаруды Компания қолданыстағы экологиялық менеджмент жүйелеріне және Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес жүзеге асырады. Заңнамаға сәйкес, барлық қалдықтар

қауіптіліктің үш деңгейі бойынша жіктеледі: «жасыл», «кәріптас», «қызыл».

Кез келген тау-кен өндіруші және металлургиялық компаниялардағыдай, Қазхромда өндірістік қызмет нәтижесінде аршылған жыныстар, күлді қождар, шламдар, қалдықтар, байыту қалдықтары, қож бен аспирациялық шаң сияқты қалдықтар түзіледі.

Сондай-ақ, осындай қызмет түрімен айналысуға рұқсаты бар мамандандырылған ұйымдармен жиналып, тасымалданатын, қайта өңделетін және/немесе жойылатын металл сынығы, ағаш қалдықтары сияқты басқа да қалдықтар құрылады.

Компанияның филиалдары қызметін жүзеге асыру барысында өндірістің қоршаған ортаға ықпалын бақылау үшін өндірістік экологиялық бақылау жүргізеді, оның барысында қоршаған ортаға эмиссия көздеріне (шығарындылар, тастандылар, қалдықтар) тоқсан сайын экологиялық мониторинг жүргізіледі. 2021 жылы мониторингті аккредиттелген қоршаған ортаны қорғау зертханасының мамандары және шарт бойынша мамандандырылған ұйымдардың мамандары өндірістік экологиялық бақылау бағдарламалары негізінде орындады. Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының орындалуы туралы есептер заңнамаға сәйкес тоқсан сайын экология департаменттеріне жолданып отырды.

Кез келген ірі жобаларды немесе операциялық өзгерістерді іске асыра бастамас бұрын, Қазхром Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына халықаралық стандарттарға сәйкес қоршаған ортаға әсерге кешенді бағалау және қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Өндірісті жетілдіру және кеңейту бойынша Компаниямен іске асырылған барлық жобалар міндетті мемлекеттік экологиялық сараптамадан табысты өтті.

Қалдықтардың жоспардан тыс түрлерінің пайда болуына немесе қалдықтардың лимиттелетін түрлерінің жоспардан тыс ұлғаюына әкелетін апаттық жағдайлар табиғи да, антропогенді де фактордан туындауы мүмкін. Бөлімшелерде осы өндірісте болуы мүмкін кез келген апат кезінде алдын ала әзірленген тарату жоспарлары болады. Сондай-ақ, Қазхромда жобалық шешімдерге сәйкес, қолайсыз метеологиялық жағдайларда әрекет ету жоспары да бар.

НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН БАСТАМАЛАР

Экологиялық тәуекелдерді басқару және сәйкесінше олар бойынша шешім қабылдау олардың тиісті бағалауына негізделеді. Бағалау нәтижелеріне қарай оларды барынша азайту бойынша іс-шаралар әзірленіп орындалады. 2021 жылы экологиялық тәуекелдерді бағалау Ақсу зауытының 29 бөлімшесінде, Ақтөбе зауытының 19 бөлімшесінде, Дөң ТКБК-ның 27 бөлімшесінде және Қазмарганец КБ-ның үш бөлімшесінде өткізілді.

2021 жылы Қазхром кәсіпорындарында ERG-дің Қазақстандағы Экологиялық стратегиясының бір бөлігі болып табылатын қоршаған ортаға жағымсыз әсерді азайту мақсатында бірқатар шара іске асырылды. Бұл мыналарды қамтиды:

- 2021 жылғы табиғат қорғау іс-шараларын орындау аясында Ақсу ферроқорытпа зауытында № 44 пештің газ тазартқышын қайта құруға арналған жабдықты орнату аяқталды, № 43 пештің газ тазартқышын қайта құру және № 1, 2 балқыту цехтарының мөлшерлеу бөлімшелерінің шаң тазартқыш жабдығын ауыстыру жобалары бойынша жұмыс жүріп жатыр. 2021 жылы 7 газ тазартқышта жеңдік сүзгілер ауыстырылды.
- Ақтөбе ферроқорытпа зауытында ластанушы заттардың шығарындыларын азайту үшін № 4 балқыту цехының MB04, MB05, MB06 корпустарының аспирациялық-технологиялық қондырғыларын қайта құру жобалары іске асырылды. 2022 жылдың инвестициялық бағдарламасына «№ 1 БП, № 2 БП-нен ұйымдастырылмаған шаң-газ шығарындыларын шоғырландыру және № 2 БП-нің электр сүзгілерін жетілдіру» жобасы қосылды.

Жалпы Компанияның бөлімшелерінде орнатылған барлық жаңа жабдық экологиялық заңнаманың талаптарына толығымен сәйкес келеді.

Өндірісте жақсартуларды енгізу және қоршаған ортаға әсерді азайту бойынша тұрақты жұмыс аясында мынадай іс-шаралар өткізілді:

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Қазхромның барлық филиалдарында өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы әзірленді, оның негізінде ауа тазалайтын қондырғылармен жабдықталған шығарынды көздеріне тоқсан сайын бақылау жүргізіледі. Шығарынды көздерінің жалпы саны – 662, оның ішінде ұйымдасқан – 306, ұйымдаспаған – 356, тазартқыш құрылғылармен жабдықталған – 83.

Дөң ТКБК-да нормадан артық шығарындылардың алдын алу мақсатында және моральдық тұрғыдан ескірген тазартқыш құрылғыларға байланысты «Қазақстан Тәуелсіздігінің 10 жылдығы» шахтасының өнеркәсіп алаңындағы жауын суағарлары мен шаруашылық-тұрмыстық суағарлардың тазартқыш құрылғыларын ауыстыру жұмыстары жалғастырылды. Олар орнатылғаннан кейін ағынды суларды тазалау тиімділігі жақсарады, бұл қоршаған ортаға әсердің барынша азаюына әкеледі. 2021 жылы шаң жинау және ағаш отырғызу бойынша шаралары аясында, сондай-ақ «Жасыл Қазхром» бағдарламасы бойынша Қазхромның бөлімшелері Ақтөбе ферроқорытпа зауыты, Ақсу ферроқорытпа зауыты және Дөң ТКБК 4 440 ағаш көшеттерін екті.



Бұған қоса, 2021 жылы Компанияның Қоршаған ортаны қорғау қызметінің 39 қызметкері Мәскеу қаласында өткен «Пылегазоочистка – 2021» XIV халықара-лық конференциясына қатысып, мынадай бағыттар бойынша оқудан өтті:

- стратегияны әзірлеу және парниктік газдарды тиімді басқару, сондай-ақ Қазақстанның төмен көміртекті дамуы тұжырымдамасының мәнәтінінде көміртектік салық салу;
- Қазақстан Республикасының Экология-лық кодексінің жаңа талаптары, о.і. ҚОӘҚ, ҰҚТ, мүдделі тараптардың талабын талдау, мемлекеттік бақылау және т.б. қатысты талаптар.

2019 жылы Ақтөбе ферроқорытпа зауытына қызмет көрсететін қалдықтар-ды кәдеге жаратуға тиіс үш мердігер шарт талаптарына және қызмет үшін төленген

төлемге сәйкес, өздеріне 2018 жылы табысталған «кәріптас» қауіптілік деңгейіндегі қалдықтарды ішінара кәдеге жаратпағаны анықталды. Мердігерлердің бірі қалдықтарды өңдеудің орнына Ақтөбе қаласындағы жер учаскелеріне және мердігер жалға алған қойма жайлардың біріне ішінара тасталған. Осының нәтижесінде 2020 жылы Қазхром үшін оң нәтижемен аяқталған сот талқылауы өтті. Бұған қарамастан, Компания жауапсыз мердігердің кесірінен тасталған қалдықтарды кәдеге жарату міндеттемелерін ерікті түрде өз мойнына алды. 2021 жылы Ақтөбе ферроқорытпа зауытының күшімен бұрын «Зеленстрой» ЖШС-не тиесілі 453-учаскедегі және бұрын «Сайлан Ақтөбе» ЖШС-не тиесілі 412-учаскедегі қалдықтар шығарылды. Ауа-райы жағдайына байланысты, 412-учаскедегі қалдықтарды шығару 2022 жылдың сәуір айына ауыстырылды.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР, МЫҢ ТЕҢГЕ

Көрсеткіштер	2020	2021
Қалдықтарды басқару	11 679 978	14 545 051
Табиғатты қорғауды қамсыздандырудың негізгі қорларын күрделі жөндеу	2 920 967	1 174 325
Атмосфералық ауаны қорғау	4 982 067	5 537 016
Су ресурстарын қорғау	3 636 269	4 213 059
Жерлердің құнарлығын қалпына келтіру	84 835	29 822
Барлығы	23 304 116	25 499 272

Қалдықтарды басқаруға инвестициялар-ды ұлғайту тау-кен жұмыстарының жоспарына сәйкес, шлак үйіндісінде қордаланып қалған шлактарды қайта өңдеу шығындарымен байланысты. Сондай-ақ жаңа кен орындарын өңдеу барысында аршу жұмыстарының

ұлғаюымен байланысты аршылған жыныстарды қоймалау шығындары да артты.

Табиғатты қорғауды қамсыздандырудың негізгі қорларын күрделі жөндеуге инвестициялар көлемінің азаюы

НӘТИЖЕ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Жыл бойына Компанияға қатысты қоршаған ортаны қорғау саласындағы реттеуші органдардан маңызды шағымдар келіп түскен жоқ.

2021 жылы Қазхромда қоршаған ортаның ластануына елеулі әсер еткен штаттан тыс жағдайлар байқалмаған және ластаушы заттардың апаттық және мерзімді емес шығарындылары бол-маған.

2021 ЖЫЛҒЫ ҚАЛДЫҚТАРДЫҢ ЖАЛПЫ МАССАСЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ, МЫҢ ТОННА

Көрсеткіш	Жасыл	Кәріптас	Қызыл	Кен өндіруші өнеркәсіптер мен карьерлердің қалдықтары	Барлығы
Құрылған қалдықтар мөлшері	2241,4	302,73	0,02	20 203,95	22 748,09
Жинау, тасымалдау, кәдеге жарату, өңдеу және жерге көму бойынша операцияларды орындайтын субъектілерге табысталған қалдықтардың мөлшері	308,1	61,88	0,02	0	370,04
Меншік иесі өнеркәсіптік алаңда өзі өңдеген, кәдеге жаратқан қалдықтардың мөлшері	1743,41	110,38	0	18 835,35	20 689,14
Орналастырылған (көмілген) қалдықтардың мөлшері	198,64	172,33	0	1368,6	1 739,57

2021 жылы орналастырылған қалдықтардың үлестік көлемі өндірілген ферроқорытпа тоннасына 1,03 тоннаны құрады (2020 жыл: 1,43 тонна). Өзгеріс ферроқорытпа өндірісінің азаюымен түсіндіріледі.

ЭНЕРГИЯ ЖӘНЕ КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ

Компания климаттың өзгеруі мәселелері-не баса назар аударады және жаңартыла-тын көздерден электр энергиясын өндіру бойынша жекеменшік қуаттарды өндіру және өңдеудің энерготиімділігін арттыру-ды қоса алғанда, көмірқышқыл газ шығарындыларын азайтуға бағытталған бастамаларды іске асырады.

2021 жылы Топтың ESG Комитеті ұзақ мерзімді ESG мақсаттары, оның ішінде 2030 жылға дейін жаңартылатын энергия көздерінің үлесін арттыру және парниктік газ шығарындыларын азайту мақсаты мен іс-шаралар жоспарын әзірлеудің ішкі процесін бастады.

Бұған қоса, ферроқорытпалар түрлі елдердегі газ, жел және атом энергетика-сының инфрақұрылымын дамыту үшін ерекше болат сұрыптарының өндірісінде маңызды рөл атқарады.

Компания энергоменеджмент жүйесінің ISO 50001 стандартына сәйкес сертифи-катталды. Табиғи газбен жұмыс істейтін Ақтөбе ферроқорытпа зауытының жекеменшік электр станциясы зауыттың электр энергиясына қажеттілігінің шамамен 30%-ын қамтамасыз етеді. Қалған энергия энергожүйеден¹⁶ сатып алынады.

НӘТИЖЕЛІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

ЭНЕРГИЯ ТҰТЫНУ, МВТ.САҒ

Пайдалану түрі	Энергия көзі	2020	2021
Тікелей	Көмір	710 834	781 390
	Табиғи газ	2 943 613	3 377 225
	Дизель отыны	250 834	278 889
	Мазут	20 556	58 333
	Бензин	13 333	11 945
	Барлығы	3 939 170	4 507 781
Жанама	Электр энергиясы	8 474 173	6 343 162
	Жылу энергиясы	22 222	25 556
	Бу	30 556	18 333
	Барлығы	8 526 951	6 387 651
Барлығы		12 466 121	10 894 832

НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН БАСТАМАЛАР

Энерготиімділікті арттыру

2021 жылы Қазхромның кәсіпорында-рында энерготиімділікті арттыру бойынша іс-шаралар жоспарын іске асыру жалғастырылды. Бағдарлама 17 764 МВт.сағ немесе 63,95 ТДж үнемдеу-ге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар ферроқорытпа газын пайдалану есебінен өндіріс ұйымдастыру жоспарын іске асыру жалғастырылды. Ол ферроқорытпа өндірісінің жанама өнімі болып табылады және бастапқы энергия тұтынуды қысқартуға мүмкіндік береді. Осы бастама аясында Ақтөбе ферроқо-рытпа зауытында феррогазбен жұмыс істейтін қуаты 100 МВт электр станциясы құрылысының техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу аяқталды; жұмыс құжаттамасын дайындауды бастау 2022 жылға жоспарланып отыр.

Бұған қоса Ақсу ферроқорытпа зауытын-да феррогазбен жұмыс істейтін кәдеге жарату электр станциясын орнату мүмкіндігі бағаланады. Бағалау аясында Ақсу ферроқорытпа зауытының қазан-дықтарының бірінде тозығы жеткен көмір қазандықтарын феррогазға көшіру мүмкіндігі қарастырылуда.

Жаңартылатын энергия көздері

Жаңартылатын энергетика саласындағы жобалар портфелін дамыту бойынша бастамаларды іске асыру жалғастырылып келеді. Бұл Дөң ТКБК ауданында қуаты шамамен 150МВт жел электр станциясы-ның (Хромтау-1 ЖЭС) құрылысы жобасын қамтиды. 2021 жылы техникалық-эконо-микалық негіздемесін әзірлеу аяқталды; құрылысты 2022 жылы бастау жоспарла-нып отыр. Сонымен қатар бүгінде жобалау кезеңіндегі қуаты 150 МВт екінші электр станциясының (Хромтау-2) құрылысын жүргізу арқылы осы алаңда жел тудырушы қуатты кеңейту қарасты-рылады.

2021 жылы Қазхромның 97 қызметкері энергетикалық менеджмент бойынша оқудан өтті:

- «Энергетикалық менеджмент жүйелері. ISO 50001:2018» курсы (60 адам);
- «ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 45001:2018, ISO 50001:2018 негізінде біріктірілген менеджмент жүйесі» курсы ISO 31000:2042 талаптарына шолумен қоса (37 адам).

Табиғи газды тұтынудың өсуі жанама электр энергиясын тұтыну көлемдерінің азаюы сияқты 2021 жылы алдыңғы жылға қарағанда, 2020 жылы Ақтөбе ферроқо-рытпа зауытының электр станциясын күрделі жөндеу жұмыстарының аяқталуы-на байланысты.

2021 жылы энергосыйымдылық көрсет-кіші өндірілген ферроқорытпа тоннасына 7,222 МВт.сағ құрады (2020 жылы: 6,944 МВт.сағ ТДж).

ПАРНИКТІК ГАЗДАРДЫҢ АТМОСФЕРАҒА ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ, ТОННА СО₂ (БАЛАМА)

Көрсеткіш	2020	2021
Тікелей шығарындылар (1-қамту) ¹⁷	1 003 193	1 145 718
Жанама шығарындылар (2-қамту) ¹⁸	3 715 019	3 405 132
Барлық шығарындылар	4 718 212	4 550 850

СО₂ үлестік шығарындылары 2021 жылы өндірілген ферроқорытпа тоннасына 2,69 тонна (2020 жыл: 2,63 тонна)

2021 жылы ПГ шығарындыларының 167 362 тоннаға (3,5%) жалпы азаюы негізінен бөгде жеткізушілерден жанама энергия тұтынудың төмендеуімен байланысты.

БИОЛОГИЯЛЫҚ АЛУАНТҮРЛІЛІК

Биологиялық алуантүрлілік экологиялық саламаттықтың кепілі болып табылады. Осыған байланысты биологиялық алуантүрлілік мәселелерін басқару негізінде мына қағидалар жатады:

- экологиялық әсерді анықтау және бағалау;
- ескертетін және алдын алатын іс-шараларды іске асыру;
- қоршаған ортаны қорғау саласында басқару жүйесін үнемі жетілдіру.

Қазхромның өндірістік активтері Қарағанды, Ақтөбе және Павлодар облыстарында, негізгі үстіртін су объектілерінен алшақ орналасқан.

Қазхром бөлімшелерінің жанында табиғи қорықтар, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар немесе мәдени мұра объектілері жоқ.

Қарағанды облысындағы кен орындары аумағында қорғауды талап ететін бірегей, сирек, ерекше бағалы жануарлар анықталмаған. Ақтөбе облысының аумағында, Қазхром бөлімшелерінен алшақ жерде Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген жануарлардың шамамен 20 сирек, эндемиялық және таусыншақ түрлері мекендейді. Павлодар облысындағы жапсарлас аумақтағы жануарлар әлемі ашық ландшафт жағдайында мекендеуге бейімделген,

нәтижесінде жануарлар мен құстардың нақты қауымдастығы қалыптасты, сондықтан фаунаның түр құрамына, санына, мекендеу ортасына, көбею шарттарына қосымша әсер анықталмаған.

Кен орнында жұмыстар өткізу барысында барлық қызметкерлерге жануарлар әлемінің сирек түрлерін сақтап қалу қажеттігі ескертіледі. Жануарлар мен құстарды аулауға тыйым салынады.

Қазхром объектілері аумағында өсімдік және жануарлар әлеміне өндірістік жұмыстардың ықпалын мүмкін деп қарастыруға болады.



¹⁷ Электр қуатын, жылу өндіру / бу өндірісі үшін пайдаланылатын, сондай-ақ Қазхром бақылайтын өндіруде, өндірістік және көлік қызметінде қолданылатын тікелей көздерден тұтыну нәтижесінде парниктік газдардың шығарындылары. Тек СО₂, СН₄ және N₂O. Есептеу коэффициенттері стационарлық және мобильді көздермен жүзеге асырылатын парниктік газ шығарындыларының ұлттық есебі бойынша 2006 жылғы МГЭИК Басқару қағидаларынан алынған.

¹⁸ Қазхромға тиесілі емес және оның бақылауында болмайтын бөгде жеткізушілерден сатып алынған жанама көздерден тұтыну нәтижесінде парниктік газдардың шығарындылары. Активтерді операциялық бақылау деректеріне негізделген. Есептеу коэффициенттері: (1) Сатып алынатын электр энергиясы – Орнықты даму бойынша Дүниежүзілік кәсіпкерлер кеңесі мен Дүниежүзілік табиғи ресурстар институты ел үшін белгілеп берген деректер: Парниктік газ шығарындыларының хаттамасы - Сатып алынатын электр энергиясының көлемдерін есептеу құралы, 4.3-нұсқа (2008 ж. деректер); және (2) Сатып алынатын жылу және бу энергиясы - жеткізуші деректері және стационарлық және мобильді көздермен жүзеге асырылатын парниктік газ шығарындыларының ұлттық есебі бойынша 2006 жылғы МГЭИК Басқару қағидаларынан алынған көрсеткіштер.



Жергілікті қоғамдастықтар

Қазхромның басымдықтарының бірі – өзі орналасқан өңірдегі жергілікті қоғамдастықтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына және әл-ауқатына септігін тигізу. Бұл, атап айтқанда, жергілікті қоғамдастықтармен үнемі әрекеттесуді және халықаралық экологиялық стандарттарды орындауды, сондай-ақ кәсіпкерлікті қолдау және бизнес-ортаны дамытуды болжайды.

Адам құқығын сақтау Компанияның және өзі орналасқан өңірлердегі жергілікті қоғамдастықтардың орнықты дамуының кепілі болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтармен өзара әрекеттесе отырып, Компания адам құқығын сақтайды, жергілікті қоғамдастықтардың мәдени мұрасы мен дәстүрін құрметтейді, өз қызметінің әлеуетті ықпалын бағалау мақсатында олармен ықтымақтасады, оның ішінде тәуекелдерге, ықпалдарға, оларды азайтуға және мониторингтеуге ерекше назар аударып, жобалық жоспарлау мен әлеуметтік инвестициялар барысында алынған пікірлерді ескереді.

ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРҒА ЫҚПАЛДЫ БАСҚАРУ

Жергілікті қоғамдастықтарға ықпалды басқару халықаралық стандарттарға сәйкес экологиялық менеджмент жүйелері арқылы жүзеге асырылады.

Кез келген ірі жобаларды немесе операциялық өзгерістерді іске асыруды бастар алдында Қазхром Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары мен халықаралық стандарттарға сәйкес қоршаған ортаға әсерді кешенді бағалау және қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Компаниямен іске асырылған өндірісті жетілдіру және кеңейту бойынша бүкіл жобалар міндетті мемлекеттік экологиялық сараптамадан табысты өтті.

Мәселен, 2021 жылы «Шлам өңдейтін байыту фабрикасының құрылысы, Дөң ТКБК» жобасы, «Дөң ТКБК сумен жабдықтау жүйесінің құрылысы» (бірінші іске қосу кешені)» жобасы, «Дөң ТКБК санитарлық-қорғаныс аймағының шекарасында нақты уақыт режимінде атмосфералық ауадағы ластаушы заттарды автоматтандырылған мониторингтеу жүйесінің құрылысы» жобасы және т.б. бойынша қоғамдық кеңестер өткізілді.

Сонымен қатар, жергілікті қоғамдастық өкілдері шағым беру үшін ERG-дің жалпы

қолжетімді жедел желісі жұмыс істейді (<https://erg.integrityline.org/>).

Бұған қоса, Дөң ТКБК өндірістік бөлімшелердің аумағына жапсарлас аудандарда тұрғын үй құрылысын жүргізбейді. Ақсу зауыты қала қонысынан тыс жерде орналасқан. Зауыттың маңайында тұрғын үй құрылыстары жоқ. Ақтөбе зауыты аумағында да құрылыс жұмыстары жүргізілмейді.

Өнеркәсіптік тур

2021 жылдың қарашасында Қазхром пилоттық режимде Ақтөбе ферроқорытпа зауытына өнеркәсіптік тур ашты. Бұл Қазақстандағы өнеркәсіптік туризмнің алғашқы бағыты. Туристер тур аясында кәсіпорынның негізгі нүктелеріне – екі балқыту цехына, бақылау бөлмесіне, тиеу цехына барады. Жобаның мақсаты жетістіктерді көрсетіп қана қоймай, кәсіпорын қызметінің стратегиялық маңызды бағыттары, оның ішінде экологиялық бағдарлама туралы айтып беру болып табылады. 2022 жылы ERG басқа да негізгі кәсіпорындарға өнеркәсіптік турлар ұйымдастыруды жоспарлап отыр.

ӘЛЕУМЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛАР

2021 жылы кәсіпорын орналасқан өңірдегі ұзақ мерзімді әлеуметтік-экономикалық дамуды қолдауға бағытталған үш жылдық жобаны іске асыру жалғастырылды. Бағдарлама ұлттық және өңірлік деңгейлерде мемлекеттік органдармен серіктестікте, оның ішінде өзара ынтымақтастық туралы өңірлік меморандумдар арқылы іске асырылады.

Бағдарлама жыл сайын өткізілетін әлеуметтік зерттеулер аясында анықталған кәсіпорын орналасқан өңірдегі даму қажеттіліктерін талдау нәтижелеріне негізделеді.

Басым бағыттар мыналарды қамтиды:

- Өмір сүру деңгейін арттыру (оның ішінде тұрғын үй-коммуналдық

инфрақұрылым, қоғамдық көлік және қала кеңістігін абаттандыру);

- Жастарға білім беру және кәсіби біліктілікті арттыру;
- Денсаулық сақтау (оның ішінде медициналық мекемелерді жетілдіру және дәрігерлердің біліктілігін арттыру);
- Спорт пен саламатты өмір салтын насихаттау (оның ішінде жергілікті спорттық инфрақұрылым мен жастардың спорттық лигаларын дамыту).

ӘЛЕУМЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛАР, МЛН ТЕҢГЕ

Инвестициялар түрі	2020	2021
Тікелей инвестициялар	146	5 399
Өзара ынтымақтастық туралы меморандумдар	3 124	5 186

2021 жылы әлеуметтік инвестициялар мыналарға бағытталады:

- жергілікті оқу орындары (мысалы, Ақсу қара металлургия колледжі, Хромтау тау-кен техникалық колледжі, Хромтау қ. № 5 және № 6 орта мектептері);
- жергілікті медициналық мекемелерді жабдықпен жабдықтау және жас мамандарды тарту;
- халықтың әлеуметтік осал топтары және өңірлік балалар үйлері;
- коммуналдық қызметтерге арнайы техника сатып алу түрінде қолдау көрсету;
- тұрғын үйлердің қасбеті мен шатырын жөндеу;
- халықаралық және республикалық спорттық іс-шараларды қолдау және балаларды спорттық жарыстарға қатыстыру;
- спорт ғимараттарының құрылысы (балаларға арналған спорттық алаңдар, оның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін де).

Сонымен қатар 2021 жылы Қазхром Хромтау қаласында «22-орам» ықшам ауданында саябақ құрылысы» жобасын бастады (3 жылдық бағдарлама). Қазіргі кезде жобалық-сметалық құжаттаманы дайындау жұмыстары жүріп жатыр.

Бұған қоса кәсіпорын орналасқан өңірдегі тұрғындарды өңірдің әл-ауқатын арттыруға бағытталатын жер қойнауын пайдаланушылардың қаражатын бөлу туралы шешім қабылдауға қатыстыру үшін, 2020 жылдан бастап Хромтауда, 2021 жылдан бастап енді Ақсуда да «Tugan qala»¹⁹ патисипаторлық (бастамалық)

бюджеттеу бағдарламасы іске асырылып келеді. Жоба аясында қала тұрғындары әлеуметтік инфрақұрылымды жақсарту бойынша идеяларын айтып қана қоймай, неғұрлым қызықты жобаларға дауыс беріп, олардың іске асырылуына авторлық қадағалау жүргізеді.



Парасаттылық және комплаенс

Заңнаманы орындау және қатал этикалық нормаларға, оның ішінде адам құқығына қатысты нормаларға, жоғары іскерлік әдеп және кәсібилік стандарттарына сәйкестік қызметіміздің негізі болып табылады.

Біздің түпкі міндеттемелеріміздің бірі Компанияның жоғары іскерлік әдеп және кәсібилік стандарттарын ұстануы болып табылады. Бұл стандарттар ERG-дің Корпоративтік мінез-құлық кодексінде көрсетілген, бұл кодекс негізгі құқықтық, моральдық және этикалық мәселелер, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету, адам құқығын сақтау, теңдік, мүдделер қақтығысын басқару, құпия ақпарат пен жеке деректерді қорғау стандарттары мен саясаттарды белгілейді, және Менеджерлер кеңесі, атқаратын қызметіне қарамастан бүкіл ERG қызметкерлері, сондай-ақ әлемнің кез келген нүктесіндегі ERG контрагенттері үшін орындауға міндетті болып табылады.

Комплаенс саласындағы негізгі тәуекелдерге мыналар жатады:

- парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету бойынша талаптарды орындамау;
- ақша қаражаттарын жылыстатуға қарсы әрекет ету бойынша талаптарды орындамау;
- адам құқықтарын сақтамау;
- жеке талаптарды қорғау талаптарын орындамау;
- санкциялық режимдерді орындамау.

2021 жылы Жедел желіге келіп түскен хабарламалар негізінде бірнеше тексеру өткізіліп, мәселені реттеу бойынша тиісті шаралар қабылданды.

Көрсетілген тәуекелдерді басқару мақсатында Қазхромда тиісті саясаттар мен рәсімдер бекітілген: Корпоративтік мінез-құлық кодексі, Жеткізушілердің мінез-құлық кодексі, контрагенттерді

кешенді тексеру рәсімдері, комплаенс-тәуекелдерді басқару рәсімдері, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік және демеушілік саласындағы жобалар бойынша саясат, қайырымдылық пен демеушілік көмекті реттеу және т.б.

Сондай-ақ, Компанияда Деректерді қорғау саясаты және Деректерді қорғау жөніндегі комплаенс-бағдарлама қабылданды. Жұмысқа орналасқан кезде әр қызметкер Жеке деректерін өңдеу туралы келісімге қол қояды. Дербес деректер туралы тармақтар үшінші тұлғалармен жасалатын шарттардың үлгілеріне енгізіледі. Сатып алулар порталында да аттестаттау кезінде әлеуетті жеткізушілер үшін дербес деректер ұсынуға келісім қамтылады.

Өз қызметін Аудит туралы ережеге сәйкес жүзеге асыратын Ішкі аудит қызметі (IAK) қызметкерлердің іс-қимылдарының қолданыстағы заңдар мен нормативтік актілерге (оның ішінде парақорлықпен, сыбайлас жемқорлықпен, ақша жылыстаумен және т.б. күрес) сәйкестігін қамтамасыз ететін қызметтер көлеміне ие. Өз міндеттемелерін орындай отырып, ІАҚ өз функцияларын мынадай салаларда іске асырады:

- тиісті тәуекелдер мен бақылау құралдарының тиімділігі бағаланатын іскерлік/операциялық шолуларға аудит;
- парақорлықпен және сыбайлас жемқорлықпен күресу тәуекелдерінің талдауын қамтитын нақты тақырыптар/салалар бойынша шолу/кеңестер;
- көрсетілген салаларда қамтылатын алаяқтықтарды тергеу.

Қазхромда қызметкерлердің күнделікті қызмет және шешім қабылдау барысында

Компанияның этикалық стандарттары мен тиісті мінез-құлық модельдерін ұғынуын қамтамасыз етуге көмектесетін тренингтер мен коммуникациялар (T&A – training and awareness programme) қолданылады.

2020–2021 жж. COVID-19 бойынша қабылданған карантиндік шараларға байланысты, офлайн өтетін комплаенс-тренингтер уақытша тоқтатылып, онлайн-курстармен және коммуникациялармен ауыстырылды. Мәселен, 2021 жылы Қазхром өз қызметкерлері үшін парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету бойынша онлайн-тренингтерді (ABC – Anti-bribery and corruption) бастады. Компанияның 474 қызметкері немесе мақсатты аудиторияның 98%-ы оқудан өтті. Қосымша ІАҚ тәуекелдері CPDD (Counterparty Due Diligence) курстары (82 мақсатты қызметкер қатысқан) және «Мүдделер қақтығысы» онлайн-курсы (1 213 қызметкер немесе мақсатты аудиторияның 98%-ы оқудан өтті) шеңберінде талқыланды. ERG құндылықтарына және іскерлік мінез-құлық стандарттарына арналған Корпоративтік мінез-құлық кодексі бойынша онлайн оқу барысында Қазхром қызметкерлері жұмысқа орналасудың әділ тәжірибесінің, адам құқықтары мен бәсекелестікті қорғау аспектілерін зерделеді. 2022 жылдың мамыр айындағы жағдай бойынша аталған тренингті 1 972 қызметкер (2022 жылға жоспарланған мөлшерден 48%) аяқтады; оқу жалғастырылуда. Қызметкерлер үшін қосымша ERG Кәсіби мамандар лигасы және ERG Жастар кеңесі аясында дербес деректерді қорғау («Деректерді қорғау») алаңында Жедел желі мәселелері бойынша

(«Бұзушылықтар туралы хабарлама») сессиялар өткізілді.

Компанияда ақпараттық қауіпсіздікті басқару процесі құрылған. 2021 жылы IT қауіпсіздік және қауіп-қатер туралы хабардарлық бойынша онлайн-курстардан 87% өтті (ДК пайдаланушы 4 647 қызметкердің 4 030-ы). Онлайн-курстарда мыналар қамтылған:

- жаңа қызметкерлер үшін ақпараттық қауіпсіздік бойынша тренингтер;
- ақпараттық қауіпсіздік бойынша жыл сайынғы міндетті тренингтер;
- ақпараттық қауіпсіздік бойынша таратылымдар;
- фишингтік сервистің көмегімен хабардарлықты тексеру;
- нақты бөлімдер үшін хабардарлықты арттыру бойынша мамандандырылған курстар.

Мүдделі тараптарға ақпараттық қауіпсіздік мәселелері немесе кез келген басқа комплаенс-мәселелер (сыбайлас жемқорлық және парақорлық, бәсекелестікке қарсы тәжірибе және т.б.) туралы хабарлау бұзушылықтар туралы хабарлауға арналған жедел желі арқылы жүзеге асырылады. Бұл байланыс арнасы 100% құпия болып табылады, тәулігіне 24 сағат, аптасына жеті күн жұмыс істейді және тәуелсіз компаниямен басқарылады. Жедел желі Қазхромды қоса алғанда ERG-дің барлық ұйымдары мен Корпоративтік мінез-құлық кодексінде сипатталған үшінші тұлғалар үшін қолжетімді, оның байланыс деректері жалпыға бірдей, оның ішінде ERG мен Қазхромның (https://www.erg.kz/en/content/o-kompanii/eticheskie-principy, https://www.kazchrome.com/en/compliance/whistleblowing-hotline/) сайттарында қолжетімді.

2021 жылы жарақаттар туралы хабарламаларды қоспағанда, бұзушылықтар туралы хабарлау үшін Жедел желіге 42 хабарласу тіркелді. Расталған сыбайлас жемқорлық және парақорлық жағдайлары және ақпараттық қауіпсіздік мәселелері туралы хабарлау жағдайлары болмаған.

Компания қызметкерлеріне хабарлау мақсатында есепті жыл ішінде корпоративтік газетте әшкерелеу туралы төрт мақала, Корпоративтік мінез-құлық кодексіне қатысты мақала және сыйлықтар мен ойын-сауық туралы мақала жарияланды. Корпоративтік мінез-құлық кодексін енгізу бойынша кампания аясында әр компьютердің жұмыс үстеліне QR-коды бар заставка орнатылды.

Қазхромның монополияға қарсы заңнаманы және бәсекелестікті қорғау туралы заңнаманы орындауы Монополияға қарсы заңнама мен бәсекелестікті қорғау туралы заңнамаға сәйкестікті қамтамасыз ету саясатымен

қамтамасыз етіледі. Бұған қоса саясат бәсекелестікке қарсы тәжірибені бақылау жүйелерінің тиімділігін мониторингтеу мәселелерін де реттейді. Өңірлік деңгейде, Қазхромды қоса алғанда, бәсекелестікке қарсы келісулер мен уағдаластықтарды болдырмау, әлеуетті монополистердің Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасын бұзуының алдын алу бойынша рәсімдер де бар.

2021 жылы мемлекеттік органдар тарапынан монополияға қарсы заңнаманы және бәсекелестікті қорғау туралы заңнаманы бұзуға қатысты тексерулер өткізілген жоқ.

ЖЕТКІЗУШІЛЕРМЕН ӨЗАРА ӨРЕКЕТТЕСУ

Іскер серіктестердің, мердігерлердің, агенттер мен жеткізушілердің жоғары этикалық және құқықтық стандарттарды орындауына қатысты ERG бірыңғай ережелерін енгізу мақсатында, 2020 жылдан бастап Қазхромда ERG жеткізушілерінің Мінез-құлық кодексі қолданылады.

Бұл Кодекс Жалпыға бірдей адам құқықтары конвенциясын, Еңбек саласындағы негіз қалаушы қағидалар мен құқықтар туралы Халықаралық еңбек ұйымының декларациясын, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы БҰҰ конвенциясын қоса алғанда, тиісті халықаралық конвенциялардың талаптарына сай, ERG-дің БҰҰ Жаһандық шартына қатысуына септігін тигізеді және жеткізілімдер тізбегін жауапты басқару тәжірибесіне қосымша болып табылады. Онда берілген талаптарды орындау ERG-мен ынтымақтасу үшін міндетті шарт болып табылады. Сонымен қатар жеткізушілер өз қосалқы мердігерлерінің Кодекс талаптарын орындауын қамтамасыз етуге міндетті.

ERG жеткізушілерінің Мінез-құлық кодексінің негізгі талаптары:

- Қызметкерлерге ERG-дің тиісті саясаттары мен рәсімдерінің және қайсысы басым болатынына қарай қолданыстағы ұлттық немесе халықаралық стандарттардың талаптарына сай, қауіпсіз және денсаулыққа қолайлы еңбек шарттарын ұсыну;
- сыбайлас жемқорлық және парақорлыққа мүлдем төзбеу;
- Мәжбүрлі және еріксіз, сондай-ақ бала еңбегін пайдаланбау;
- ERG адам құқығын орындау саясатын, сондай-ақ БҰҰ адам құқығы тұрғысынан кәсіпкерлік қызметтің жетекші қағидаларын, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) пайдалы қазбалар жеткізілім тізбегін жауапты басқару үшін тиісті сақтықтың жетекші қағидаларын және Адам қауіпсіздігі мен

құқықтарына қатысты Ерікті қағидаларды орындау;

- ERG-мен кен және пайдалы қазба жеткізілімдеріне қатысты кешенді тексерулер барысында ақпарат ұсыну туралы сауалдар бойынша ERG-мен ынтымақтасу.

ERG жеткізушілерінің Мінез-құлық кодексін енгізу аясында:

- Кодекс Қазхромның негізгі жеткізушілеріне таратылды;
- Кодекстің талаптары біздің келісімшарттарымызға қосылды;
- Кодекстің талаптары шарт жасасу алдында контрагенттерді кешенді тексеру процесіне қосылды.

ERG жеткізушілерінің мінез-құлық кодексі Қазхромда сақталатын жеткізілімдер тізбегін жауапты басқару тәжірибелеріне қосымша болып табылады. Оның талаптары шарт жасасу алдында жеткізушілер мен мердігерлерді олардың құқықтық мәртебесі, қаржылық өміршеңдігі және заңнамалық талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бағалауды, сондай-ақ контрагенттердің кешенді тексеруден (ККТ) өтуін көздейді.

Сонымен қатар өндірістік алаңдарда қызмет көрсететін компаниялармен шарттар компанияда қажетті сертификаттардың болуынан бастап қалдықты шығару және кәдеге жаратуға дейін бірқатар аспектілер бойынша заңнама талаптарынан асыратын өндірістік қауіпсіздік пен экология саласында шарттарды (ескертпелерді) көздейді. Мұндай мердігерлер қауіпсіздік талаптарын орындауға қатысты алдын ала бағалау өткізеді, оларды бұзғаны үшін белгіленген мөлшерде айыппұл алынады. Тәуекел деңгейі жоғары жұмыстарды орындайтын мердігерлермен шарттар қосымша қадағалау мен бақылаудың қосымша шараларын көздейді.

Шарттарда үшінші тұлғалармен қарым-қатынас шарттар аясында комплаенс тәуекелдерді митигациялау мақсатында комплаенс талаптардың комплаенс жиынтығын көрсететін комплаенс-ережелер қамтылады.

Қазхром жергілікті жеткізушілермен ынтымақтастықты дамытуды одан әрі жалғастырып келеді. 2021 жылы жергілікті жеткізушілердің сатып алу үлесі 51%-ды құрады.

2021 жылы «ERG Supplier Award» жыл сайынғы конкурсын өткізу шеңберінде ERG кәсіпорындары үшін «Sustainability Award» жаңа санаты қосылды, бұл санатта адам құқығы мәселелері, қоршаған ортаны қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету мәселелерін қоса алғанда, жеткізушінің орнықты даму аспектілері саласындағы үздік тәжірибеге сәйкестігі бағаланды.

¹⁹ 2021 жылы «Берекеді бастама/ Городская инициатива» деп аталды.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ



Қазхромның корпоративтік басқаруы әділдік, адалдық, жауапкершілік, ашықтық, кәсібилік және біліктілік негізінде құрылады. Корпоративтік басқарудың тиімді құрылымы Компанияның қызметіне қызығушылық танытатын барлық тұлғалардың құқықтары мен мүдделеріне құрметпен қарауды көздейді және оның табысты қызметіне, оның ішінде нарықтық құнының өсуіне және қаржы тұрақтылығы мен табыстылығын қолдауға септігін тигізеді.

Қазхромның корпоративтік басқару қағидалары Компанияны басқарумен байланысты туындайтын қатынастарда сенім қалыптастыруға бағытталады және 2017 жылғы 13 наурызда Акционерлердің Жалпы жиналысымен бекітілген Корпоративтік басқару кодексінде қамтылған барлық ережелер мен нұсқаулардың негізі болып табылады.

Корпоративтік басқарудың негіз қалаушы принциптері

1. Акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау принципі

Қазхром акционерлердің «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңында көзделген негізгі құқықтарының іске асырылуын және корпоративтік басқарудың негізгі шешімдерін қабылдауда акционерлердің тиімді қатысуын қамтамасыз етеді.

2. Директорлар Кеңесі мен атқарушы органның Компанияны тиімді басқару принципі

Директорлар Кеңесінің қызметі акционерлердің мүдделерін барынша сақтау, Компания қызметін жалпы басқару принципі негізінде құрылады және оның нарықтық құнын арттыруға бағытталады.

Директорлар Кеңесі тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімді жұмысын қамтамасыз етеді, корпоративтік дауларды бақылайды және реттейді.

Басқарма қызметі акционерлердің мүдделерін барынша сақтау принципі негізінде құрылады және Акционерлердің Жалпы жиналысына және Қазхромның Директорлар Кеңесіне толығымен есепті.

3. Компания туралы ақпаратты ашып көрсетудің объективтілік және ашықтық принципі

Қазхром өз қызметінің акционерлер мен инвесторлардың мүлкіктік және басқа құқықтарына айтарлықтай әсер етуі мүмкін негізгі нәтижелері, жоспарлары мен перспективалары туралы ақпаратты дер кезінде ашады, сондай-ақ акционерлердің сауалдарына Қазхром Жарғысында көрсетілген мерзімде уақытылы және толық көлемде жауап береді.

4. Заңдылық пен әдеп принциптері

Қазхром Қазақстан Республикасы заңнамасына, жалпыға бірдей қабылданған іскерлік әдеп принциптері (әдеттері) мен Компанияның ішкі құжаттарына қатал сәйкестікте әрекет етеді. Компанияның ішкі құжаттары заңнама талаптары және корпоративтік және іскерлік әдеп нормалары негізінде әзірленеді.

5. Дивидендтік саясаттың тиімділік принципі

Қазхромның дивидендтік саясаты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және 2021 жылы Акционерлердің Жалпы жиналысымен бекітілген Дивидендтік саясат туралы қағидаға қатал сәйкестікте жүзеге асырылады.

6. Тиімді кадрлық саясат принциптері

Қазхромның корпоративтік басқаруы қызметкерлерінің құқықтарын ұжымдық шартпен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасымен көзделген қорғаныс негізінде құрылады және әлеуметтік мәселелерді шешуде және еңбек шарттарын регламенттеуде Қазхром мен оның қызметкерлері арасындағы серіктестік қатынасты дамытуға бағытталған.

7. Қоршаған ортаны қорғау принципі

Қазхром өз қызметі барысында қоршаған ортаға ұқыпты және ұтымды қатынасты қамтамасыз етеді.

8. Корпоративтік дауларды реттеу саясаты принципі

Корпоративтік даулар туындаған жағдайда, қатысушылар акционердің құқықтарын да, Қазхромның іскерлік абырой-беделін де тиімді қорғаныспен қамтамасыз ету мақсатында, оларды келіссөз арқылы шешу жолдарын іздестіреді.

Корпоративтік дауларды келіссөз арқылы шешу мүмкін болмаған жағдайда, олар тек Қазақстан Республикасы заңнамасына қатал сәйкестікте шешілуі тиіс.

Қазхром өз қызметін барлық юрисдикцияларда, оның ішінде жер қойнауын пайдалану және табиғи монополиялар саласындағы құқықтарын түрлі нормативтік-құқықтық талаптарға сәйкес жүзеге асырады.

АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ ЖӘНЕ АКЦИОНЕРЛЕР

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША КОМПАНИЯ АКЦИЯЛАРЫНЫҢ БЕС ЖӘНЕ ОДАН АРТЫҚ ПАЙЫЗЫНА ИЕЛІК ЕТЕТІН АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰРАМЫ

Акционердің атауы	Меншігіндегі акциялардың жалпы саны	Акцияның түрі	Меншігіндегі акциялардың санының орналастырылған акциялардың жалпы санына қатынасы
KCR International B.V.	99 940 708	Жай	90,98
	9 189 460	Артықшылықты	8,37


2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША БАҒАЛЫ ҚАҒАЗ ШЫҒАРЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Бағалы қағаздар	Барлығы, дана	Жай акциялар, дана	Артықшылықты акциялар, дана
Жарияланған акциялар	158 069 700	142 949 700	15 120 000
Орналастырылған акциялар	109 850 711	99 953 939	9 896 772
Компания сатып алған акциялар	3 921	493	3 428

ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІ КОМПАНИЯЛАР

Атауы, мекенжайы	Негізгі қызмет түрі	Басшысы	Қатысу үлесі
«Ақжар-хром» ЖШС Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Хромтау қ., Окраина к-сі, 2, 2-үй	Техногенді минералдық құрылымдарды қайта өңдеу (шлам қалдықтары)	Гайдукова Елена Александровна	100%
«Дөң мұнай базасы» АҚ 031100, Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Хромтау қаласы, Окраина к-сі, 12	Тауарларды өндіру және сату, оның ішінде мұнай өнімдерін, халық тұтынатын тауарларды	Иванова Наталья Фроловна	95,53%
«BTS» ЖШС 010000, Нұр-Сұлтан қ., Есіл ауданы, Сығанақ к-сі, 29	Бизнеске арналған ІТ- шешімдерді әзірлеу және енгізу	Антоников Андрей Александрович	37,99%
«ERG Көмек» Корпоративтік қоры 010000, Нұр-Сұлтан қ., Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 30-үй	Коммерциялық емес қайырымдылық ұйым	Оразов Болат Танешұлы	
Eurasian Digital Ventures I Limited Partnership 010000, Нұр-Сұлтан қ., Мәңгілік Ел д-лы, 55/17, 145-кеңсе	Венчурлік инвестициялау	Ахметов Ғалымжан Ыбырайұлы	69,51 % «Қазхром» ТҰК» АҚ шектелген серіктес болып табылады

БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



Акциянерлердің жалпы жиналысы

Акциянерлердің жалпы жиналысы Компанияның жоғарғы органы болып табылады және оның қызметі мен дамуының барлық негізгі мәселелерін шешеді, сондай-ақ акционерлердің құқықтарын қамтамасыз ету барысында негізгі рөл атқарады.

Акциянерлердің жалпы жиналысын ұйымдастыру және өткізу тәртібі Компа-ния Жарғысымен белгіленеді және мынадай талаптарға сәйкес:

- барлық акционерлерге әділ және тең қарау;
- барлық акционерлер үшін жалпы жиналысқа қатысу қолжетімділігі;
- максималды ұйымдық және есептік ақпаратты ұсыну;
- Акционерлердің жалпы жиналысының қарапайым және ашық түрде өткізілуі.

Миноритарлық акционерлердің құқықта-ры, сондай-ақ миноритарлық акционер-лермен өзара әрекеттесу жүйесі «Акцио-нерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Компания Жарғысына және ішкі құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады. Миноритарлық акционерлер Компанияны басқаруға Қазақстан Республикасының заңдарымен және Компания Жарғысымен белгіленген тәртіпте қатысады.

2021 жылы акционерлердің жеті жалпы жиналысы өтті.

Директорлар Кеңесі

Компанияның Директорлар Кеңесінің мүшелерін сайлау рәсімі акционерлердің жалпы жиналысымен жүзеге асырылады және барлық акционерлер үшін ашық және түсінікті болуы керек. Директорлар Кеңесінің мүшелерін сайлау рәсімі барлық акционерлердің, оның ішінде Компанияның жарғылық капиталында миноритарлық үлесі бар акционерлердің пікірі мен мүдделерін ескере отырып іске асырылады. Директорлар Кеңесінің кандидаттары мен мүшелерінің оң жетістіктері мен іскерлік ортада беделі болуы керек. Компанияның Директорлар Кеңесінің мүшелерінің кем дегенде 30%-ы тәуелсіз директорлар болуы керек. Директорлар Кеңесінің мүшелері өзінің кәсіби міндеттерін адал және ақылмен, тиісті қамқорлықпен және сақтықпен, Компания мен акционерлердің мүддесін-де, мүдделер қақтығысын болдырмай атқаруы тиіс. Олар өз қызметіне толық сәйкестікті тек заңнама талаптары мен Компанияда қолданылатын Корпора-тивтік басқару кодексінің принциптеріне ғана емес, этикалық стандарттар мен жалпыға бірдей қабылданған іскерлік әдеп нормаларына да толық сәйкестікті қамтамасыз етеді.

Компанияның Директорлар Кеңесі лауазымды тұлғалар мен акционерлердің деңгейіндегі әлеуетті мүдделер қақтығы-сын, оның ішінде Компания меншігін заңсыз пайдалануды және қызығушылық танытып отырған мәмілелерді жасасу барысында оны теріс пайдалануды

қадағалап, мүмкіндігінше болдырмауға тырысады. Стратегия мен негізгі саясаттарды бекітеді, Компаниядағы корпоративтік басқару практикасының тиімділігіне бақылау жүргізеді.

Директорлар Кеңесінің қарауына шығарылатын түрлі мәселелерді қарауға қатысу барысында Директорлар Кеңесінің әрбір мүшесі өз еркін білдіріп, тиісті салалардағы жұмыс тәжірибесі мен білімін ескере отырып, өз бетімен шешім қабылдайды.

«Акциянерлік қоғамдар туралы» Қа-зақстан Республикасы Заңының 53-бабы-на сәйкес, Директорлар Кеңесі Компания-ның қаржылық жағдайын, қызмет нәтижелері мен ақша қаражаттарының қозғалысын көрсететін жылдық қаржы есептілігін оны Акционерлердің жалпы жиналысы бекітпестен бұрын, алдын ала қарап бекітеді. Директорлар Кеңесінің отырыстарына дайындалу барысында оның мүшелеріне күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша толық және шынайы ақпаратты қамтитын материалдар ұсыны-лады.

2021 жылы Директорлар Кеңесінің 46 отырысы өткізілді, онда мынадай маңызды мәселелер қаралды:

- Компания жасалуында мүдделілік танытқан мәмілелерді жасау туралы;
- Компания міндеттемелерін оның жеке капиталының көлемінен он және одан

артық пайызды құрайтын шамаға арттыратын мәмілелерді жасау туралы;

- Келешекте болатын Акционерлердің жалпы жиналыстарын шақыру, күн тәртіптерін құру және толықтыру туралы;

- Компанияның қаржы есептілігін алдын ала бекіту;
- Компанияның 2020 жылғы және 2021 жылдың 3-тоқсанының қорытын-дысы бойынша таза табысын Компа-ния-ның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерінде бөлу тәртібі туралы ұсыныстар.

Т.А.Ә., туылған жылы	Соңғы үш жылда және қазіргі кезде атқарған қызметтері хронологиялық тәртіпте (қатар атқарған қызметтерді қоса алғанда)
Шахажанов Серик Каримжанович, 1977 ж.т., Директорлар Кеңесінің Төрағасы	2017 жылдың шілдесінен бастап қазіргі кезге дейін «Еуразиялық Топ» ЖШС Басқарма Төрағасы
Рахматуллаев Данияр Равшанович, 1985 ж.т., Директорлар Кеңесінің мүшесі	2018 жылдың қазанынан бастап қазіргі кезге дейін «Еуразиялық Топ» ЖШС Басқарма Төрағасының Орынбасары
Есенжулов Арман Бекетович, 1964 ж.т., Директорлар Кеңесінің мүшесі	2018 жылдың наурызынан бастап қазіргі кезге дейін «Қазхром» ТҰК» АҚ Президенті
Бекмурзаев Батырхан Жағыпарович, 1953 ж.т., Директорлар Кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор	2013 жылдың қаңтарынан бастап қазіргі кезге дейін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры
Толеуов Бейбит, 1958 ж.т., 01.06.2021 ж. бастап Директорлар Кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор	2021 жылдың ақпанынан бастап қазіргі кезге дейін «Теміртау электр металлургиялық комбинаты» АҚ-ның тау-кен инженері – маркшейдері 2013 жылдан бастап 2021 жылдың ақпанына дейін Бас геолог, «Fincraft Resources» АҚ Жер қойнауын пайдалану жөніндегі басқарушы директоры

БАСҚАРМА

Т.А.Ә., туылған жылы	Соңғы үш жылда және қазіргі кезде атқарған қызметтері хронологиялық тәртіпте (қатар атқарған қызметтерді қоса алғанда)
Есенжулов Арман Бекетович, 1964 ж.т.	• 2018 жылдың наурызынан бастап қазіргі кезге дейін «Қазхром» ТҰК» АҚ Президенті • 2015 жылдың қаңтарынан 2018 жылдың наурызына дейін «Қазақстан Алюминий» АҚ Президенті
Бектыбаев Азамат Адылғазынович, 1964 ж.т.	• 2017 жылдың сәуірінен бастап қазіргі кезге дейін «Қазхром» ТҰК» АҚ Басқарма мүшесі • 2021 жылдың сәуірінен бастап қазіргі кезге дейін «Қазхром» ТҰК» АҚ филиалы – Дөң тау-кен байыту комбинатының директоры • 2018 жылдың желтоқсанынан 2021 жылдың 31 наурызына дейін «Қазхром» ТҰК» АҚ Техникалық даму жөніндегі вице-президенті • 2017 жылдың наурызынан 2018 жылдың желтоқсанына дейін «Қазхром» ТҰК» АҚ Президентінің Бірінші орынбасары - Өндіріс және техникалық мәселелер жөніндегі вице-президенті
Левитина Софья Владимировна, 1979 ж.т.	• 2021 жылдың қаңтарынан бастап қазіргі кезге дейін «Қазхром» ТҰК» АҚ Басқарма мүшесі • 2021 жылдың қаңтарынан бастап қазіргі кезге дейін «Қазхром» ТҰК» АҚ Персонал және әлеуметтік мәселелер жөніндегі операциялық директоры • 2019 жылдың қарашасынан 2020 жылдың желтоқсанына дейін «ТрансКом» ЖШС Персонал және әлеуметтік мәселелер жөніндегі Басқарма бастығы, HR бизнес-серік-тесі • 2018 жылдың маусымынан 2019 жылдың қазанына дейін «Қазақстан Алюминий» АҚ Басқарма аппаратының Адам ресурстары департаментінің бастығы

2021 жылы Басқарма мүшесі Мухамедзянова Венера Маратовнаның (11 қаңтардан бастап) және Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі Едыгенов Ерик Казтаевичтің (31 мамырдан бастап) өкілеттіктері тоқтатылды.

Компанияның Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерінің ешбірінде Компанияның, оның еншілес немесе тәуелді ұйымдары-ның жарғылық (акционерлік) капиталында қатысу үлестері (акциялары) жоқ.

Дивидендтер туралы ақпарат

Жай және артықшылықты акцияның теңгерімдік құны Қазақстан Қор Биржасының листингтік ережелерінің 2-қосымшасына сәйкес есептелді.

Көрсеткіш (теңге)	31.12.2020	31.12.2021
Бір жай акцияның теңгерімдік құны	2 118	5 391
Бір артықшылықты акцияның теңгерімдік құны	945	937

Көрсеткіш (теңге)	2020	2021
Жалғасатын қызметтен жай акцияға базалық және бытыраңқы пайда	1 203	3 956

2019 Жылдан 2021 жылға дейін төленген дивидендтер

Қорытындысы бойынша дивиденд төленетін кезең	Бір жай акцияға дивиденд көлемі, теңге	Бір артықшылықты акцияға дивиденд көлемі, теңге	Негіздеме
2018 жылдың қорытындысы бойынша	167,88	167,88	Компания Жарғысы, 17.05.2019 ж. Акционерлердің Жалпы жылдық жиналысының хаттамасы
2019 жылдың 1-тоқсанының қорытындысы бойынша	392,62	392,62	Компания Жарғысы, 03.06.2019 ж. Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысының хаттамасы
2019 жылдың 1-жарты жылдығының қорытындысы бойынша	303,86	303,86	Компания Жарғысы, 11.10.2019 ж. Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысының хаттамасы
2019 жылдың 3-тоқсанының қорытындысы бойынша	316,09	316,09	Компания Жарғысы, 03.12.2019 ж. Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысының хаттамасы
2019 жылдың қорытындысы бойынша	63,50	100	Компания Жарғысы, 27.06.2020 ж. Акционерлердің Жалпы жылдық жиналысының хаттамасы
2020 жылдың 3-тоқсанының қорытындысы бойынша	535	535	Компания Жарғысы, 04.12.2020 ж. Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысының хаттамасы
2020 жылдың қорытындысы бойынша	666	666	Компания Жарғысы, 31.05.2021 ж. Акционерлердің Жалпы жылдық жиналысының хаттамасы
2021 жылдың 3-тоқсанының қорытындысы бойынша	319,84	319,84	Компания Жарғысы, 03.12.2021 ж. Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысының хаттамасы

Ақпараттық саясат және қызмет туралы ақпаратты ашып көрсету

Қазхром қызметі туралы ақпаратты ұсыну Қазақстан Республикасының заңнамасы-на және Компанияның Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады. Ақпаратты ашып көрсету барысында Қазхром ұсынылатын ақпараттың толықтығы, нақтылығы және уақыттылығы принциптерін басшылыққа алады.

Қазхром өз қызметінің акционерлер мен инвесторлардың мүлiктiк және басқа да құқықтарына елеулi әсер етуi мүмкiн негiзгi нәтижелерi, жоспарлары мен перспективалары туралы ақпаратты уақытылы ашып көрсетедi, сондай-ақ акционерлердiң сауалдарына Компания-ның Жарғысында көрсетiлген мерзiмде уақытылы және толық көлемде жауап бередi. Корпоративтiк оқиғалар туралы ақпаратты Компания жария интернет-ре-сурстарда: қаржы есептiлiгiнiң депозитарийi, Қазақстан қор биржасы, «Астана» - «AIX» халықаралық қаржы орталығының ақпараттық платформасында ашып көрсетедi.

Қазхром акционерлердiң, сондай-ақ басқа да мүдделi тұлғалардың барлық келiп түскен сауалдарына Қазақстан Республикасының заңнамасында және Компанияның Жарғысында көрсетiлген мерзiмде уақытылы және толық көлемде жауап бередi.

Мүдделi тараптармен өзара әрекеттесу

Мүдделi тараптармен өзара әрекеттесу үшiн Компанияда мынадай құжаттар бекiтiлiп, қолданылады:

- «Тәуекелдер мен мүмкiндiктердi бағалау тәртібi» әдiснамалық нұсқаулығы – бұл iшкi құжат Компанияның мүдделi

тараптармен өзара әрекеттескен кезде өз тәуекелдерi мен мүмкiндiктерiн бағалау және сәйкестендiру тәртібiн белгiлейдi.

- «Байланысқан тараптармен жасалатын шарттарға қатысты саясат» - бұл саясат осы саясатта белгiленген байланысқан тараптармен шарттарды қарау және мақұлдауға қатысты қолданылады.

Сыйақы туралы ақпарат

Директорлар кеңесiнiң мүшелерiне сыйақы мөлшерiн, сондай-ақ қызметақы көлемiн, Басқарма мүшелерiнiң еңбекақы мен сыйақы тағайындау шарттарын негiзгi нәтижелерi, жоспарлар туралы» Қазақстан Республикасы заңына сәйкес жүзеге асырылады. 2021 жылы төленген Директорлар кеңесi мен Басқарма мүшелерiне 2021 жылы 2020 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша төленген сома 844 млн теңгенi (табыс салығын қоса есептегенде), ал 2020 жылы 1 062 млн теңгенi құрады (табыс салығын қоса есептегенде). Директорлар кеңесi мен Басқарма мүшелерiне зейнетақы бойынша сыйақыларды қамтамасыз етуге жинақтар қарастырылмаған.

Компанияның Корпоративтiк басқару кодексiнiң ережелерiн орындауы туралы есеп

Компания өз қызметiнде Акционерлердiң Жалпы жиналысының 2017 жылғы 13 наурызда шешiмiмен бекiтiлген Корпора-тивтiк басқару кодексiн басшылыққа алады.

Компанияда мынадай iшкi құжаттар уәкiлеттi органдар тарапынан бекiтiлiп, орындалады:

- Директорлар кеңесi туралы ереже
- Корпоративтiк мiнез-құлық кодексi

Негiзгi басшылар командасы



Арман Есенжолов

«Қазхром» ТҰК» АҚ Президенті

ERG құрылымында 30 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар. 1986 жылы Мәскеу болат және қорытпа институтын тәмамдап, еңбек жолын 1986 жылы Ақтөбе ферроқорытпа зауытында балқытушы мамандығынан бастаған, сонда кәсіпорынның бас инженері лауазымына дейін кәсіби өсудің барлық сатыларынан өткен.

2006 жылдың сәуірінде ERG құрамындағы Серов ферроқорытпа зауытының бас директоры болып тағайындалған. Екі жыл ішінде зауытты залалды кәсіпорын жағдайынан Ресей Федерациясының өнеркәсіп көшбасшысы дәрежесіне жеткізген. Өндірісті кең ауқымды қайта құру және жетілдіру кезеңдерін іске асырып, көптеген әлеуметтік мәселелерді шешкен.

2008 жылдың шілдесінде ERG құрамын-дағы Ақсу ферроқорытпа зауытын басқарған. Ол басшылық еткен кезде бөлімше әлемдік қаржылық дағдарыс жағдайында ұжымды сақтап қалып, өндірістік қуатты ұлғайтты және ферроқо-рытпа өндіру бойынша да, шығарылатын өнімнің сапасы бойынша да әлемдік көшбасшыға айналды, өткізу нарықтары кеңейтілді.

2014 жылдың қыркүйегінде Арман Есенжолов «Қазақстан Алюминий» АҚ-ның бірінші вице-президенті болып тағайын-

далды. Ал 2015 жылдың қаңтарында – осы акционерлік қоғамның президенті атанды. Жұмыс істеген кезеңде инвестициялық бағдарламаны жоспарлау тәсілін өзгерту есебінен өндірістік қуатты жетілдіру және қолдау бойынша жобалар қолға алынды. Ұжымдық шарт қайта қаралып, бірқатар маңызды тармақтары толықтырылды. Сол кезеңде компанияның кен базасын дамытуға қадам жасалды, бұл жұмыс тиімділігін арттыруға мүмкіндік берді.

2018 жылдың наурызында Арман Есенжо-лов «Қазхром» ТҰК» АҚ Президенті болып тағайындалды. Оның басшылығымен инвестициялық жобаларды жүйелендіру бойынша жұмыс басталды. Ақтөбе зауытының № 4 балқыту цехы жобалық қуатқа шықты, № 1 және № 2 балқыту цехтарының жұмысын ұзарту стратегиясы әзірленді. Өндіріс қалдықтарын қайта өңдеу мәселелері бойынша жаңа шешім-дер іздестірілуде, қызметкерлердің санитарлық-тұрмыстық жағдайын жақсарту бойынша бағдарламаларды іске асыру тәсілі қайта қаралды. Кадрлық резервті қалыптастыру, желілік басшылардың Компанияның негізгі мақсаты мен құндылықтарын берік ұстануы бойынша жаңа жобалар қолға алынды.

М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемле-кеттік университетінің Іскерлік әкімшілік магистрі дәрежесіне ие..

Азамат Бектібаев

«Қазхром» ТҰК» АҚ филиалы – Дөң тау-кен байыту комбинатының директоры

Тау-кен өндіруші өнеркәсіпте 30 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар, оның ішінде 10 жыл басқарушы қызметтерде, техника ғылымдарының кандидаты, 2004 жылдан бері ERG құрылымында жұмыс істеп келеді.

Азамат Бектібаев 1986 жылы В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институ-тын аяқтаған.

Өзінің кәсіби жолын КСРО 50 жылдығы атындағы Белогорский КБК «Огневка» кенішінде тау-кенші қызметінен бастаған. 1994 жылы ғылым саласында еңбек еткен, аспирантураны аяқтаған, кандидаттық дис-сертациясын қорғап, техника ғылымдары-ның кандидаты дәрежесін алған.

2004 жылы Азамат Бектібаев ERG тау-кен өндірісі департаменті тау-кен бөлімінің бастығы қызметіне келді. Кәсіби өсудің барлық сатыларынан өтіп, 2014 жылы басқарма төрағасының Өндіріс жөніндегі орынбасары болып тағайындалды. Азамат Бектібаев елдің ең ірі тау-кен металлурги-ялық компаниясы – ERG-дің бүкіл өндірістік қызметі үшін, атап айтқанда, кен өндіру және тауарлық өнім: ферроқорытпа, темір

кенді шикізаты, глинозем, алюминий, көмір және электр энергиясының өндірісін жауаптанды. ERG кәсіпорындарында жаңа технологияларды, экономикалық тиімділік бағдарламаларын әзірлеу және енгізу барысына жетекшілік еткен.

Азамат Бектібаев ERG-ге геоақпараттық жүйелер сияқты озық құралдардың қолданылуымен жүйелі стратегиялық жоспарлауды енгізудің бастамашысы. Оның басшылығымен бөлімшелер үшін технологиялар, жабдық және материалдар таңдау барысында жаңа тәсілдерді пайдалану жұмыстары басталды, өндірістік блокты толық қайта ұйымдастыру жүзеге асырылды.

2017 жылдан бастап ол «Қазхром» ТҰК» АҚ басқару блогына президенттің бірінші орынбасары – өндіріс және техникалық мәселелер жөніндегі вице-президент қызметіне кірісті.

2009 жылы Азамат Бектібаев М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемле-кеттік университетінің MBA бағдарламасын табысты аяқтап, Іскерлік әкімшілік магистрі дәрежесін алды. 50-ден астам ғылыми мақалалары мен 12 өнертабысы бар.



Сергей Прокопьев

Өндіріс жөніндегі вице-президент

Ақсу ферроқорытпа зауытында ферроқорытпа өндірісінде түрлі позицияларда 20 жылдан астам тәжірибесі бар.

Сергей Прокопьев еңбек жолын 2002 жылы Ақсу ферроқорытпа зауытында ферроқорытпа цехы ферроқорытпа пешінің көрікшісі ретінде бастады. 2006 жылдан бастап Инновациялық еуразиялық университетті аяқтаған соң, қызу жұмыс учаскесінде шебер, аға шебер, ферроқорытпа цехының бастығы қызметтерін атқарған. 2013 жылы өндірістік басқарма бастығының қызметіне тағайындалған, 2014 жылы директордың өндіріс жөніндегі техникалық орынбасары, содан кейін Ақсу ферроқорытпа зауытының директоры қызметіне тағайындалды.

Зауытта жұмыс істеген тұста Сергей Прокопьев өндірісті дамытуға елеулі үлес қосты. Сергей Прокопьев зауыттарда тауарлық өнім өндірісінің қосымша көлемдерін алуға мүмкіндік берген мынадай бастамаларды қолға алып, іске асырды:

- қыста қосымша тауарлық өнім мен металконцентратын алу мақсатында тұндыру кешеніне жабын құру, бұл жоба іске асырылған және тауарлық феррохром мен металконцентрат бойынша қосымша көлем береді;
- екі ферроқорытпа зауытында металконцентратты үстеме себінді ретінде қолдану тұрғысынан технологияны өзгерту;
- Ақсу ферроқорытпа зауытында шлактарды қайта өңдеу схемасын өзгерту;
- Ақсу ферроқорытпа зауытында №4 құйғыш машинаны автоматтандыру пилоттық жобасын енгізу.

2021 жылдың сәуірінен бастап «Қазхром» ТҰК» АҚ басқарушы блогына өндіріс жөніндегі вице-президент қызметіне кірісті. Оның басым міндеттері қатарында ферроқорытпа өндірудің прогрессивті технологияларын енгізу, тау-кен жыныстарын өндіру және бекітудің озық технологияларын енгізу, өндіріс өнімділігін арттырудың озық әдістерін енгізу.



Константин Семеренко

«Қазхром» ТҰК» АҚ Техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі вице-президент

Ақсу ферроқорытпа зауытында және «Қазхром» ТҰК» АҚ-да түрлі позицияларда техникалық қызмет көрсету мен жөндеуде 20 жылдан астам тәжірибесі бар.

2000 жылы Павлодар мемлекеттік университетін аяқтағаннан кейін, Константин Семеренко Ақсу ферроқорытпа зауытына №4 балқыту цехына слесарь-жөндеуші қызметінде келді. 2007 жылдан бері жүк көтергіш механизмдерді жөндейтін шебер, механикалық жабдықтарды жөндеу және техникалық қызмет жөніндегі аға шебер, механикалық жабдық бойынша цех бастығының көмекшісі қызметтерін атқарды, №4 балқыту цехының механикалық жабдығын ТҚЖЖ жүйесін ұйымдастыру және басқару мәселелерімен айналысты.

2013 жылы ERP-жүйесін енгізу бойынша жобаға бизнес-аналитик ретінде қатысу

үшін шақырылды. 2014 жылы осы жобада «Жөндеулер» бағытын басқарды.

Жоба аяқталысымен 2014 жылы Ақсу ферроқорытпа зауытына бас механик қызметінде оралды. 2018 жылы «Қазхром» ТҰК» АҚ басқарушы блогына еніп, техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жөніндегі вице-президент қызметіне ауысты. Оның басым міндеттері қатарында мыналарды атауға болады: жабдықтың уақытылы реттеліп жөнделуін қамтамасыз ететін прогрессивті жөндеу технологияларын, кешенді қызмет көрсету жүйелерін енгізу, қалыпты техникалық жағдайды, тұрақты жұмысты қамтамасыз ету, жабдықтың бос тұруларын азайту, Компанияда техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жүйелерін жетілдіру.



Марат Кудеков

Қаржы-экономикалық мәселелер жөніндегі вице-президент

ERG Тобының қазақстандық және еуропалық кеңселерінде қаржы басқаруда 15 жылдан астам тәжірибесі бар.

2001 жылы Марат Кудеков Алматы қ. Қазақ мемлекеттік басқару академиясын «Халықаралық экономикалық қатынастар» мамандығы бойынша аяқтады. 2009 жылы Cass Business School қаржы магистрі дәрежесін, ал 2016 жылы - London Business School MBA дәрежесін алды. Университетті тәмамдап, ERG-ге келгенге дейін қазақстандық және халықаралық ұйымдарда микроқаржыландыру индустриясында жұмыс істеді.

Еуразиялық Топ командасына Марат Кудеков 2006 жылы қосылды. Жұмысын басқарушы компанияның қазақстандық кеңсесінде экология, стандарттау және сертификаттау департаментінің маманы болып бастаған. Кейін қаржы блогына ауысып, онда ERG-дің қазақстандық және еуропалық кеңселерінде түрлі қызметтерде жұмыс істеді.

2013 жылы Топтың стратегиялық жоспарлау және инвестициялық талдау департаменті директорының орынбасары қызметіне тағайындалды. Оның міндетіне ұзақ мерзімді жоспарлау процесін басқару және күрделі жобаларды қаржылық



Софья Левитина

«Қазхром» ТҰК» АҚ Персонал және әлеуметтік мәселелер жөніндегі операциялық директоры

Топ кәсіпорындарында түрлі позицияларда персоналды басқаруда 10 жылдан астам тәжірибесі бар. 2005 жылы С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетін аяқтаған.

Софья Левитина еңбек жолын 2002 жылы «Қазақстан алюминийі» АҚ ТЭО-да бастаған. 2002–2018 жж. аралығында экономика, жоспарлау және талдау саласында түрлі қызметтер атқарған: экономист, жоспарлау-экономикалық бөлімінің бюро бастығы, экономика, жоспарлау және еңбекақы басқармасы бастығының орынбасары, бюджеттеу және талдау басқармасының бастығы, «Қазақстан алюминийі» АҚ Экономика департаментінің бастығы. Софья Левитина айналысқан мәселелер аясына сыйақы және өтемақы тағайындау жүйесін әзірлеу және енгізу мәселелері де кірді. 2018–

бағалау жүйесін және Топ деңгейінде инвестициялық шешімдерді қабылдау жүйесін құру кірді.

2015–2017 жж. аралығында Марат Кудеков Лондондағы Bryanston Resources халықаралық консалтинг агенттігіне кеңесші болып ауысты, онда Африкадағы ERG активтеріне негізделе отырып стратегиялық жоспарлау процестеріне қатысты.

2018–2020 жж. аралығында ERG ұзақ мерзімді жоспарлау және талдау департаментінің директоры қызметінде жұмыс істеп, онда Топтың барлық активтері үшін ұзақ мерзімді қаржылық жоспарлау мәселелерімен айналысты.

2021 жылдың қаңтарынан бастап «Қазхром» ТҰК» АҚ топ-менеджерлер командасына қаржы-экономикалық мәселелер жөніндегі вице-президент қызметінде қосылды. Оның міндеттерінің шеңберіне Компанияның қызметін қаржы және экономикалық қызметтің барлық бағыттары бойынша ұйымдастыру кіреді. Бизнесітегі серіктестермен, мемлекеттік билік өкілдерімен өзара қарым-қатынасты қолдау. Сонымен қатар ол нарықтағы үрдістердің өзгеруін ескере отырып, компанияның даму стратегиясына тұрақты мониторинг және талдау өткізіп отырады. Компания мен бюджеттерді дамыту бизнес-жоспарын әзірлеу барысына қатысады, олардың орындалуына бақылау жүргізеді.

2019 жж. аралығында «Қазақстан алюминийі» АҚ Адам ресурстарын басқару департаментінің бастығы қызметін атқарды.

2019–2020 жж. аралығында «ТрансКом» ЖШС персонал және әлеуметтік мәселелер жөніндегі басқарма бастығы қызметін атқарды. Ол басшылық еткен жылдары кадрлық резерв құру, кадрлық саясатты, еңбекақы және жеңілдіктер жүйесін жетілдіру, кәсіби бағдарлау және бейімдеу, жастар саясаты, персоналды оқыту және еңбек қызметін бағалау бағыттары бойынша жұмыс жүргізілді.

2021 жылдың қаңтарынан бастап «Қазхром» ТҰК» АҚ басқару блогына Персонал және әлеуметтік мәселелер жөніндегі операциялық директор қызметіне кірді. Оның міндеттері қатарында: кадрлық саясатты жетілдіру, персоналды дамыту және таңдау стратегиясы, сондай-ақ корпоративтік мәдениетті ілгерілету және нәтижелілікті басқару.

ДЕРЕКТЕРДІҢ СЕНІМДІЛІГІ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ

Компанияның Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес, Директорлар кеңесі мен Басқарма Қазхромның жылдық есебі мен қаржылық есептілігінің сенімділігі үшін жауапты.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК





Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Қазхром» ТҰК» АҚ акционерлері мен Директорлар кеңесіне:

Біздің пікіріміз

Біздің пікіріміз бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілік «Қазхром» ТҰК» АҚ («Компания») мен оның еншілес кәсіпорындарының (бұдан әрі бірге – «Топ» деп аталады) 2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ Топтың көрсетілген күні аяқталған жыл ішіндегі шоғырландырылған қаржылық нәтижелері мен ақша қаражаттарының шоғырландырылған қозғалысын Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес барлық елеулі тұрғыда анық көрсетеді.

Аудиттің мәні

Біз Топтың төмендегілерден құралатын шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік:

- 2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шоғырландырылған бухгалтерлік баланс;
- көрсетілген күні аяқталған жыл үшін пайда немесе залал және басқа жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп;
- көрсетілген күні аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп;
- көрсетілген күні аяқталған жыл үшін ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп;
- шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер, оған қоса есеп саясатының негізгі ережелері және басқа да түсіндірме ақпарат.

Пікір білдіру үшін негіз

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндетіміз әрі қарай біз жасаған қорытындымыздың «Қаржы есептілігінің аудитіне жауапты аудитордың жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған.

Біз өзіміз алған аудиторлық дәлелдер шынайы және өз аудиторлық пікірімізді білдіру үшін негіз беруге тиісті, жеткілікті болып табылады деп есептейміз.

Тәуелсіздік

Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары бойынша Кеңес шығарған Кәсіби бухгалтерлердің (оған қоса Халықаралық тәуелсіздік стандарттары) Халықаралық Әдеп Кодексіне (бұдан әрі - БХӘСК Кодексі) және Қазақстанда біздің шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитіне қолданылатын әдеп талаптарына сәйкес Топқа қатысты тәуелсізбіз. Біз БХӘСК Кодексіне және біздің шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитімізге қолдануға болатын Қазақстан Республикасының әдеп талаптарына сәйкес басқа да әдеп міндеттерін орындадық.

«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС
Әл-Фараби даңғылы, 34, А-ғимараты, 4-қабат, A25D5F6 Алматы, Қазақстан
Т: +7 (727) 330 3200, Ф: +7(727) 244 6868, www.pwc.com/kz

МАЗМҰНЫ

- 61 Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі
- 70 Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс
- 71 Пайда немесе залал және басқа жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп
- 72 Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп
- 73 Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп
- 74 Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер

Біздің аудитіміздің әдістемесі

Қысқаша шолу



- Топтың жалпы шоғырландырылған қаржылық есептілік деңгейіндегі маңыздылығы: 19,171,350 мың теңге, бұл салық салуға дейінгі пайданың шамамен 3.7%
- Біз бір мемлекеттегі бір есеп беретін кәсіпорында аудит бойынша жұмыс жүргіздік.
- Топтың аудиторлық командасы Ақтөбе, Хромтау және Ақсу қалаларына барып қайтты.
- Аудит көлемі Топтың барлық активтерінің 99%-ін, түсімнің 99%-ін және Топтың салық салуға дейінгі пайдасының 99%-ін
- Қарыздар бойынша ковенанттарды сақтау
- Түсімді тану

Аудитті жоспарлау кезінде біз маңыздылығын анықтадық және шоғырландырылған қаржылық есептіліктің айтарлықтай бұрмалануына бағалау жүргіздік. Атап айтқанда, біз басшылықтың қай салаларда, мысалы сипатының себебінен олармен белгісіздік байланысты болатын болашақ оқиғаларды қарауды және жорамалдарды білдіруді қамтыған елеулі бағалау мәндеріне қатысты субъективті пікір білдіргенін талдадық.

Біздің барлық аудиттерімізге ұқсас, біз сондай-ақ басшылықтың ішкі бақылау жүйесін айналып өту тәуекелін, арам ниетті іс-қимылдардың салдарынан елеулі бұрмалану тәуекелін құратын басшылықтың әділетсіздік белгілерінің болуына жасалған бағалауды қарадық.

Маңыздылық

Біздің аудитіміздің көлемін анықтауға біздің маңыздылықты қолдануымыз әсер етті. Аудит шоғырландырылған қаржылық есептілікте елеулі бұрмаланулардың жоқтығына нық сенімді болуға арналған. Бұрмаланулар арам ниетті іс-қимылдардың немесе қателердің нәтижесінде пайда болуы мүмкін. Олар егер жеке-жеке немесе бірге пайдаланушылардың осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізінде қабылдайтын экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізді түрде болжауға болатын болса, маңызды болып саналады.

Өз кәсіби пайымымызға негізделе отырып, біз маңыздылық үшін, соның ішінде Топтың төмендегі кестеде көрсетілгендей жалпы шоғырландырылған қаржылық есептілік деңгейіндегі маңыздылығы үшін белгілі бір сандық шекті мәндерді белгіледік. Осы мәндердің көмегімен және сапалық факторларды ескере отырып, біз аудитіміздің көлемін, сондай-ақ өткізу мерзімдері мен сипатын және аудиторлық процедураларымыздың көлемін белгіледік және бар болған жағдайда, бұрмаланулардың (жеке-жеке немесе барлығы бірге) шоғырландырылған қаржылық есептілікке жалпы әсерін бағаладық.

Жалпы Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілік деңгейіндегі маңыздылығы 19,171,350 мың теңге

Біз оны қалай анықтадық пайдадан салық салуға дейін шамамен 3.7%

Маңыздылық деңгейін анықтау үшін қолданылған базалық көрсеткішті негіздеу

Біз салық салуға дейінгі пайданы маңыздылық деңгейін анықтау үшін базалық көрсеткіш ретінде таңдап алдық, себебі біз нақты осы базалық көрсеткішті пайдаланушылар Топ қызметінің нәтижелерін бағалау үшін ең жиі қараастырады және оны көпшіліктің басым бөлігі қабылдаған деп есептейміз. Біз маңыздылықты 3.7% деңгейінде белгіледік, бұл біздің кәсіби пайымымыз бойынша осы саладағы пайдаға бағдарланған компаниялар үшін маңыздылықтың қолдануға болатын сандық шекті мәндері диапазонына кіреді.

Біз корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалармен аудитіміздің барысында 958,000 мың теңгеден асатын бұрмаланулар, сондай-ақ біздің пікірімізше сапалық сипаттамаларына байланысты забарлауды қажет ететін осы сомадан төмен бұрмаланулар туралы хабарлайтынымызды келістік.

Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттік негізгі мәселелері – бұл біздің кәсіби пікірімізге сәйкес біздің ағымдағы кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікке жасаған аудитіміз үшін ең маңызды болып табылған мәселелер. Бұл мәселелер біздің шоғырландырылған қаржылық есептілігіміздің аудитінің мәнмәтінінде жалпы және біздің есептілік туралы пікірімізді қалыптастыруымыз кезінде қаралды, және біз бұл мәселелер бойынша жеке пікір білдірмейміз.



Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі (жалғасы)

4-бет

Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттің негізгі мәселелеріне қатысты қандай аудиторлық процедуралар орындалды

Қарыздар бойынша ковенанттарды сақтау

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке 2-ескертпе.

Топ Eurasian Resources Group S.à r.l. (“ERG”) еншілес компаниясы болып табылады. Алдыңғы және ағымдағы кезеңдердің ішінде ERG және оның еншілес компаниялары әртүрлі қызметтерді қаржыландыру үшін кредиттік келісімдер жасасты. Топ аталған кредиттік келісімдерде тараптардың бірі болып табылады және алынған, шоғырландырылған бухгалтерлік баланста көрсетілген қарыздардан басқа Топ тікелей бас компания алған қарыз бойынша кепілгер болып табылады (17-ескертпе).

2-ескертпеде көрсетілгендей, 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ERG Тобы, оған қоса Топ, өзінің барлық банктік міндеттемелері мен қаржылық ковенанттарын сақтады.

Қарыздар бойынша ковенанттарды сақтау аса маңызды болып табылады, себебі Топ алған қарыздардың жіктелуіне және қаржылық кепілдіктердің бағалануына, сондай-ақ Топ өтімділігінің жалпы деңгейіне әсер етеді. Біз аталған мәселені аудиттің басты мәселесі болып табылады деп есептейміз, себебі оның Топ үшін және шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін маңызы зор.

Осы тәуекелді жөнелтетін біздің процедураларымыз

Біздің аудиторлық процедураларымыз ERG мен Топтың қарыздары бойынша ковенанттарды сақтауын бағалауды қамтыды.

Біз төмендегілерге назар аудардық:

- алынған қарыздар бойынша шарттарды, сондай-ақ пайдалану үшін қолжетімді және өтеуді талап ететін сомаларды тексеру;
- Топтың кредиттік келісімдерінің шарттар бойынша қаржылық және қаржылық емес ковенанттардың әрқайсысын сақтауын тексеру, оған қоса талап ету құқығынан бас тарту туралы қарыз берушілерден алынған барлық растамаларды тексеру (егер қолданылатын болса);
- ERG аудиторлық командасының қарыздар бойынша ковенанттарды жалпы ERG тобының, және оның еншілес компанияларының сақтауын растау;
- алынған қарыздардың жіктелуінің дұрыстығын тексеру және қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемелерді бағалау.



Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі (жалғасы)

5-бет

Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттің негізгі мәселелеріне қатысты қандай аудиторлық процедуралар орындалды

Түсімді тану

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке 19-ескертпе, 26-ескертпе және 27-ескертпе

Сатып алушыларға жеткізілетін ферроқорытпаларды өткізуден түскен түсім өткізілген күнгі алдын ала бағалаудың негізінде танылады. Түсімнің осы сияқты түзетулеріне «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім» ҚЕХС 15-те емес, «Қаржы құралдары» ҚЕХС 9-та талаптар қойылады және олар сатып алушылармен жасалған шарттардан өзге көздерден түскен түсімдерді білдіреді.

19-ескертпеде көрсетілгендей, 2021 жылдың ішіндегі түсім сатып алушылармен жасалған шарттардан өзге көздерден түскен 110,119,693 мың теңге (2020 жыл: 7,562,538 мың теңге мөлшеріндегі залал) мөлшеріндегі кірістен құралады. 26-ескертпеде көрсетілгендей, ферроқорытпаларға нарықтық бағалардың он процентке азаюы салық салуға дейінгі таза пайданы 5,942,773 мың теңгеге (2020 жыл: 4,879,742 мың теңгеге азайған) дейін азайтады. Демек, сатып алушылармен жасалған шарттардан өзге көздерден түсімнің дебиторлық берешектің әділ құнының дәл анықталмауының және жыл соңындағы әділ құнның өзгеруіне есептеулердің дұрыс жүргізілмеуінің нәтижесінде бұрмалануы, соның салдарынан танылған түсім сомасына әсерін тигізуі мүмкін деген қауіп бар.

Түсім басшылықтың субъективті пайымдауларды пайдалануы арқылы ішкі бақылау құралдарын айналып өтуінің және жергілікті басшылық қызметтің мақсатты көрсеткіштеріне жету үшін ұшырауы мүмкін қысымның себебінен түсімді уақытынан бұрын танудың нәтижесінде түсім шамадан тыс көбейтіліп жазылуы мүмкін деген қауіп бар.

Аталған тәуекелді жөнелтетін біздің процедураларымыз

Біздің аудиторлық процедураларымыз, өзгелерден басқа, Топтың түсімін тану үдерісі туралы түсінік алуды, дизайнын бағалауды және оны бақылаудың операциялық тиімділігін бағалауды қамтыды. Оларға мыналар жатады, бірақ онымен шектелмейді: шарттарды авторландыру, баға ұсыныстарын бекіту, түсімді тану кезін анықтау және ең өзекті алдын ала бағалардың негізінде танылған түзетулерді есептеу.

Біз сондай-ақ дизайнды бағалап, біздің IT-мамандарымыздың көмегімен түсімді тану үдерісін автоматты түрде бақылау жұмысының тиімділігін сынадық.

Біз басшылықтың есеп саясатын және басшылықтың алдын ала бағаларды анықтау үшін пайдаланған әдістемесін бағаладық. Одан басқа, біздің аудиторлық процедураларымыз кезінде біз өткізу бойынша жүйе генерациялаған есептердің және ең өзекті алдын ала бағалаулар мен соңғы бағаларды көрсететін жүргізілген түзетулердің есептеулерін тексеруге арналған бас кітап деректерінің арасындағы барлық салыстырып тексерулерді сынақтан өткіздік.

Жыл соңында іріктеудің негізінде анықталған алдын ала бағалардың дәлдігін бағалау үшін біз сыртқы талдаушылардың деректері бойынша базистік бағалардың болжамдарын тексердік. Іріктемелі негізде біз:

- шарттармен және баға ұсыныстарымен таныстық;
- операция жасалған күнгі алдын ала бағалардың негізінде танылатын түсімді қайта есептедік;
- негізінен, жыл соңына жақын кезеңге көңіл бөле отырып, тауармен ілесетін құжаттарды тексердік.



Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі (жалғасы)

6-бет

Аудиттің негізгі мәселелері	Аудиттің негізгі мәселелеріне қатысты қандай аудиторлық процедуралар орындалды
Біз бұл мәселені біздің жалпы аудит стратегиямызға және аудитімізді жоспарлау және аяқтау кезінде ресурстарды бөлуге елеулі әсер ететіндіктен аудиттің басты мәселесі деп есептейміз, өйткені түсімді танудың дұрыстығын бағалау үшін айтарлықтай күш салу қажет болды.	Біз бір жыл ішінде жөнелтілген көлемдердің дәлдігін тексеру үшін негізгі сатып алушыдан растау хатын алдық. Біз сондай-ақ Топтың түсімді тану бойынша есеп саясатына қатысты ашылуларының сәйкестігін бағаладық.

Топты аудиттен өткізу көлемін анықтау

Біз аудиттің көлемін Топтың құрылымын, Топ қолданатын есеп үдерістері мен бақылау құралдарын ескере отырып, сондай-ақ Топтың өз қызметін жүзеге асыратын саласының ерекшелігін ескере отырып, шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы жалпы пікірімізді білдіру үшін жұмыстарды жеткілікті көлемде орындай алуымыз мүмкін болатындай анықтадық.

Топтың активтері мен операциялары Компанияның және оның екі еншілес кәсіпорындарының арасында үлестірілді. Солардың ішінен біз Компанияны аудиті толық көлемде жүргізілген жалғыз маңызды компонент ретінде белгіледік. Топтың өзге компанияларын біз маңызды емес компоненттер ретінде белгіледік, оларға қатысты аудиторлық процедураларды біз қаржылық ақпараттың ең маңызды жолдары бойынша жүргіздік, оған қоса жалпы талдау процедураларын жүзеге асырдық. Жалпы, біздің аудит көлеміміз барлық активтердің 99%, жалпы түсімнің 99% және Топтың таза пайдасының 99% қамтыды. Біз орындаған жоғарыда көрсетілген процедуралар бізге Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне қатысты жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдерді алуға және ол туралы пікіріміз үшін негізді қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Басқа ақпарат

Басшылық басқа ақпарат үшін жауапты. Басқа ақпаратқа біз болжағандай, бізге осы аудиторлық есеп жасалған күннен кейін ұсынылатын Жылдық есеп жатады (бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілік пен біздің осы есептілік туралы аудиторлық есебіміз жатпайды).

Біздің шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратқа қатысты емес, және біз аталған ақпаратқа қатысты қандай да бір түрдегі сенім білдіретін қорытынды бермейміз.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудит жүргізуімізге байланысты біздің міндетіміз жоғарыда көрсетілген басқа ақпаратпен бізге ұсынылған кезде танысу және басқа ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есептіліктің немесе біздің аудит барысында алған білімдеріміздің арасында айтарлықтай сәйкессіздіктердің бар-жоғы, және басқа ақпаратта өзге ықтимал елеулі бұрмалаушылықтардың болу-болмауы туралы мәселені қарау болып табылады.

Егер Жылдық есеппен танысқан кезде оның ішінде елеулі бұрмалаушылықтар бар деген қорытындыға келсек, біз мұны корпоративтік басқаруға жауапты адамдарға жеткізуіміз керек.



Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі (жалғасы)

7-бет

Басшылықтың және корпоративтік басқару үшін, шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін жауапты тұлғалардың жауапкершілігі

Басшылық аталған шоғырландырылған қаржылық есептілікті Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сай әзірленуі және анық ұсынылуына және арам ниетті іс-қимылдардың немесе қателердің салдарынан елеулі бұрмалаушылықтары жоқ шоғырландырылған қаржылық есептілікті әзірлеу қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті әзірлеу кезінде басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілеті, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді жариялау және басшылықтың Топты таратуды, оның қызметін тоқтатуды көздеп отырған жағдайларын немесе оның таратудан немесе қызметті тоқтатудан басқа нақты баламасы болмайтын жағдайларын қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде есептілікті құруға жауапты.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауын қадағалауға жауапты.

Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудитіне аудитордың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептілікте арам ниетті іс-қимылдардың немесе қателердің салдарынан елеулі бұрмалаушылықтардың жоқтығына, және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есептің шығарылатынына қисынды сенімділікке қол жеткізу болып табылады. Қисынды сенімділік бұл жоғары дәрежедегі сенім болғанымен, АХС сәйкес жүргізілген аудиттің егер бар болса, елеулі бұрмалаушылықтарды әрдайым анықтайтынына кепілдік болып табылмайды. Бұрмалаушылықтар арам ниетті іс-әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болып табылады және егер жеке-жеке немесе барлығы бірге пайдаланушылардың осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізінде қабылдайтын экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізді түрде болжауға болатын болса, елеулі болып саналады.

АХС сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіби пайымдауды қабылдаймыз және бүкіл аудит барысында кәсіби күмәнді сақтаймыз. Одан бөлек, біз мыналарды орындаймыз:

- арам ниетті іс-әрекеттер мен қателердің салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептілікті елеулі бұрмалау тәуекелдерін айқындаймыз және бағалаймыз, осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; пікірімізді білдіру үшін жеткілікті және тиісінше болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Арам ниетті іс-әрекеттердің нәтижесіндегі елеулі бұрмалаушылықтарды айқындамау тәуекелі қатенің нәтижесіндегі елеулі бұрмалаушылықты айқындамау тәуекелінен жоғары, себебі арам ниетті іс-әрекеттер сөз байласудан, жалғандықтан, қасақана өткізіп жіберуден, ақпаратты бұрмалап ұсынудан немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өтіп әрекет жасаудан құралуы мүмкін.
- ішкі бақылау жүйесі туралы Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, мән-жайларға сай аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызы бар түсінік аламыз.
- Қолданатын есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндері мен ақпараттың тиісті ашылуының негізділігін бағалаймыз.



Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі (жалғасы)

8-бет

- Басшылық қызметінің үздіксіздігі туралы жорамалды қолданудың заңдылығы туралы қорытынды, ал алынған аудиторлық дәлелдердің негізінде – нәтижесінде Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыруға қабілеттілігіне қатысты айтарлықтай күмәндар пайда болуы мүмкін оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты елеулі белгісіздіктің бар-жоғы туралы қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы қорытындыға келсек, біз аудиторлық есебімізде ақпараттың шоғырландырылған қаржылық есептілікте тиісінше жариялануына назар аудартуымыз немесе, егер ақпараттың мұндай жариялануы тиісінше жүзеге асырылған болса, пікірімізді өзгертуіміз керек. Біздің қорытындыларымыз аудиторлық есебіміз жасалған күнге дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда болашақтағы оқиғалар немесе жағдайлар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айрылуына алып келуі мүмкін.
- Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің жалпы ұсынылуына, оның құрылымына және мазмұнына, оған қоса ақпараттың жариялануына, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды олардың анық көрсетілуі қамтамасыз етілетіндей ұсынылған-ұсынылмағанына бағалау жүргіземіз.
- Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікір білдіру үшін ұйымдардың қаржылық ақпаратына немесе Топ ішіндегі қызметке қатысты жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдерді аламыз. Біз Топтың аудитіне жетекшілік, бақылау және аудит жүргізуге жауаптымыз. Біз өз аудиторлық пікіріміз үшін толық жауаптымыз.

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалармен оларға өзгелермен қатар аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудиттің нәтижелері бойынша маңызды ескертпелер туралы, соның ішінде ішкі бақылау жүйесінің аудит барысында біз анықтайтын елеулі кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

Біз сондай-ақ корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағанымыз және ол тұлғаларға аудитордың тәуелсіздігіне негізді түрде әсер ететін мәселелер деп есептеуге болатын басқа мәселелер, және қажет болған жағдайларда – қауіп-қатерлерді жою үшін қабылданған іс-әрекеттер немесе қабылданған сақтық шаралары туралы мәлімдеме ұсынамыз.



Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі (жалғасы)

9-бет

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларға мәлім еткен мәселелеріміздің ішінде біз ағымдағы кезең үшін шоғырландырылған қаржы есептілігінің аудиті үшін ең маңызды және соның арқасында аудиттің басты мәселелері болып табылатын мәселелерді анықтаймыз. Біз өз аудиторлық есебімізде, осы мәселелер туралы ақпаратты көпшілікке жариялауға заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынатын жағдайларды немесе қандай да бір мәселе туралы ақпаратты біздің есепте оның көрсетудің жағымсыз салдарының оны жария етудің қоғамға маңызды пайдасынан асып кетуі мүмкін болу себебінен көрсетуге болмайтын сирек жағдайларды қоспағанда, осы мәселелерді сипаттаймыз.

Осы Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебін шығаруға нәтижелері негіз болған тапсырманың жетекшісі, – Дана Инкарбекова.

«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС атынан

PricewaterhouseCoopers LLP

Бекітілді және қол қойылды:



Дана Инкарбекова
«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС
Басқарушы директоры (Қазақстан
Республикасы Қаржы министрлігінің 1999
жылғы 21 қазандағы
№00000005 бас мемлекеттік лицензиясы)

Аудитор-орындаушы
(2000 жылғы 18 қаңтардағы
№0000492 Аудитордың біліктілік куәлігі)

6 мамыр 2022 ж.
Алматы, Қазақстан

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНС

Қазақстандық мың теңгемен	Ескер.	31 желтоқсан 2021 ж.	31 желтоқсан 2020 ж.
АКТИВТЕР			
Айналымнан тыс активтер			
Негізгі құралдар	5	543,461,869	488,080,660
Материалдық емес активтер		580,607	621,196
Әділ құн бойынша инвестициялар	6	29,133,179	16,890,047
Берілген қарыздар	4, 10	472,063,447	411,667,304
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтер	24	1,176,596	214
Басқа	7	40,343,963	19,227,399
Жиыны		1,086,759,661	936,486,820
Айналым активтері			
Тауарлы-материалдық қорлар	8	163,973,551	107,345,475
Саудалық және басқа дебиторлық берешек	9	196,640,950	119,245,218
Берілген қарыздар	4, 10	4,360,145	311,265
Ағымдағы табыс салығы бойынша алдын ала төлемдер		103,889	1,591,932
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	11	217,816,572	55,685,373
Басқа		87,243	31,007
Жиыны		582,982,350	284,210,270
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ		1,669,742,011	1,220,697,090
КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	12	106,505,027	106,505,027
Төлеп алынған меншікті акциялар		(184,411)	(184,411)
Басқа резервтер		318,811	536,462
Бөлінбеген пайда		435,362,135	108,083,322
Компания акционерлеріне тиесілі капитал		542,001,562	214,940,400
Бақыламайтын үлес		51,050	50,923
КАПИТАЛДЫҢ ЖИЫНЫ		542,052,612	214,991,323
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Алынған қарыздар	13	943,369,917	810,510,861
Жалгерлік бойынша міндеттемелер	13	2,309,895	3,059,075
Активтерді жою және қалпына келтіру бойынша міндеттемелерге арналған резервтер	15	6,023,291	3,706,377
Артықшылығы бар акциялар бойынша міндеттемелер	13	6,600,719	6,688,851
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттемелер	24	–	751,855
Қызметкерлерге сыйақы беру бойынша міндеттемелер	16	5,519,735	5,107,978
Төлеуге тиісті басқа салықтар	17	17,981,342	20,982,460
Жиыны		981,804,899	850,807,457
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Алынған қарыздар	13	1,433,946	45,514,752
Жалгерлік бойынша міндеттемелер	13	795,220	809,220
Саудалық және басқа кредиторлық берешек	14	93,023,844	89,200,494
Қаржылық кепілдіктер	17	3,009,324	3,009,324
Төленуге тиіс ағымдағы табыс салығы		36,401,474	8,162
Активтерді жою және қалпына келтіру бойынша міндеттемелерге арналған резервтер	15	390,422	342,861
Қызметкерлерге сыйақы беру бойынша міндеттемелер	16	564,867	498,501
Төленуге тиіс басқа салықтар		10,265,403	15,514,996
Жиыны		145,884,500	154,898,310
МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ ЖИЫНЫ		1,127,689,399	1,005,705,767
МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН КАПИТАЛДЫҢ ЖИЫНЫ		1,669,742,011	1,220,697,090

74 беттен бастап 99 бетке дейінгі ескертпелер шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының бекітуіне 2022 жылғы 6 мамырда қол қойылды.



Есенжулов А.Б.
Президент



Кудеков М.Т.
Қаржы-экономикалық мәселелер
жөніндегі вице-президент

ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗАЛАЛ ЖӘНЕ БАСҚА ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Қазақстандық мың теңгемен	Ескер.	2021 ж.	2020 ж. (қайта қаралды)*
Түсім	19	1,059,418,450	664,189,693
Өткізудің өзіндік құны	20	(458,741,785)	(402,233,936)
Жалпы пайда		600,676,665	261,955,757
Өткізу шығыстары		(8,178,147)	(6,717,544)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	21	(39,950,114)	(25,809,903)
Зерттеулерге, бизнесті дамытуға және барлауға шығыстар		(6,674,905)	(3,441,892)
Басқа операциялық шығыстар		(9,431,195)	(7,724,740)
Басқа операциялық кірістер		7,203,130	3,545,728
Операциялық пайда		543,645,434	221,807,406
Қаржылық кірістер	22	37,906,793	107,199,569
Қаржылық шығыстар	23	(64,800,781)	(154,465,433)
Салық салуға дейінгі пайда		516,751,446	174,541,542
Табыс салығы бойынша шығыстар	24	(82,169,350)	(42,385,694)
Бір жыл ішіндегі пайда		434,582,096	132,155,848
Басқа жиынтық (залал)/кіріс:			
<i>Кейін пайдаға немесе залалға қайта жіктелмейтін баптар:</i>			
Еңбек қызметі аяқталған соң сыйақылар бойынша міндеттемелерді қайта бағалау	16	(272,069)	632,383
Тікелей басқа жиынтық кірісте көрсетілген табыс салығы	24	54,418	(126,477)
Басқа жиынтық (залал)/кіріс		(217,651)	505,906
Бір жыл ішіндегі жиынтық кіріс		434,364,445	132,661,754
Бір жыл ішіндегі тиесілі пайда:			
Компанияның акционерлеріне		434,581,111	132,146,520
Бақыламайтын үлесіне		985	9,328
Бір жыл ішіндегі пайда		434,582,096	132,155,848
Бір жыл ішіндегі тиесілі жалпы кіріс:			
Компанияның акционерлеріне		434,363,460	132,652,426
Бақыламайтын үлесіне		985	9,328
Бір жыл ішіндегі жиынтық кіріс		434,364,445	132,661,754
Бір жай акцияға шаққанда базалық және бытыраңқы пайда (теңгемен)	18	3,956	1,203
*2-ескертпе			

74 беттен бастап 99 бетке дейінгі ескертпелер шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Қазақстандық мың теңгемен	Ескер.	Компания акционерлеріне тиесіл						
		Акционерлік капитал	Төлеп алынған меншікті акциялар	Басқа резервтер	Бөлінбеген пайда	Жиыны	Бақыламайтын үлес	Капиталдың жиыны
2020 ж. 1 қаңтардағы қалдық		106,505,027	(184,411)	30,556	41,051,878	147,403,050	42,453	147,445,503
Бір жыл ішіндегі пайда		–	–	–	132,146,520	132,146,520	9,328	132,155,848
Басқа жиынтық залал		–	–	505,906	–	505,906	–	505,906
Бір жыл ішіндегі жиынтық кіріс		–	–	505,906	132,146,520	132,652,426	9,328	132,661,754
Дивидендтер	12	–	–	–	(65,115,076)	(65,115,076)	(858)	(65,115,934)
2020 ж. 31 желтоқсандағы қалдық		106,505,027	(184,411)	536,462	108,083,322	214,940,400	50,923	214,991,323
2021 ж. 1 қаңтардағы қалдық		106,505,027	(184,411)	536,462	108,083,322	214,940,400	50,923	214,991,323
Бір жыл ішіндегі пайда		–	–	–	434,581,111	434,581,111	985	434,582,096
Басқа жиынтық залал		–	–	(217,651)	–	(217,651)	–	(217,651)
Бір жыл ішіндегі жиынтық (залал)/кіріс		–	–	(217,651)	434,581,111	434,363,460	985	434,364,445
Дивидендтер	12	–	–	–	(107,302,298)	(107,302,298)	(858)	(107,303,156)
2021 ж. 31 желтоқсандағы қалдық		106,505,027	(184,411)	318,811	435,362,135	542,001,562	51,050	542,052,612

74 беттен бастап 99 бетке дейінгі ескертпелер шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Қазақстандық мың теңгемен	Ескер.	2021 ж.	2020 ж.
Операциялық қызмет бойынша ақша қаражаттарының қозғалысы:			
Салық салуға дейінгі пайда		516,751,446	174,541,542
Төмендегілерге түзетулер:			
Негізгі құралдардың тозуы		49,979,517	46,616,267
Материалдық емес активтердің амортизациясы		429,847	636,987
Қызметкерлерге берілетін сыйақылар		430,430	(672,380)
Қаржылық кепілдіктер		(3,001,119)	8,480,689
Активтерді жою міндеттемелері бойынша резервтер		(48,277)	(1,681,575)
Ескірген және өтімді емес тауарлы-материалдық қорлар бойынша резервтер		128,619	(1,078,932)
Саудалық және басқа дебиторлық берешек бойынша резервтер		1,012,193	449,259
Бағамдық айырма		(4,527,963)	(773,165)
Қаржылық кірістер		(34,905,674)	(91,686,622)
Қаржылық шығыстар		66,903,750	131,575,399
Басқа		(40,192)	347,736
Айналым капиталының өзгерістеріне дейінгі операциялық қызмет бойынша ақша қаражаттарының қозғалысы:		593,112,577	266,755,205
Тауарлы-материалдық қорлардың өзгеруі		(66,443,045)	3,273,575
Саудалық және басқа дебиторлық берешектің өзгеруі		(84,448,746)	(28,985,476)
Шешіп алу бойынша шектеу қойылған ақша қаражаттарының өзгеруі		(230,099)	(200,589)
Саудалық және басқа кредиторлық берешектің өзгеруі		(3,020,223)	(20,971,791)
Активтерді жою және қалпына келтіру бойынша міндеттемелерге арналған активтердің өзгеруі		(29,821)	(92,694)
Басқа салықтар бойынша берешектің өзгеруі		(5,345,509)	6,924,963
Операциялық қызметтен алынған ақша қаражаттары:		433,595,134	226,703,193
Төленген табыс салығы		(39,546,049)	(34,189,746)
Төлем көзіндегі төленген табыс салығы		(11,636,820)	(8,731,154)
Алынған проценттер		3,186,769	3,986,672
Төленген проценттер	13	(91,865,477)	(8,448,567)
Төлем көзіндегі алынған табыс салығын өтеу		–	3,409,257
Операциялық қызметтен алынған таза ақша қаражаттары		293,733,557	182,729,655
Инвестициялық қызмет бойынша ақша қаражаттарының қозғалысы:			
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу		(94,698,548)	(63,368,775)
Берілген қарыздар		(41,964,948)	(95,066,939)
Берілген қарыздарды өтеу		22,209,417	29,523,370
Банк депозиттерін орналастыру		(23,430)	(3,186)
Банк депозиттерін шешіп алу		18,763	7,764
Инвестицияларды сатып алу		(16,636,198)	(10,418,023)
Инвестицияларды өткізуден түскен түсімдер		–	2,449,000
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаттары		(131,094,944)	(136,876,789)
Қаржылық қызмет бойынша ақша қаражаттарының қозғалысы			
Қарыздардың келіп түсуі	13	106,702,500	40,151,000
Қарыздарды ұйымдастыру үшін комиссия	13	(772,671)	(3,416,108)
Төленген дивидендтер	12	(107,638,313)	(65,163,319)
Жалгерлік шарттары бойынша төлеу	13	(948,532)	(374,296)
Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаттары		(2,657,016)	(28,802,723)
Айырбастау бағамының өзгеруінің ақша қаражаттары мен ақша баламаларына әсері		2,149,602	2,935,175
Ақша қаражаттарының және ақша баламаларының таза өзгерісі		162,131,199	19,985,318
Есепті кезеңнің басындағы ақша қаражаттары және ақша баламалары	11	55,685,373	35,700,055
Есепті кезеңнің соңындағы ақша қаражаттары және ақша баламалары	11	217,816,572	55,685,373

74 беттен бастап 99 бетке дейінгі ескертпелер шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР – 31 ЖЕЛТОҚСАН 2021 ЖЫЛ

1 Топ және оның негізгі қызметі

«Қазхром» ТҰК» АҚ (бұдан әрі – «Компания») 1995 жылғы 20 қазанда тіркелді. Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлік қоғам нысанында құрылды. 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілік Компанияны және оның еншілес компанияларын (бұдан әрі – «Топ») қамтиды.

«Қазхром» ТҰК» АҚ-ң тікелей бас компаниясы Нидерландыда тіркелген KCR International B.V. болып табылады және ақырғы бас компания Люксембургта тіркелген Eurasian Resources Group S.à r.l. (бұдан әрі – «ERG») болып табылады.

Топтың негізгі қызметі хром және марганец кендерін өндіру, хром рудасын өткізу, сондай-ақ ферроқорытпаларды өндіру және өткізу болып табылады. Топтың өндірістік активтері Қазақстан Республикасында орналасқан.

Заңды мекенжайы: 030008, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ., М. Мәметова көш.,4 «А».

Еншілес компаниялар	Тіркелген елі	Негізгі қызметі	Иелену үлесі, % 2021 ж.	Иелену үлесі, % 2020 ж.
«Дөң мұнай базасы» АҚ	Қазақстан	Қоймада сақтау қызметтері және жанар-жағар май	95.53	70.38
«Ақжар-хром» ЖШС	Қазақстан	Магистральдық құбыр жолдары бойынша су өндіру	100.00	100.00

2 Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау негіздері және есеп саясатының негізгі ережелері

Қаржылық есептілікті дайындау негіздері. Осы Топтың 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілігі Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (бұдан әрі – «ҚЕХС») сай дайындалған.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде пайдаланылған есеп саясаты төменде сипатталған және ол ҚЕХС негізделеді. Аталған стандарттар Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарының Интерпретациялар жөніндегі комитеті кей кейде шығаратын интерпретацияларға ұшыраған.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік сондай-ақ бастапқы тануы әділ құн бойынша жүзеге асырылатын қаржы құралдарын қоспағанда бастапқы құн және өзгерістері пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарын қайта бағалау қағидатына сүйеніп дайындалды.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті ҚЕХС сай дайындау бағалаулар мен жорамалдарды пайдалануды талап етеді. Сонымен қатар ол басшылықтан Топтың есеп саясатын пайдалану барысында кәсіби пайымдауларды қолдануды талап етеді. Пайымдау немесе күрделілік дәрежесі жоғарырақ болып табылатын, немесе жорамалдар мен бағалаулар шоғырландырылған қаржылық есептілікке айтарлықтай әсер ететін салалар 3-ескертпеде көрсетілген.

ҚЫЗМЕТТІҢ ҮЗДІКСІЗДІК ҚАҒИДАТЫ

Макроэкономикалық белгісіздік сақталып тұрған болса да, әлем COVID-19 пандемиясынан кейін қалпына келуін әлі де жалғастырып жатыр. ERG және оның еншілес компанияларының («ERG Тобы») басшылығы ERG Тобының біздің серіктестер мен қызметкерлердің қолдауымен әрі қарай да әлеуметтік жауапты, тұрақты және тиімді бизнес ретінде дами алатынына сенімді.

2022 жылдың ақпан айында Украина мен Ресей арасындағы шиеленіс басталды. Бірқатар мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар, соның ішінде Америка Құрама Штаттары, Еуропалық Одақ, Швейцария және Ұлыбритания Ресей үкіметіне, әртүрлі компанияларға, соның ішінде ERG Тобының негізгі кредиторларына (Ресей Сбербанкі және ВТБ) және жекелеген тұлғаларға қарсы санкциялар енгізді. Бұл қаржылық және тауарлық нарықтарда айтарлықтай тұрақсыздықтың пайда болуына алып келді. ERG Тобы оның шаруашылық қызметіне бекітілген комплаенс саясаттар шеңберінде қолданылатын барлық санкцияларды сақтайды.

ERG менеджерлер кеңесі 2023 жылғы 30 қыркүйегіне дейінгі кезең ішіндегі қолжетімді өтімділік деңгейін қарастырды. Қаралып жатқан бүкіл кезең ішінде ERG Тобы позицияны минималды талап етілетін айналым капиталынан жоғары ұстап тұру және борышқа қызмет көрсету үшін жеткілікті ақша ағымын генерациялайды. ERG менеджерлер кеңесі алдын алу шараларын орындауды қамтамасыз ету үшін қосымша әлеуетті санкцияларды көрсететін жағымсыз сценарийлерді қарап шықты.

ERG Тобы бизнестің операциялық қызметін ұстап тұру және кредиттік келісімдердің ковенанттарын сақтауды қамтамасыз ету үшін өтімділіктің жеткілікті қорының болуын қамтамасыз ету, қажет болған жағдайларда вейверлерді алу үшін үнемі өз қаржылық жағдайын қадағалап тұрады. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ERG Тобы, оған қоса Топ, қолданылатын ковенанттарды сақтады.

2022 жылдың наурыз және сәуір айларында ERG Тобы кейбір қаржыландыру мәмілелерінің қолданылатын шарттарын қайта қарады және өзгертті, сондай-ақ Сбербанк ЖАҚ және ВТБ Банкімен (ЖАҚ) кейбір мәмілелер мен басқа да іскерлік белсенділік түрлерін тоқтатты. Сонымен қатар ERG Тобы бірқатар контрагенттермен, соның ішінде жекелеген Ресейлік заңды және жеке тұлғаларға қатысты санкциялар жағдайларында операциялық және басқа да күдіктеріне байланысты іскерлік белсенділігін тоқтатты.

2021 жылдың маусымында Standard & Poor’s ERG Тобының рейтингісін растады, бірақ шикізат тауарларына бағалардың қолайлы және өндіріс көлемдерінің тұрақты болуының арқасында болжамды оң болжамнан тұрақты болжамға дейін жақсартты. Moody’s 2021 жылдың маусымында ERG Тобының рейтингісін B1-ден B2 дейін жақсартты және шикізат тауарларына бағалардың қалпына келуін көрсету үшін болжамды ERG Тобына кіретін Metakol RTR қайта өңдеу кәсіпорнында кобальт мен мыс өндірісінің өсімі жалғасып келе жатса да, жағымсыздан тұрақтыға дейін жақсартты.

ERG Тобы өзінің негізгі нарықтарындағы шикізат тауарларына бағаларға өтімділіктің тәуелділігін, валюталық бағамдардың құбылмалылыққа шалдыққыштығын және қажет болған жағдайда қосымша қаржыландыруды тартуға қабілеттілікті есепке алады.

Келісімшарттық міндеттемелерді орындауға қажетті жеткілікті өтімділікті қамтамасыз ету үшін ERG Тобы операциялық тиімділікке, айналым капиталын жақсартуға, күрделі шығындар бюджетін бөлуге және пайдалануға көңіл бөлуді жалғастырып жатыр.

ERG менеджерлері сондықтан да ERG Тобының жақын болашақта операциялық қызметті жалғастыру үшін жеткілікті ресурстарға қол жеткізуге мүмкіндігі бар деп есептейді және осылайша Топ басшылығы Топтың жақын болашақта ағымдағы күйінде қызметін жалғастыру үшін жеткілікті ресурстарға қол жеткізе алады және осы қаржылық есептілікті қызметтің үздіксіздік қағидатына сәйкес дайындау орынды болып табылады деп санайды.

ЖАҢА СТАНДАРТТАР

2021 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген стандарттар мен интерпретацияға түзетулерді қабылдау Топқа айтарлықтай әсер еткен жоқ. Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енген қандай да бір стандарттарды, интерпретацияларды немесе стандарттарды мерзімінен бұрын қолданған жоқ. 2022 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген стандарттарға түзетулер Топқа айтарлықтай әсер етуі мүмкін деп күтілмейді. Топ басқа жаңа стандарттардың, стандарттар мен интерпретацияларға түзетулердің әлеуетті әсерін бағалайды.

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ВАЛЮТА ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ҰСЫНУ ВАЛЮТАСЫ

Егер өзгеше көрсетілмесе, осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте келтірілген барлық цифрлық деректер қазақстандық мың теңгемен (бұдан әрі – «теңге») көрсетілген. Компанияның және оның еншілес компанияларының функционалдық валютасы теңге болып табылады.

Шетелдік валютадағы операциялар. Топтың есепті күнгі жағдай бойынша шетелдік валютада көрсетілген ақшалай активтері мен міндеттемелері Қазақстан қор биржасының (бұдан әрі – «ҚҚБ») осы күнгі ресми айырбастау бағамы бойынша теңгемен қайта есептелген. Бастапқы тану кезінде шетелдік валютадағы операциялар ҚҚБ-ң операция жасалған күнгі айырбастау бағамы бойынша есепке алынады. Кейіннен Топтың шетелдік валютада көрсетілген активтері мен міндеттемелері ай соңындағы ҚҚБ бағамы бойынша ай сайын қайта есептеледі. Осы операциялар бойынша есеп айырысулар күні, сондай-ақ шетелдік валютада көрсетілген ақшалай активтер мен міндеттемелерді қайта есептеудің нәтижесінде туындайтын пайда немесе залалдың барлығы пайда немесе залал туралы есепте көрсетіледі.

2021 жылғы 31 желтоқсанда АҚШ долларындағы қалдықтарды қайта есептеу үшін қолданылған ресми айырбастау бағамы 1 доллар үшін 431.8 теңгені (2020 жылғы 31 желтоқсанда: 1 АҚШ доллары үшін 420.91 теңгені) құрады. Теңгені басқа валюталарға айналдыруға қатысты валюталық бақылау ережелері қолданылады. Қазіргі уақытта теңге Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде еркін айырбасталатын валюта болып табылмайды.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік. Еншілес компаниялар деп Топ бақылайтын инвестициялар объектілерін, оған қоса құрылымдалған компанияларды айтады. Топ төмендегі жағдайларда инвестициялар объектісін бақылауға құқылы:

- (i) инвестициялық объектісінің кірісіне айтарлықтай әсер ететін маңызды қызметті басқаруға мүмкіндік беретін өкілеттіктерге ие болса,
- (ii) инвестициялар объектісіне қатысудан алынған айнымалы кіріспен байланысты тәуекелдерге ұшыраса немесе осындай кіріс алуға құқығы болса,
- (iii) инвестордың кіріс көлеміне әсер ету мақсатымен инвестициялар объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін пайдалану мүмкіндігі болса.

Топтың басқа компанияға қатысты өкілеттіктерінің болуын бағалау кезінде қолданыстағы құқықтардың болуын және әсерін, сондай-ақ әлеуетті дауыс беру құқығын қарау керек. Ұстаушының инвестициялық объектісінің маңызды қызметін басқаруға қатысты шешім қабылдау кезінде осы құқығын іске асыруға іс жүзінде мүмкіндігі бар болса, құқық нақты болып табылады.

Топтың, тіпті ол инвестициялар объектісінде көпшілік дауыс беру құқықтарына ие болмаса да, инвестициялар объектісіне қатысты өкілеттіктері болуы мүмкін. Мұндай жағдайларда инвестициялар объектісіне қатысты нақты өкілеттіктердің болуын анықтау үшін Топ дауыс беру құқықтарын басқа ұстаушыларының пакетінің көлемі мен бытырау дәрежесіне қатысты өз дауыс беру құқықтары пакетінің көлемін бағалау керек.

Инвестициялар объектісіне түбегейлі өзгерістерді енгізумен байланысты немесе ерекше жағдайларда қолданылатын құқықтар сияқты басқа инвесторларды қорғау құқықтары Топтың инвестициялар объектісін бақылау мүмкіндігіне кедергі жасамайды. Еншілес компаниялар шоғырландырылған қаржылық есептілікке Топқа олардың операцияларына бақылауды табыстаған күннен бастап кіргізіледі және шоғырландырылған есептіліктен бақылауды тоқтатқан күннен бастап алып тасталады.

«Қазхром» ТҰК» АҚ мен еншілес компаниялардың арасындағы барлық операциялар және осы операциялар бойынша іске асырыл-маған пайда, сондай-ақ компаниялар арасындағы есеп айырысулар бойынша сальдо алып тасталады. Іске асырылмаған залал да алып тасталады, алайда олар табысталатын активтің құнсыздану көрсеткіштері ретінде қаралады. Компания және оның барлық еншілес компаниялары Топтың саясатына сәйкес бірыңғай есеп саясатын қолданады.

Бақыламайтын үлес – бұл еншілес компания қызметінің таза нәтижелерінің және капиталының Топ тікелей немесе жанама түрде иеленетін капиталға қатысу үлесіне тиесілі бөлігі. Бақыламайтын үлес Топ капиталының жеке компонентін құрайды.

Сегменттік есептілік. Топтың операциялары жоғары интеграцияланған және оларды Топ басшылығы ферроқорытпалар өндірісінен құралатын бірыңғай есептік сегмент ретінде қарайды. Ферроқорытпалар өндірісіне хром рудасын өндіру және фер-рохром мен басқа да ферроқорытпаларды өткізу жатады.

2 Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау негізі және есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Операциялық шешімдерді қабылдайтын Топ басшылығы – бұл ресурстарды бөлетін және Топтың операциялық сегменттерінің қызмет нәтижелерін бағалайтын тұлға немесе тұлғалар тобы. Операциялық шешімдерді қабылдайтын басшылық стратегиялық шешімдерді қабылдау үшін қолданылатын есептемелерге негізделе отырып операциялық бөлімшені анықтады. Шешімдерді қабылдау кезінде басшылық сегменттің қызмет нәтижелерін операциялық пайданың немесе салық салуға дейінгі пайданың негізінде бағалайды.

Географиялық аймақтар бойынша кірістердің құрылымы туралы ақпарат 19-ескертпеде көрсетілген.

Қазақстан Республикасындағы экономикалық орта. Топтың өз қызметін жүргізетін кономикалық ортасына шикізат тауарларына бағалардың құбылуы әсер етеді. Басшылық Топ қызметінің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

Бір акциядан түсетін пайда. Артықшылығы бар акциялар төлеп алуға жатпайды және қатысатын акциялар болып саналады. Бір акциядан түсетін пайда Компания иелеріне тиесілі пайданы немесе залалды есепті кезеңнің ішінде айналымда болған акциялар санының орташа салмақталған мәніне бөлу арқылы анықталады.

Негізгі құралдар. Негізгі құралдар есепте жиналған тозу мен құнсызданудан болған залал шегеріле отырып, сатып алу құны немесе бастапқы құн бойынша көрсетіледі. Шаруашылық тәсілмен дайындалған немесе тұрғызылған негізгі құралдар объек-тілерінің бастапқы құнына жұмсалған материалдардың, орындалған өндірістік жұмыстардың құны және өндірістік үстеме шығын-дардың бір бөлігі жатады.

Пайдалы қызмет мерзімі осы объектінің пайдалы қызмет мерзімінен жалпы өзгешеленетін негізгі құралдар объектісінің жекелеген елеулі бөліктері (компоненттері) бойынша тозу осы бөліктерді пайдаланудың болжалпы пайдалану мерзімдерін көрсететін амортизация нормалары бойынша бөлек есептеледі. Негізгі құралдардың ірі тораптарын немесе компоненттерін ауыстыру шығындары ауыстыруға жататын бөліктерді бір уақытта шығынға жазған кезде капиталдандырылады. Ауыстырылған бөліктерді шығынға жазудан болған кіріс немесе шығыс пайда немесе залал туралы есепте көрсетіледі.

Одан кейінгі шығындар осы активтің баланстық құнына кіргізіледі немесе Топтың осы активті пайдаланудан экономикалық пайда алу ықтималдығы болған және оның құны сенімді бағалануы мүмкін болған жағдайда ғана жеке актив ретінде көрсетіледі. Жөндеу мен техникалық қызмет көрсетуге жұмсалатын барлық басқа шығындар пайдаға немесе залалға жатқызылады.

Алынған өтемақы мен олардың баланстық құнының қосындысындағы негізгі құралдардың шығынға кетуінен болған пайда немесе залал пайда немесе залал туралы есепте көрсетіледі.

Тау-кен активтері жиналған амортизация мен құнсызданудан болған өтелмеген залалды шегере отырып бастапқы құн бойынша көрсетіледі. Шығындар, оған қоса өндірістік қуатты орнату немесе арттыру үшін жүргізілген бағалау бойынша, сондай-ақ жобалық қуаттарды игеру немесе карьерлерді қайта құру кезіндегі тау-құрылыс, тау-күрделі және тау-дайындық жұмыстарын жүргізуге жұмсалған шығындар тау-кен активтеріне ғимараттар мен құрылыстардың құрамына капиталдандырылады.

Тозу. Жерге тозу есептелмейді. Негізгі құралдар объектісінің бастапқы құны оның бүкіл пайдалы қызмет мерзімінің ішінде жою құны бойынша амортизацияланады. Негізгі құралдар объектісінің пайдалы қызметінің есептік мерзімі оның өз пайдалы қызмет мерзіміне және/(немесе) аумағында осы негізгі құралдар объектісі орналасқан карьердің экономикалық шығарылатын резервтерін ағымдағы бағалауға да байланысты.

Тау-кен активтері олар жататын экономикалық алынатын дәлелденген және ықтимал резервтерге сүйене отырып, өндірістік әдісті пайдалану арқылы амортизацияланады. Егер жекелеген активтің пайдалы қызметінің бағалау мерзімі карьердің тиісті қызмет мерзімінен аз болса, онда мұндай тау-кен активтері бойынша тозу тік сызықты әдіспен немесе объектінің өндірістік сипаттамасына сүйене отырып өндірістік әдісті пайдалана отырып есептеледі. Тозу сомасы пайдада немесе залалда көрсетіледі.

Өндірістік әдіс бойынша есептеулер нәтижелеріне әсер ететін бағалау мәндерінің өзгеру сомалары перспективалы түрде есепке алынады. Пайдалы қызметтің күтілетін мерзімдері төмендегі кестеде келтірілген.

	Пайдалы қызмет мерзімі (жыл)
Ғимараттар мен құрылыстар	10 – 60
Машиналар және құрал-жабдықтар	5 – 30
Басқа құрал-жабдықтар және автокөліктер	3 – 30
Тау-кен активтері – карьерлер мен шахталар инфрақұрылымы	2 – 30
Тау-кен активтері – басқа өндірістік әдіс	өндірістік әдіс

Активтің тарату құны Топтың қазіргі кезде активтің шығынға кетуінен алуы мүмкін болған, активтің жасы мен техникалық күйі оның пайдалы қызмет мерзімінің соңындағы күтілетін жасы мен техникалық күйіне сай болып қойған деген болжамға сүйене отырып, шығынға кету бойынша бағалау шығындары шегерілген бағалау сомасы болып табылады. Активтердің тарату құны және олардың пайдалы қызмет мерзімдері қажет болған жағдайда есепті кезеңнің соңында түзетіледі.

Аяқталмаған құрылыс бастапқы құн бойынша көрсетіледі. Құрылыс аяқталған соң активтер негізгі құралдардың құрамына олардың баланстық құны бойынша ауыстырылады. Аяқталмаған құрылысқа тозу актив болжалды пайдалануға дайын болғанша есептелмей-ді.

Аршуға жұмсалған шығындар. Қазуды бастағанға дейін шахталар мен карьерлерді игеру барысында жүзеге асырылған қуысты үстіңгі таужынысты қазып алуға және шығарып тастауға жұмсалған шығындар кейіннен шахталар мен карьерлерді пайдалану мерзімінің ішінде өндірістік әдіс бойынша амортизацияны есептей отырып тау-кен активтерінің өзіндік құнының

құрамында капиталдандырылады. Өндіру кезеңінің барысында жұмсалған аршу шығындары, егер аршу қызметіне шығындар өндірістік қорлар түріндегі пайдаларды құратын болса, тауарлы-материалдық қорлардың өзіндік құнының құрамына қосылады.

Егер алынған пайда болашақта кенге қолжетімділікті жақсартса, онда Топ кейінгі шығындарды айналымнан тыс актив – «аршу қызметінің активі» ретінде таниды.

Топ аршу қызметінің активін төмендегі шарттар қанағаттандырылған жағдайда ғана таниды:

- аршу қызметімен байланысты болашақ экономикалық пайдалардың (кенге қолжетімділікті жақсарту түрінде) Топқа келіп түсу ықти-малдығы болған жағдайда;
- Топ оған қолжетімділік жақсартылуы мүмкін кенді дене компонентін сәйкестендіре алса;
- Көрсетілген компонентке қолжетімділікті жақсартумен байланысты шығындар сенімді өлшенген болса.

Топ аршу қызметінің активін ол жататын негізгі құралдың компоненті ретінде есепке алады. Бастапқыда Топ аршу қызметінің активін кеннің сәйкестендірілген компонентіне қолжетімділікті жақсартатын аршу қызметін жүзеге асыру үшін тікелей жұмсалған жиналған шығындардан құралатын жұмсалған шығындар бойынша, оған қоса тікелей үстеме шығындарға жататын шығындардың үлестірілуін өлшейді. Бастапқы танудан кейін аршу қызметінің активі ол өзі соның бір бөлігі болып табылатын қолданыстағы актив сияқты тозу мен құнсызданудан болған залалды шегере отырып, өзіндік құн бойынша есепке алыну керек. Аршу қызметінің активі өндіру көлеміне пропорционалды өндірістік әдісті пайдалану арқылы амортизацияланады.

Аршу қызметінің активімен және өндірілген қорлармен (ағымдағы аршу) байланысты шығындарды жеке-жеке бөлу мүмкін бол-маған кезде Топ шығындарды бөлу базасы ретінде аршу коэффициентін пайдалана отырып, өндірістің аршу жұмыстарына үлестіреді.

Қаржылық емес активтерді құнсыздануы. Әрбір есепті кезеңнің соңында басшылық қаржылық емес активтер белгілерінің болуын анықтайды. Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің және басқа барлық қаржылық емес активтердің баланстық құны баланстық құнды өтемеу мүмкіндігін көрсететін кез келген белгі болған жағдайда құнсыздануы жағынан тексеріледі.

Құнсыздануы жағынан тексеруді жүргізу кезінде өтеу сомасы екі шаманың ең жоғарғысы бойынша бағаланады: «пайдалану кезіндегі құны» (яғни ақша ағындарын шығаратын тиісті объект бойынша болашақта күтілетін ақша ағындарының таза келтірілген құны) және «шығынға жазу бойынша шығыстар шегерілген әділ құн» (активті сатқан жағдайда алынуы мүмкін болған немесе бағалау күні нарыққа қатысушылардың арасындағы қарапайым мәміленің барысында міндеттемені табыстау кезінде төленуі мүмкін болған баға). Тиісті сатып алу-сату шарты немесе белсенді нарық болмаған жағдайда өткізу шығыстары шегерілген әділ құн Топтың «созылған қол» қағидаты бойынша мәміле жасасудың нәтижесінде ақша қаражаттарын генерациялайтын бірлік үшін алуы мүмкін болған соманы көрсететін ең үздік қолжетімді ақпаратқа сүйеніп анықталады.

Ақша қаражаттарын генерациялайтын бірлік - бұл басқа активтерден немесе активтер топтарынан болатын ақша ағындарына елеулі дәрежеде байланысты емес ақша ағындарын тудыратын ең төменгі анықталатын активтер тобы.

Құнсыздануына тексеру жүргізу кезінде қолданылатын бағалау мәндері «Активтердің құнсыздануы» ҚЕХС (IAS) 36 талаптарына сай келтірілген карьерлердің егжей-тегжейлі жоспарлары мен жұмыс бюджеттеріне негізделген. Болашақ ақша ағындары мыналарға негізделеді:

- олар бойынша экономикалық негізделген қазып алуға жоғары сенімділік дәрежесі бар резервтердің есептік көлемдеріне;
- өндірістің болашақ көлемдеріне;
- болашақ тауар бағаларына (ағымдағы нарықтық бағалар Топ есептеген орташа бағадан ұзақ мерзімді перспективада, негізінен, үш жылдан бес жылға дейінгі мерзімнің ішінде өзгешеленбеген жағдайда), сондай-ақ
- өндірудің болашақ бағасына, күрделі шығындарға, тарату және қалпына келтіру бойынша жұмыстардың құнына.

Егер активтің баланстық құны оның өтелетін құнынан жоғары болса, активтің құнсыздануы танылады және құнсызданудан болған залал шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген баланстық құнды активтің өтелетін құнына дейін азайту мақсатымен пайда немесе залал туралы есепте көрсетіледі.

Бұрын танылған құнсызданудан болған залал құнсызданудан болған залалды соңғы тану кезінен бері активтің өтелетін сомасын анықтау үшін пайдаланылған есептік бағалауларда өзгерістер болған болса ғана қалпына келтіріледі. Бұл қалпына келтіру пайда немесе залал туралы есепте танылады, және оның шамасы алдыңғы жылдары құнсызданудан ешқандай залал танылмаған болғанда анықталуы мүмкін болған тозуды шегере отырып, баланстық құн сомасымен шектелген.

Қаржы активтерінің жіктелуі және одан әрі бағалау. Топ қаржы активтерін бағалаудың келесі санааттарын пайдалана отырып жіктейді: пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын активтер, және амортизацияланған құн бойынша бағаланатын активтер.Борыштық қаржы активтерін жіктеу және одан кейін бағалау активтердің тиісті қоржынын басқаруға арналған Топтың бизнес-моделіне және актив бойынша ақша ағындарының сипаттамаларына байланысты. Басшылық қаржы активтерінің жіктемесін бастапқы тану кезінде анықтайды.

Топ қаржы активтерін келесі критерийлердің екеуі де орындалған жағдайда амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы активтері ретінде жіктейді: а) бизнес-модельге сәйкес актив шартта көзделген ақша қаражаттарын алу мақсатымен ұсталады; және б) шарттық талаптар тек қана борыштың негізгі сомасы мен проценттердің есебіне төлеуге алып келеді.

2 Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау негізі және есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын қаржы активтеріне берілген қарыздар, алдын ала бағалау бойынша есепке алынатын дебиторлық берешекті қоспағанда, саудалық дебиторлық берешек, ақша қаражаттары және ақша баламалары, шартта көзделген ақша қаражаттарын алу мақсатымен ұсталатын басқа қаржы активтері жатады.

Әділ құн бойынша бастапқы танудан кейін әділ құн бойынша инвестицияларды және алдын ала бағалау бойынша есепке алынатын саудалық дебиторлық берешекті қоспағанда, қаржы активтері залалға арналған бағалау резервін шегергенде амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Амортизацияланған құн сатып алу кезіндегі кез келген жеңілдіктерді немесе сыйлықақыларды, сондай-ақ проценттің тиімді мөлшерлемесінің ажырамас бөлігі болып табылатын шығындарды ескере отырып анықталады.

Амортизация пайда немесе залал туралы есепте қаржылық кірістерге кіргізіледі. Құнсыздану бойынша шығындар пайда немесе залалда танылады.

Саудалық және басқа дебиторлық берешек. Саудалық және басқа дебиторлық берешек (пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша есепке алынатын алдын ала бағалау бойынша дебиторлық берешекті қоспағанда) бастапқыда әділ құн бойынша және кейіннен залалға арналған бағалау резервін шегере отырып, амортизацияланған құн бойынша есепке алынады.

Алдын ала төлемдер. Алдын ала төлем қаржылық есептілікте құнсыздануға арналған резервті шегере отырып бастапқы құн бойынша көрсетіледі. Алдағы жеткізілімдердің есебінен жеткізушілерге төленетін алдын ала төлемдер басқа ұзақ мерзімді (айналымнан тыс) активтердің құрамында көрсетіледі. Тауарлы-материалдық қорлардың алдағы жеткізілімдерінің есебіне төленетін алдын ала төлемдер басқа ағымдағы (айналым) активтерінің құрамында көрсетіледі.

Тауарлар мен қызметтер үшін шетелдік валютадағы алдын ала төлемдер ақшалай емес бап болып табылады және сол себептен алдын ала төлем жасалған күнгі нарықтық бағам бойынша есепке алынады және есепті кезеңнің соңында қайта есептеуге жатпай-ды. Егер алдын ала төлемге жататын активтер, тауарлар немесе қызметтер алынбауы мүмкін деген белгілер болса, алдын ала төлемнің баланстық құны азайтылуға жатады және құнсызданудан болған тиісті залал бір жыл ішіндегі пайдада немесе залалда көрсетіледі.

Әділ құн бойынша инвестициялар. Егер Топ олардың қаржылық және операциялық қызметіне қатысты шешім қабылдауға қатыспайтын болса, Топ инвестициялары бар кәсіпорынға қатысты бақылауға немесе айтарлықтай ықпалға ие болып табылмайды. Инвестициялардың әділ құны бойынша өзгерістері пайданың немесе залалдың құрамында есепке алынады.

Қаржы активтерінің құнсыздануы. Топ амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын қаржы активтерімен байланысты күтілетін кредиттік залалды бағалайды. Қаржы активтері бойынша залалға арналған бағалау резервтері дефолттың басталу тәуекелі және залалға арналған бағалау резервін есептеу үшін кіріс деректерін таңдай отырып кредиттік залалдың күтілетін деңгейлері туралы жорамалдарға негізделген. Бұл пікір Топтың тарихи деректеріне, қазіргі нарықтық жағдайларда, сондай-ақ әрбір есепті кезеңнің соңындағы болжамдық бағалауларға негізделген.

Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы активтері бухгалтерлік баланста залалға арналған бағалау резервін шегере отырып көрсетіледі.

Топ бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік сапа өзгерістерінің негізінде құнсызданудың есебін жүргізудің «үш кезеңдік» моделін қолданады. Бастапқы тану кезінде құнсызданған болып табылмайтын қаржы құралы 1-кезеңге жататын қаржы құралы ретінде жіктеледі. 1-кезеңнің қаржы активтері үшін күтілетін кредиттік залалдар келесі 12 айдың шінде немесе 12 ай өткеннен кейін бастала-тын болса («12-айлық күтілетін кредиттік залал»), шартқа сәйкес өтеу күніне дейін орын алуы мүмкін дефолттардың нәтижесінде туындайтын бүкіл мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік залалдардың бір бөлігіне тең сомада бағаланады. Егер Топ бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғайғанын сәйкестендірсе, онда актив 2-кезеңге ауыстырылады, ал осы актив бойынша күтілетін кредиттік залал бүкіл мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік залалдың негізінде, яғни шартқа сәйкес өтеу күніне дейін бағаланады. Егер Топ қаржылық актив құнсызданған болып табылады деп анықтаса, актив 3-кезеңге ауыстырылады және ол бойынша күтілетін кредиттік залал бүкіл мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік залал ретінде бағаланады.

Саудалық дебиторлық берешектің құнсыздануы. Саудалық дебиторлық берешек бойынша күтілетін кредиттік залалды бағалау үшін Топ шарттың бүкіл мерзімінің ішіндегі залалға арналған бағалау резервін есептеуге мүмкіндік беретін резервтер матрицасының негізінде ықшамдалған тәсілді қолданады. Резервтер матрицасы болжамдық макроэкономикалық бағалауларды ескере отырып кредиттік залалдың тарихи тәжірибесінің негізінде есептеледі және әрбір есепті күні жаңартылады. Саудалық дебиторлық берешек кешіктірген күндеріне қарай санаттарға бөлінген және дефолттар коэффициенттерін тарихи талдаудың негізінде күтілетін кредиттік залал деңгейлері анықталады. Залалға арналған бағалау резервінің өзгерістері пайда немесе залал туралы есептің жалпы және әкімшілік шығыстарының құрамында көрсетіледі.

Қаржы активтерін тануды тоқтату. Топ қаржы активтерін тануды: (а) бұл активтер өтелген немесе осы активтермен байланыс-ты ақша ағындарына құқықтардың әрекет мерзімі өтіп кеткен, немесе (б) Топ қаржы активтерінен болған ақша ағындарына құқықтарды табыстаған немесе табыстау туралы келісім жасаған, және осы ретте (і) сондай-ақ осы активтерді иеленумен байланыс-ты барлық тәуекелдер мен сыйақыларды табыстаған, немесе (ii) осы активтерді иеленумен байланысты барлық тәуекелдер мен сыйақыларды табыстамаған да, сақтамаған да, бірақ аталған активтерге қатысты бақылау құқығынан айрылған кезде тоқтатады. Контрагенттің бүкіл активті толығымен үшінші тарапқа сатуға қойылатын қосымша шектеулерсіз сатуға іс жүзінде мүмкіндігі болмаған кезде бақылау сақталады.

Тауарлы-материалдық қорлар. Тауарлы-материалдық қорлар екі шаманың ең төменгісі бойынша есепке алынады: өзіндік құны және өткізудің таза құны бойынша. Қорларды шығынға жазудың өзіндік құны орташа салмақталған құн әдісі бойынша есепке алынады. Хром, марганец және басқа да қазып алынған минералды ресурстар өндіру кезінде шикізат ретінде көрсетіледі және қазып алудың орташа өзіндік құны бойынша бағаланады. Дайын өнім мен аяқталмаған өндірістің өзіндік құнына шикізат пен материалдардың құны, өндірістік жұмысшыларға жалақы төлеуге арналған тікелей шығындар және басқа да тікелей шығындар, сондай-ақ өндірістік үстемше шығындардың қолданыстағы үлесі (әдеттегі өндірістік қуатқа негізделе отырып) жатады және

қарыздар бойынша шығындар жатпайды. Өткізудің таза құны – бұл өндірісті аяқтау шығындары мен өткізу шығындарын шегерген-дегі әдеттегі қызмет барысындағы бағалау құны.

Ақша қаражаттары және ақша баламалары. Ақша қаражаттары мен ақша баламаларына банктегі, кассадағы ақшалар, талап етілгенге дейінгі немесе өтеу мерзімі сатып алған күннен бастап үш айға дейінгі депозиттер, сондай-ақ бастапқы өтеу мерзімі үш айдан кем қысқа мерзімді жоғары өтімді инвестициялар жатады.

Банктерде үш айдан астам мерзімге орналастырылған, шектеу талаптары болмаған жағдайда және мерзімінен бұрын шешіп алу мүмкіндігі, сондай-ақ ниеті бар ақша қаражаттары сондай-ақ ақша қаражаттары мен ақша баламаларының құрамына кіргізіледі.

Бұл ретте инвестициялық кіріс алу мақсатымен үш айдан астам мерзімге орналастырылған және мерзімінен бұрын шешіп алу ниеті жоқ ақша қаражаттары басқа айналым немесе айналымнан тыс активтердің құрамына кіргізіледі.

Шешім бойынша үш айдан астам шектеу қойылған ақша қаражаттары шектеудің кезеңіне қарай айналым немесе айналымнан тыс активтер құрамына кіргізіледі.

Акционерлік капитал. Жай акциялар капитал ретінде жіктеледі. Артықшылығы бар акция құрылымында бір уақытта үлестік компонент пен міндеттемесі бар күрделі қаржы құралы болып табылады. Міндеттеме бастапқыда басшылық бағалайтын шахталар-дың жұмыс істеу кезеңіне дисконттау формуласын пайдалана отырып, міндетті жылдық дивидендтер сомасына нарықтық процент мөлшерлемесін қолдану арқылы әділ құн бойынша көрсетіледі.

Топ шахталардың болжалды жұмыс істеу кезеңінен астам ақша қаражаттарын немесе пайданы генерацияламайтындықтан, сәйкесінше, міндеттемелер компонентін бағалау мақсатында шектелген мерзім емес, шахталардың қызмет жасау кезеңі қолданы-лады.

Кейіннен міндеттеме амортизацияланған құн бойынша өлшенеді. Ақша ағындарының бағалау мәндері өзгеруінің нәтижесінде баланстық құнның өзгеруі қызметтің қаржылық нәтижелеріне жатқызылады. Бастапқы тану кезіндегі үлестік компонент қалдық сомасы ретінде, яғни артықшылығы бар акцияларды эмиссиялаудың нәтижесінде тартылған қаражаттар сомасы мен міндеттеменің әділ құнының арасындағы айырма түрінде көрсетілген. Артықшылығы бар акциялардың үлестік компоненті кейін қайта бағалауға жатпайды.

Төлеп алынған меншікті акциялар. Компания немесе оның еншілес ұйымдары Компанияның акцияларын сатып алған жағдай-да төленген өтемақы, оған қоса осыған тікелей жататын, пайдаға салынатын салық шегерілген кез келген тікелей шығындар Компанияның меншікті иелеріне осы акцияларды қайта шығарғанға, өткізгенге немесе өтегенге дейін жатқызылатын капиталдың жалпы сомасынан алып тасталады. Мұндай акцияларды кейін сатқан немесе айналымға қайта шығарған кезде кез келген, мәмілеге тікелей жататын қосымша шығындарды және пайдаға салынатын салықтың тиісті сомасын шегергеннен кейінгі алынған өтемақы Компанияның меншікті иелеріне жатқызылатын капиталдың құрамына кіргізіледі.

Дивидендтер. Артықшылығы бар акциялар бойынша міндетті жылдық дивидендтерден басқа дивидендтер міндеттемелер ретінде танылады және есепті кезең соңындағы капитал сомасынан олар есепті кезең аяқталғанға дейін қоса алғанда жарияланған болса алып тасталады. Артықшылығы бар акциялар бойынша міндетті жылдық дивидендтер пайда немесе залал туралы есептің құрамында қаржылық шығындар ретінде танылады.

Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есепті кезең аяқталғанға дейін ұсынылған, сондай-ақ есепті кезең аяқталғаннан кейін, бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілікті шығаруға бекіткен күнге дейін ұсынылған немесе жарияланған болса, есептілікте көрсетіледі.

Активтерді тарату және қалпына келтіру бойынша міндеттемелерге арналған резервтер. Активтерді тарату және қалпына келтіру бойынша міндеттемелер олардың пайда болу ықтималдығы жоғары болғанда және олардың сомаларын негізді түрде бағалау мүмкін болғанда танылады.

Активтерді және қалдықтар полигондарын жою бойынша шығындардың құрамына қалпына келтіру және жою шығындары жатады (ғимараттарды, құрылыстарды және инфрақұрылым объектілерін сүру, машиналар мен жабдықтарды демонтаждау, қалдық материалдарды шығарып тастау, қоршаған ортаны тазалау, шығарындылар мониторингін келтіру және бүлінген жерлерді қалпына келтіру).

Жоюға, қалпына келтіруге және қайта құру жұмыстарын жүргізуге бағалау шығындары бойынша резервтер бағаланған болашақ шығындардың дисконтталған құнының негізінде тиісті карьерді қазу барысында жерлердің бүліну немесе қоршаған ортаның ластану фактісінен туындайтын міндеттеме пайда болған есепті кезеңде қалыптастырылады және негізгі құралдардың өзіндік құнына жатқызылады.

Активтерді тарату және қалпына келтіру бойынша міндеттемелерге арналған резервтерге болашақта бұзушылық немесе зиян келтіру фактілерімен байланысты туындауы күтілетін қаңдай да бір қосымша міндеттемелер жатпайды.Шығындар тарату, қалпына келтіру және қайта құру жоспарының негізінде бағаланады.

Шығындар сомаларының бағалау мәндері жыл сайын пайдалануына қарай белгілі өзгерістерді, мысалы, жаңартылған бағалау сомаларын және активтерді пайдаланудың қайта қаралған мерзімдерін немесе операциялық қызметтің белгіленген мерзімдерін ескере отырып, тұрақты негізде ресми тексерулерді жүргізу арқылы есептеледі.

Топ өз шығындарын техникалық-экономикалық негіздемеге және инженерлік зерттеулерге негізделіп, қолданыстағы техникалық ережелерге және қалпына келтіру бойынша жұмыстарды жүргізу нормаларына және қайта құру әдістеріне сәйкес бағалайды.

2 Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау негіздері және есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Амортизацияның немесе резервтердің дисконтталған құнын анықтау кезінде қолданылатын дисконттан «бас тартудың» сомасы әрбір есепті кезеңдегі қызмет нәтижелеріне жатады. Дисконттың амортизациясы қаржылық шығындардың құрамында көрсетіледі.

Карьерді қазу барысында жердің бүлінуінің жаңа фактілерінің нәтижесінде туындайтын активтерді тарату және қалпына келтіру бойынша міндеттемелерге арналған резервтердің басқа өзгерістері, есептік бағалаулардың жаңартулары, есептік пайдалану мерзімдерінің және дисконттау нормаларын қайта қараудың өзгерістері негізгі құралдардың құнын түзетеді. Бұл шығындар кейіннен олар жататын активтердің пайдалы қызмет мерзімдерінің ішінде осы активтерге сай амортизация әдісін пайдаланып амортизацияланады.

Өндіру кезеңінің барысындағы жерлердің бүлінуімен байланысты активтерді тарату және қалпына келтіру бойынша міндетте-лерге арналған резервтердің өзгерістері пайда немесе залал туралы есепте көрсетіледі.

Тарату кезінде емес, операциялық қызмет мерзімінің ішінде жүйелі қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу кезінде резервтер әрбір есепті кезеңнің соңында қалпына келтіру бойынша аяқталмаған бағалау жұмыстары бойынша қалыптасады және шығындар пайдада немесе залалда көрсетіледі.

Жалгерлік. Шартты жасасу кезінде Топ шарттың толықтай немесе оның жекелеген компоненттерінің жалгерлік шарты болып табылатын-табылмайтынын бағалайды. Егер осы шарт бойынша белгілі бір кезеңнің ішінде өтеудің орнына сәйкестендірілген активті пайдалануды бақылау құқығы табысталатын болса, шарт толықтай немесе оның жекелеген компоненттері жалгерлік шарты болып табылады. Топ қысқа мерзімді жалгерлікті және құны төмен активтер жалгерлігін қоспағанда, жалгерліктің барлық түрлерін танудың және бағалаудың бірыңғай тәсілін қолданады. Жалдау басталған күні Топ жалдау бойынша міндеттемені және активті пайдалану құқығы нысанында таниды.

Пайдалану құқығы нысанындары активтер. Топ пайдалану құқығы нысанындағы активтерді жиналған тозу мен құнсыздану-дан жиналған залалды шегере отырып, және жалгерлік шартын түрлендірудің нәтижесінде жалгерлік бойынша міндеттемені қайта бағалауға түзете отырып, бастапқы құн бойынша модельді пайдалану арқылы бағалайды. Пайдалану құқығы нысанындағы активтің бастапқы құнына мыналар жатады:

(а) жалгерлік бойынша міндеттемені бастапқы бағалау шамасы;

(б) жалгерлік басталған күнгі немесе жалгерлік бойынша алынған ынталандыру төлемдерін шегере отырып осы күнге дейінгі жалгерлік төлемдері;

(в) жалға алушы жұмсайтын кез келген бастапқы тікелей шығындар;

(г) базалық активті демонтаждау және орнын ауыстыру, ол орналасқан учаскені қалпына келтіру, немесе базалық активті жалгерлік шарттарына сәйкес талап етілетін күйге дейін қалпына келтіру кезінде жалға алушы жұмсайтын шығындарды, осындай шығындардың қорларды өндіру үшін жұмсалатын жағдайларын қоспағанда, бағалау. Жалға алушының осындай шығындарға қатысты міндеті не жалгерлік басталған күні, не белгілі бір кезеңнің ішінде базалық активті пайдаланудың салдарынан туындай-ды.

Пайдалану құқығы нысанындағы активтер бойынша тозу тік сызықты әдісті пайдалану арқылы есептеледі. Егер жалгерлік шарты базалық активке меншік құқығын жалға алушыға жалгерлік мерзімінің соңына дейін табыстаса немесе егер пайдалану құқығы нысанындағы активтің бастапқы құны жалға алушының сатып алуға опционды орындау ниетін көрсетсе, онда пайдалану құқығы нысанындағы активтер бойынша тозу жалгерлік басталған күннен бастап базалық активті тиімді пайдалану мерзімінің соңына дейін есептеледі. Олай болмаған жағдайда пайдалану құқығы нысанындағы активтер бойынша тозу жалгерлік басталған күннен бастап келесі күндердің ең біріншісіне дейін есептеледі: пайдалану құқығы нысанындағы активті тиімді пайдалану мерзімінің аяқталған күні немесе жалгерлік мерзімі аяқталған күні. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер де құнсыздандыруға жатады.

Жалгерлік бойынша міндеттемелер. Жалгерлік басталған күні Топ жалгерлік бойынша міндеттемені бұл күнге дейін әлі жүзеге асырылмаған жалгерлік төлемдерінің келтірілген құны бойынша бағалайды. Топ жалгерлік төлемдерді жалгерлік шартында белгіленген проценттік мөлшерлемені немесе жалгерлік шарты бойынша мөлшерлемені анықтауда қиындықтар болған жағдайда қосымша қарыз қаражаттарын тарту мөлшерлемесін пайдалана отырып дисконттайды. Жалгерлік басталған күннен кейін Топ жалгерлік бойынша міндеттемені былай бағалайды:

(а) жалгерлік бойынша міндеттеме бойынша проценттерді көрсету үшін баланстық құнды арттыра отырып;

(б) жүзеге асырылған жалгерлік төлемдерді көрсету үшін баланстық құнды азайта отырып;

(в) қайта бағалаудың немесе жалгерлік шарттарының түрленімдерін көрсету үшін баланстық құнды қайта бағалай отырып.

Қаржылық міндеттемелердің жіктелуі. Топ қаржылық міндеттемелердің келесі бағалау санаттарына жіктейді: пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша есепке алынатын қаржылық міндеттемелер, және амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын қаржылық міндеттемелер. Басшылық өз қаржылық міндеттемелерінің жіктемесін оларды бастапқы тану кезінде анықтай-ды.

Алынған қарыздар. Алынған қарыздар бастапқыда мәміле бойынша шығындарды шегере отырып әділ құн бойынша көрсетіледі және кейіннен амортизацияланған құн бойынша есепке алынады.

Нарықтық мөлшерлемелерден өзге проценттік мөлшерлемелер бойынша алынған қарыздар бойынша ұқсас қарыздар бойынша нарықтық проценттік мөлшерлемелерді ескере отырып, дисконтталған негізгі борыш сомасын және олар бойынша проценттерді өтеу есебіне салуға жататын сомалардан құралатын әділ құн бойынша қайта бағалау жүргізіледі.

Мәміле бойынша шығындар шегерілген міндеттеменің алған кездегі әділ құны мен алынған қаражаттардың таза сомасының арасындағы айырма қарыздарды бастапқы тану кезіндегі пайданы/залалды құрайды. Қарыздарды бастапқы тану кезіндегі пайда-

ның/залалдың сомасы пайда немесе залал және басқа жиынтық кіріс туралы есепте қаржылық кірістердің/шығыстардың құрамын-да көрсетіледі.

Кейіннен алынған қарыздардың баланстық құны амортизация сомасын қарыздар бойынша қаржылық шығыстар ретінде көрсете отырып, қарыздарды бастапқы тану кезіндегі пайда сомасы бойынша есептелген амортизацияны ескере отырып түзетіледі.

Топтың міндеттемелер бойынша есеп айырысулар мерзімін есепті кезең аяқталғаннан кейін кемінде он екі айға ауыстырудың шартсыз құқығы болмаған жағдайда алынған қарыздар қысқа мерзімді міндеттемелердің құрамында көрсетіледі.

Топ анықталатын активтер бойынша күрделі шығындарды жұмсамаған жағдайда, болдырмау мүмкін болған кредиттер мен қарыздар бойынша шығындарды капиталдандырады. Қарыздар бойынша капиталдандырылған шығындар қаражаттардың пайдаланылатын анықталатын активті дайындау үшін қарызға алынған жағдайларды қоспағанда, Топты қаржыландырудың орташа құнының негізінде есептеледі (орташа салмақталған проценттік шығыстар анықталатын активтерге шығын жұмсау кезінде қолданылады). Егер осылай болатын болса осы қарыз қаражаттарын уақытша инвестициялаудан болған кез келген инвестициялық кірісті шегере отырып, кезең ішінде нақты қарыздар бойынша жұмсалған нақты шығындар капиталдандырылады.

Капиталдандыруды бастау күні: (а) Топ анықталатын активпен байланысты шығындарды жұмсаған кезде; (б) ол қарыздар бойынша шығын жұмсаған кезде; (в) ол активті пайдалануға дайындау үшін қажетті іс-әрекеттерді қабылдаған кезде басталады. Қарыздар бойынша шығындарды капиталдандыру ұзақ кезеңдердің ішінде анықталатын активтің құрылысы және оны пайдалануға дайындау үзілген кезде уақытша тоқтатылады. Қарыздар бойынша шығындарды капиталдандыру активті пайдалануға немесе сатуға дайындау үшін қажетті барлық жұмыстар іс жүзінде аяқталған күнге дейін жалғасады.

Қаржылық активтерді тануды тоқтату. Топ қаржылық міндеттемені тануды ол орындалған немесе күші жойылған кезде, немесе жарамдылық мерзімі аяқталған кезде тоқтатады.

Егер қолданыстағы қаржылық міндеттеме дәл сол кредитордың алдындағы қолданыстағы қаржылық міндеттемеге ауыстырылса, немесе қолданыстағы қаржылық міндеттеменің шарттары айтарлықтай өзгерсе, мұндай ауыстыру немесе өзгерту бастапқы қаржылық міндеттемені тануды тоқтату және жаңа міндеттемені тану деп есепке алынады.

Топ елеулі өзгерістерді сандық және сапалық факторлардың негізінде бағалайды. Егер қолданыстағы қаржылық міндеттеме дәл сол кредитордың алдындағы қаржылық міндеттемеге бастапқы шарттардан айырмашылығы мардымсыз шарттармен ауыстырылса, немесе егер қолданыстағы міндеттеменің шарттарындағы өзгерістер айтарлықтай өзгеше болмаса, мұндай ауыстыру немесе өзгерту бастапқы қаржылық міндеттемені тануды тоқтату және жаңа қаржылық міндеттемені тану деп ескерілмейді. Тиісті баланс-тық құндардағы айырмашылық есепті кезеңнің пайдасы немесе залалы арқылы көрсетіледі.

Қаржылық кепілдіктер. Қаржылық кепілдіктер – бұл Топты кепілдік ұстаушыға белгілі бір дебитордың өз берешегін борыштық құрал талаптарына сәйкес белгіленген мерзімнің ішінде өтеуге қабілетсіздігінің салдарынан оған келтірілген залалды өтеу үшін төлемдер жасауға міндеттейтін келісімшарттар. Қаржылық кепілдіктерді Топ сыйлықақы алған кезде немесе дебитордың қаржылан-дыратын ұйымнан қарыз қаражаттарын алатын сыйлықақыларсыз кепілдіктер (топ ішіндегі кепілдіктер) жағдайларында танылады.

Топ кепілдіктерді сыйлықақыларсыз немесе нарықтық сыйлықақыдан өзгеше сыйлықақымен кепілдіктерді берген кезде әділ құн бағалау әдістерін (мысалы, осы сияқты құралдардың нарықтық құны, проценттік мөлшерleme дифференциалдары) пайдалану арқылы анықталады.

Қаржылық кепілдік бойынша міндеттемені бастапқы тану кезіндегі залал басқа қаржылық шығындардың құрамында пайда немесе залалды танылады. Қаржылық кепілдік бойынша міндеттеменің амортизациясы кепілдік мерзімінің ішінде тік сызықты әдісті пайдалана отырып есептеледі және тиісті шығыстар басқа қаржылық кірістердің құрамында көрсетіледі. Әрбір есепті кезеңнің соңында кепілдіктер: (i) бастапқы тану кезінде көрсетілген соманың амортизацияланбаған қалдығының; (ii) күтілетін кредиттік залал моделін пайдалана отырып анықталған кепілдік бойынша залалға арналған бағалау резерві сомасының ішіндегі ең жоғарғысы бойынша бағаланады. Қаржылық кепілдіктер бойынша залалға арналған бағалау резерві сомасын анықтау тәртібі берілген қарыздардың құнсыздануын анықтау тәртібіне ұқсас.

Саудалық және басқа кредиторлық берешек. Саудалық кредиторлық берешек контрагенттің өз шарттық міндеттемелерін орындау фактісі бойынша есептеледі. Топ кредиторлық берешекті әділ құн бойынша таниды. Кейіннен кредиторлық берешек амортизацияланған құн бойынша есепке алынады.

Табыс салығы. Шоғырландырылған қаржылық есептілікте табыс салығы Қазақстан Республикасының есепті кезең соңында қолданыста болған заңнамасына сәйкес көрсетілген. Табыс салығы бойынша шығыстарға ағымдағы (корпоративтік табыс салығы) және кейінге қалдырылған салықтар жатады.Табыс салығы бойынша шығыстар, сол немесе басқа бір есепті кезеңде басқа жиынтық кірістің құрамында немесе тікелей меншікті капиталдың құрамында көрсетілетін операцияларға жататын салықтарды қоспағанда пайда немесе залал туралы есепте көрсетіледі.

Ағымдағы салық салық салынатын пайдаға немесе ағымдағы және алдыңғы кезеңдердегі залалға қатысты мемлекеттік бюджеттен төлеу немесе өтеу көзделіп отырған салық сомасын білдіреді. Салық салынатын пайда немесе залал, егер шоғырландырылған қаржылық есептілік тиісті салықтық декларацияларды ұсынғанға дейін бекітілетін болса, бағалау көрсеткіштеріне негізделген. Табыс салығын қоспағанда, басқа салықтар операциялық шығыстардың құрамында көрсетіледі. Кейінге қалдырылған табыс салығы болашақ кезеңдерге ауыстырылған салықтық салаларға және активтер мен міндеттемелердің салықтық базасы мен олардың шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі баланстық құнының арасында туындайтын уақыт айырмашылықтарына қатысты міндеттемелердің баланстық әдісімен есептеледі.

2 Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау негіздері және есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Бастапқы тану үшін қолданылатын ерекшелікке сәйкес, кейінге қалдырылған салықтар бизнесті біріктірумен байланысты операциялар бойынша активті немесе міндеттемені бастапқы тану кезінде туындайтын уақыт айырмашылықтарына қатысты, егер олар бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайдаға да әсер етпейтін болса, танылмайды. Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер мен міндеттемелерді есепке алу тек қана Топтың шоғырыландырылған қаржылық есептілігіне кіргізілген әрбір жеке еншілес ұйымның шеңберінде жүргізіледі. Кейінге қалдырылған салық қолданылуы уақыт айырмашылықтарын қалпына келтіру немесе болашақ кезеңдерге ауыстырылған салықтық залалды пайдалану кезеңінде күтілетін есепті кезеңнің соңында қабылданған корпоративтік табыс салығы мөлшерлемесі бойынша есептеледі.

Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша салық салынатын базаны азайтатын уақыт айырмаларына және болашақ кезеңдерге ауыстырылған салықтық залалға қатысты активтер осындай шегерімдер сомасына азайтылуы мүмкін салық салынатын пайданы болашақта алу ықтималдығы болған жағдайда ғана танылады.

Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтер тиісті салықтық жеңілдікті пайдалану ықтималдығы бар дәрежеде ғана танылады. Болашақта қолданылуы мүмкін салық салынатын пайданың болашақ шамаларын және салықтық жеңілдіктер сомаларын анықтау кезінде басшылық кәсіби пайымдаулар мен бағалаулардың соңғы екі жылдың ішіндегі салық салынатын пайда сомаларының, сондай-ақ қалыптасқан жағдайларда негізді болып саналатын біршама болашақ кірістерге қатысты күткендерінің негізінде қолданады.

Түсімді тану. Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім тауарларды (әдетте жеткізу кезінде) немесе қызметтерді бақылау сатып алушыға Топ осы тауарлардың немесе қызметтердің орнына алуды күтіп отырған сомада табысталған жағдайда танылады. Түсім ҚҚС мен жеңілдіктерді шегергендегі мәміле бағасының мөлшерінде көрсетіледі.

Белгілі бір тауарларды өткізуден түскен түсім тауарды жеткізетін орынға жеткізу, сондай-ақ клиенттің өнім сапасы мен санын тексеруі кезіндегі өткізу бағасының өзгеруінің нәтижесінде түзетілуге жатуы мүмкін. Мұндай жағдайларда түсім бастапқыда тауарды тиеу кезіндегі әділ құн бойынша танылады. Әдетте, соңғы бағалар 3 айдың ішінде қалыптасады. Түсімнің мұндай түзетулер ҚЕХС 9 «Қаржы құралдары» сәйкес есепке алынады және салдарынан айнымалы өтеуге қатысты ҚЕХС 15 «Түсім» ережелері қолданылмайды. Мұндай түзетулер сатып алушылармен жасалған шарттардан өзге көздерден кірісті/залалды білдіреді.

Ферроқорытпаларды және басқа өнімдерді өткізуден түскен түсім белгілі бір уақыт сәтінде танылады.

Қызметкерлерге берілетін сыйақылар. Топ өз қызметкерлеріне еңбек қызметі аяқталған соң төленуге тиіс сыйақыларды (зейнетке шығуға байланысты біржолғы жәрдемақылар, зейнеткерлерге материалдық көмек) және ұжымдық шарттың ережелеріне сәйкес қызметкерлерге берілетін басқа да ұзақ мерзімді сыйақыларды (еңбекке қабілетсіздік жағдайында, мерейтойға және қайтыс болуға байланысты қызметкерлерге материалдық көмек көрсету) ұсынады.

Еңбек қызметі аяқталған соң сыйақы алу құқығы әдетте зейнеткерлікке дейінгі қалған жұмыс мерзіміне және қызметкерде ең төменгі жұмыс өтілінің болуына байланысты ұсынылады.

Топтың еңбек қызметі аяқталғаннан кейін беретін сыйақылары төлемдері белгіленген қорландырылмаған зейнетақы жоспарлары болып табылады және қайта қаралған ҚЕХС (IAS) 19 «Қызметкерлерге берілетін сыйақылар» бойынша бағаланады. Төлемдері белгіленген қорландырылмайтын зейнетақы жоспарлары бойынша актуарийлік және инвестициялық тәуекелдер Топқа жүктеледі.

Қаржылық кірістер мен шығыстар. Қаржылық кірістерге келтірілген құн дисконтынан бас тартумен байланысты кірістер, қаржылық кепілдіктердің амортизациясы, қарыздарды түрлендіруден түскен кіріс, депозиттер, берілген қарыздар және басқа инвестицияланған қаражаттар бойынша кірістер жатады. Қаржылық шығыстарға қарыздар бойынша проценттік шығыстар, қаржылық кепілдіктерді танудан болған шығыстар, активтерді тарату және қалпына келтіру бойынша міндеттемеге арнап құрылған резервтер бойынша дисконттың күшін жоюмен байланысты проценттік шығыстар, қарыздарды түрлендіруден болған залал және т.б. жатады.

Қаржылық кірістер мен шығыстарға сондай-ақ тиісті қаржылық активтермен және міндеттемелермен байланысты бағамдық айырмалардан болған пайда мен залал жатады.

Проценттік кірістер мен шығыстар проценттің тиімді мөлшерлемесі әдісін пайдалана отырып, уақыт кезеңдерінің негізінде танылады. Қарыздарға байланысты жұмсалған барлық проценттік және басқа шығыстар, шығыстардың негізгі құралдарды салуды қаржыландыру мақсатымен алынған қарыздар бойынша туындаған жағдайларын қоспағанда, қаржылық шығыстардың бір бөлігі ретінде шығынға жазылады. Бұл жағдайда шығыстар активті құру және оны мақсатына сай пайдалану үшін қажетті уақыт кезеңіне капиталдандырылады.

Салыстырмалы ақпарат. Топ тау-кен өнеркәсібінің практикасына сәйкес шығындардың мақсатын тиісінше көрсету үшін шығындардың жіктемесін жақсартты. Салыстырмалы ақпарат қайда қаралды.

Қазақстандық мың теңгемен	2020 жыл	Қайта жіктеу	2020 жыл (қайта қаралды)
Өткізудің өзіндік құны	393,152,679	9,081,257	402,233,936
Басқа операциялық шығыстар	8,331,484	(606,744)	7,724,740
Өткізу бойынша шығыстар	6,222,455	495,089	6,717,544
Зерттеулерге, бизнесті дамытуға және барлауға шығыстар	465,797	2,976,095	3,441,892
Жалпы және әкімшілік шығыстар	37,755,600	(11,945,697)	25,809,903

3 Маңызды есеп бағалаулары және есеп саясатын қолданудағы кәсіби пайымдаулар

Топ келесі қаржылық кезеңнің ішінде есептілікте көрсетілетін активтер мен міндеттемелерге әсер ететін бағалауларды пайдаланады және жорамалдар жасайды. Бағалаулар мен пайымдаулар үнемі сыни талдаудан өткізіледі және басшылықтың бұрынғы тәжірибесіне және басқа факторларға, соның ішінде қалыптасқан жағдайларда негізді болып табылады деп саналатын болашақ оқиғаларға қатысты болжамдарға негізделген. Сондай-ақ басшылық есеп саясатын қолдану барысындабасқа пайымдауларды қолданады. Шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген сомаларға айтарлықтай әсер ететін пайымдаулар және келесі қаржылық жылдың ішінде активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын елеулі түзетуге алып келуі мүмкін бағалаулар мыналарды қамтиды:

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар. Топтың хром кенін өндірумен байланысты жер қойнауын пайдалануға арналған негізгі келісімшарттың мерзімі 2041 жылы аяқталады. Топ басшылығы мұндай келісімшарт 2074 жылы күтілетін карьердің пайдалы қызмет мерзімі аяқталғанға дейін номинал құны бойынша ұзартылады деп күтеді.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте негізгі құралдардың тозуы бойынша шығындар және олардың баланстық құны жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар карьердің пайдалы қызмет мерзімі аяқталғанға дейін ұзартылады деген болжамның негізінде көрсетілді.

Кен рудасы активтері мен минералды қорлардың пайдалы қызметін бағалау мерзімдері. Негізгі құралдардың құрамында жіктелген кен рудасы активтері дәлелденген және ықтимал минералдық қорларға сүйене отырып, өндірістік әдісті пайдалану арқылы карьердің тиісті пайдалы қызмет мерзімінің ішінде амортизацияланады.

Руда қорларын бағалау кезеңнен кезеңге дейін өзгеруі мүмкін. Бұл Топтың қаржылық нәтижелеріне әсер етеді. Қорлардағы мұндай өзгерістер тозуды есептеуге, активтердің баланстық құнына және активтерді тарату бойынша міндеттемелерге арналған резервтердің шамасына әсер тигізуі мүмкін.

Топтың руда қорларын бағалау технологиялық және экономикалық тұрғыда негізді болуы мүмкін және заңмен бекітілген құқықтардың негізінде тиісті тау-кен рудасы активінен шығарылуы мүмкін өнімді мінсіз бағалауға негізделген. Бағалаулар бірқатар факторларды, оған қоса руданың мөлшері мен сұрыпын, өндірістік технологиялар мен шығару нормаларын, болжамды тауарлық бағаларды және өндірістік шығындарды ескере отырып қалыптастырылған.

Руда қорларын бағалау негізінен, негізді жорамалдарды, оған қоса төмендегілерді пайдалануды талап ететін барлау нәтижелері, минералдық қорлар және руда қорлары бойынша есептіліктің Австралия-Азия кодексінің («JORC» Кодексі, 2012), негізінде есептеледі:

- Дәлелденген және болжамды қорлардан, қорларды және кеңейту бойынша міндеттемелерді бағалаудан құралатын болашақ өндірісті бағалауды;
- Қолданыстағы нарықтық бағаға, форвардтық бағаларға және Топтың ұзақ мерзімді орташа бағаны бағалауына негізделген болжалды болашақ тауарлық бағаларды;
- Өндіріске, капитал салуға болашақ ақша шығындарын және қалпына келтіру бойынша міндеттемелерді.

Активтерді тарату және қалпына келтіру бойынша резервтер. Табиғатты қорғау заңнамасына және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға сәйкес Компанияның өз операциялық қызметінің және өз тау-кен активтерін және қалдықтарды орналастыру полигондарын жоюдың және жұмыстар аяқталған соң жерлерді қалпына келтірудің нәтижесінде қоршаған ортаға келтірілген залалды жою бойынша заңдық міндеттемесі бар.

Резервтер алдыңғы операциялық қызметтің салдарынан міндеттемелер пайда болған сайын жою және қалпына келтіру бойынша шығындардың дисконтталған құнының негізінде қалыптасады.

Активтерді жою және қалпына келтіру бойынша міндеттемелерге арналған резервтер Топтың Қазақстан Республикасының қолданыстағы табиғатты қорғау заңнамасын және Топтың келісімшарттың аумақта жер қойнауын пайдалану және техникалық-экономикалық негіздемемен және инженерлік зерттеулермен бекітілген басқа операциялық қызмет салдарын қалпына келтірудің және рекультивация жұмыстарын жүргізудің ағымдағы нормалары мен әдістеріне сәйкес жою бойынша байланысты бағдарламасын түсіндіруінің негізінде анықталады.

Залалды жою бойынша шығындарды бағалаулар табиғатты қорғау талаптарында және заңнама интерпретацияларында үнемі өзгерістерге ұшырайды.

Активтерді тарату және қалпына келтіру бойынша міндеттемелерге арналған резервтер олардың пайда болу ықтималдығы және сомаларын негізді бағалау мүмкіндігі болған жағдайда танылады.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы. Әрбір есепті кезеңнің соңында Топ активтердің ықтимал құнсыздану белгілерін айқындау үшін оларға (ақша ағындарын туындататын бірліктерге) талдау жүргізеді. Ішкі және сыртқы факторларды талдауға сүйене отырып, басшылық есепті кезеңде құнсыздану белгілерінің болуын анықтады. Топ құнсыздануды тексеру мақсатымен сынақ өткізді. Оның нәтижесінде 2021 жылдың ішінде қаржылық емес активтердің құнсыздануы анықталған жоқ.

Берілген қарыздардың құнсыздануы. Күтілетін кредиттік залалды бағалау үшін айтарлықтай жорамалдарды, оған қоса дефолт ықтималдығын, жиналушылығын және қарыздар бойынша болашақ ақша ағындарының күтілетін қалпына келу мерзімдерін қолдану талап етіледі. Мұндай жорамалдардағы өзгерістер өтелетін құнға немесе осындай активтер бойынша резервтерге әсер етуі мүмкін. Басшылық жорамалдарды үнемі қайта қарайды. Берілген қарыздар бойынша күтілетін кредиттік залал рейтингісі ұқсас компаниялардың кредиттік тәуекелінің негізінде есептелді. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша берілген қарыздар Кезеңге жатқызылды 1. Басшылықтың бұл пайымдауы ERG қызметінің үздіксіздігін бағалауға негізделеді.

3 Есеп саясатын қолданудағы маңызды есеп бағалаулары және кәсіби пайымдаулар (жалғасы)

Қаржылық кепілдіктердің құнын бағалау. Топ қаржылық кепілдіктердің әділ құнын анықтау үшін кредиттік своптар әдісін қолданады. Қаржылық кепілдік міндеттемесінің әділ құны кепілдендірілген қарыз сомасын, проценттік мөлшерлемені және тәуекел көрсеткіштерін ескере отырып есептеледі. Топ басқа кепілгерлермен ортақ жауапты кредиттік шарттарда нарықтық комиссия кредиттік-дефолттық своптарды ескере отырып анықталады және кепілгерлердің арасында үлестіріледі. Бұл Топтың берілген кепілдіктермен байланысты кредиттік тәуекелге шалдыққыштығына басшылықтың берген ең үздік бағасы болып табылады. Басшылықтың бұл пікірі ERG тобы қызметінің үздіксіздігін бағалауға негізделген.

Кепілдіктердің құны кепілгерлердің арасында қосалқы кепілгерлер компанияларының таза активтерінің әділ құнының негізінде үлестіріледі.

Басшылық Топтың кепілдік берілген міндеттемелерді өтеуге мәжбүр болу ықтималдығы төмен деп есептейді.

Салық заңнамасы және трансферттік баға белгілеу жөніндегі заңнама. Қазақстандық салық заңнамасы және трансферт-тік баға белгілеу жөніндегі заңнама әртүрлі интерпретацияларға ұшырайды.

Әділ құн бойынша инвестициялар. Топ кәсіпорындарға қатысты бақылауға немесе айтарлықтай ықпалға ие болып табылмай-ды, себебі Топ олардың қаржылық және операциялық қызметіне қатысты шешімдерді қабылдай алмайды.

4 Байланысты тараптармен есеп айырысулар және операциялар

Бас компания: ақпарат 1-ескертпеде берілген.

Ортақ бақылаудағы компаниялар: ERG бақылауындағы компаниялар.

Б класты менеджерлердің бақылауындағы компаниялар: Б класты менеджерлер және олардың бақылауындағы барлық компаниялар Б класты менеджерлердің ERG жай акцияларын тікелей емес иеленуінің нәтижесінде Топтың байланысты тараптары болып табылады. Б класты менеджерлерге ERG Менеджерлер Кеңесінің мүшелері жатады.

Мемлекеттік кәсіпорындар: Қазақстан Республикасы және онымен байланысты заңды тұлғалар. Қазақстан Республикасы ERG-ға елеулі ықпалының негізінде Компанияның байланысты тарапы болып табылады.

Негізгі басшылық: өкілеттіктері бар және Топтың операцияларын тікелей және жанама түрде жоспарлау, үйлестіру және бақылау үшін жауапты тұлғалар.

Төменде 2021 жылғы 31 желтоқсандағы байланысты тараптармен жасалған операциялар бойынша өтелмеген қалдықтар келтіріл-ген:

Қазақстандық мың теңгемен	Бас компания	Ортақ бақылаудағы компаниялар	Б класты менеджерлердің бақылауындағы компаниялар	Мемлекеттік кәсіпорындар	Негізгі басшылық
Активтер:					
Әділ және бастапқы құн бойынша инвестициялар	–	29,133,179	–	–	–
Берілген қарыздар*	476,423,592	–	–	–	–
Басқа айналымнан тыс активтер	–	1,876,480	2,536,428	435,394	–
Саудалық және басқа дебиторлық берешек	–	30,381,545	299,143	788,996	–
Ақша қаражаттары және ақша баламалары	–	–	58,431,386	–	–
Басқа айналым активтері	–	–	87,243	–	–
Міндеттемелер:					
Жалгерлік бойынша міндеттемелер	–	–	–	271,897	–
Артықшылықты акциялар бойынша міндеттемелер	5,294,012	–	–	–	–
Қызметкерлерге берілетін сыйақылар бойынша міндеттемелер	–	–	–	–	28,890
Қаржылық кепілдіктер	20,891,859	–	–	–	–
Саудалық және басқа кредиторлық берешек	918,946	19,606,780	287,483	590,553	–
*Берілген қарыздар бойынша залалға арналған бағалау резерві 10-ескертпеде ашылған					

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың Eurasian Digital Ventures 1 Limited Partnership –те, еншілес кәсіпорны ERG S.à r.l., белгілі бір шарттарды сақтаған жағдайда іске асырылатын 2025 жылға дейінгі кезеңнің ішінде 58 миллион АҚШ доллары (25,044,400 мың теңге) мөлшерінде (2020 жылғы 31 желтоқсанда: 106 миллион АҚШ доллары) (44,616,460 мың теңге) капиталды инвестициялау бойынша өтелмеген міндеттемесі бар.

Төменде 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тараптармен жасалған операциялар бойынша өтелмеген қалдықтар келтірілген:

Қазақстандық мың теңгемен	Бас компания	Ортақ бақылаудағы компаниялар	Б класты менеджерлердің бақылауындағы компаниялар	Мемлекеттік кәсіпорындар	Негізгі басшылық
Активтер:					
Әділ және бастапқы құн бойынша инвестициялар	–	16,890,047	–	–	–
Берілген қарыздар*	411,978,569	–	–	–	–
Басқа айналымнан тыс активтер	–	174,443	2,141,391	–	–
Саудалық және басқа дебиторлық берешек	–	2,871,740	635,912	1,781,131	–
Ақша қаражаттары және ақша баламалары	–	–	48,169,857	2,231	–
Басқа айналым активтері	–	–	31,007	–	–
Міндеттемелер:					
Жалгерлік бойынша міндеттемелер	–	2,343	–	275,013	–
Артықшылықты акциялар бойынша міндеттемелер	6,212,958	–	–	–	–
Қызметкерлерге берілетін сыйақылар бойынша міндеттемелер	–	–	–	–	27,703
Қаржылық кепілдіктер	23,886,961	–	–	–	–
Саудалық және басқа кредиторлық берешек	918,946	28,251,039	321,898	1,130,295	–
*Берілген қарыздар бойынша залалға арналған бағалау резерві 10-ескертпеде ашылған					

Төменде 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін байланысты тараптармен жасалған операциялар бойынша кірістер мен шығыстар баптары көрсетілген:

Қазақстандық мың теңгемен	Бас компания	Ортақ бақылаудағы компаниялар	Б класты менеджерлердің бақылауындағы компаниялар	Мемлекеттік кәсіпорындар	Негізгі басшылық
Түсім	–	1,695,290	7,147	967,703	–
Өткізудің өзіндік құны	–	(109,737,518)	(9,711,272)	(25,704,250)	–
Басқа операциялық кірістер	–	3,376,151	8,754	2,935	–
Басқа операциялық шығыстар	–	(274,879)	(537,128)	(10,161)	–
Өткізу бойынша шығыстар	–	(809,213)	(4,611)	(411,020)	–
Зерттеулерге, бизнесті дамытуға және барлауға шығыстар	–	(1,702,908)	(712)	(35,869)	–
Жалпы және әкімшілік шығыстар	–	(25,627,455)	(394,259)	(203,885)	(827,106)
Қаржылық кірістер	36,790,063	–	915,511	9,088	–
Қаржылық шығыстар*	13,303,426	(7,911,712)	2,112,932	(123,858)	–

* Қаржылық шығыстардың құрамында бас компанияға берілген 1,122,048 мың теңге сомасындағы қарыздар бойынша залалға арналған бағалау резервін қалпына келтіру, сондай-ақ берілген қарыздар мен депозиттер бойынша бағамдық айырмадан түскен кірістер көрсетілген

Төменде 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін байланысты тараптармен жасалған операциялар бойынша кірістер мен шығыстар баптары көрсетілген:

Қазақстандық мың теңгемен	Бас компания	Ортақ бақылаудағы компаниялар	Б класты менеджерлердің бақылауындағы компаниялар	Мемлекеттік кәсіпорындар	Негізгі басшылық
Түсім	–	891,594	11,923	261,384	–
Өткізудің өзіндік құны	–	(90,877,928)	(9,283,481)	(26,143,412)	–
Басқа операциялық кірістер	–	2,368,373	653,964	5,508	–
Басқа операциялық шығыстар	–	(1,374,947)	(366,346)	(296,770)	–
Өткізу бойынша шығыстар	–	(526,279)	(4,354)	(409,294)	–
Зерттеулерге, бизнесті дамытуға және барлауға шығыстар	–	–	–	(213,502)	–
Жалпы және әкімшілік шығыстар	–	(11,338,248)	(476,129)	(151,598)	(717,039)
Қаржылық кірістер	40,186,776	292,677	688,135	–	–
Қаржылық шығыстар*	(1,303,926)	(19,021,247)	1,366,848	–	–

*Қаржылық шығыстардың құрамында бас компанияға берілген 4, 007,047 мың теңге сомасына қарыздар бойынша бағалау резерві, сондай-ақ берілген қарыздар мен депозиттер бойынша бағамдық айырмадан болған кірістер мен шығыстар көрсетілген.

4 Байланысты тараптармен есеп айырысулар және операциялар (жалғасы)

Топтың негізгі басшылығына сыйақылар:

Қазақстандық мың теңгемен	2021 ж.	2020 ж.
Жалақы және басқа сыйлықақылар	575,577	483,141
Еңбек қызметі аяқталғаннан кейінгі сыйақылар және басқа ұзақ мерзімді сыйақылар	251,529	233,898
Негізгі басшылыққа сыйақылардың жиыны	827,106	717,039

Ортақ бақылаудағы компаниялар. 2021 және 2020 жылдардың ішінде Топ негізінен ферроқорытпаларды өткізді, сондай-ақ айналым капиталын орындау мақсаттарында қаржы алып тұрды. Ферроқорытпа бағалары әлемдік нарықтардың бағаларымен ұштастырылған. Топ материалдарды, электр қуатын, басқарушылық қызметтерді сатып алды және демеушілік көмек көрсетті.

Б класты менеджерлердің бақылауындағы компаниялар. Б класты менеджерлердің бақылауында тұрған компаниялармен есеп айырысулар мен операцияларды негізінен Б класты менеджерлердің бақылауында Банк арқылы жүзеге асырылатын қазына-шылық операциялар және сақтандыру қызметтерін құрайды.

Мемлекеттік кәсіпорындар. Топ мемлекеттік кәсіпорындармен тауарларды және қызметтерді сатып алуларды және өткізуді жүзеге асырады. Мұндай мәмілелер, негізінен, нарықтық жағдайларда немесе нарыққа қатысушылардың барлығы үшін белгіле-нетін тарифтердің негізінде жүзеге асырылады. Топ табиғи газды, теміржол қызметтерін және электр энергиясын тасымалдау қызметтерін жеткізу және тасымалдау бойынша қызметтерді сатып алуды жүргізді.

5 Негізгі құралдар

Қазақстандық мың теңгемен	Жер	Ғимараттар мен құрылыстар	Машиналар мен құрал-жабдықтар	Басқа	Аяқталмаған құрылыс	Жиын
2019 жылғы 31 желтоқсандағы құны	5,142,913	198,803,467	300,340,633	24,115,746	204,892,886	733,295,645
Жиналған тозу	(16,211)	(81,907,898)	(176,152,523)	(12,596,464)	–	(270,673,096)
2019 жылғы 31 желтоқсандағы баланстық құн	5,126,702	116,895,569	124,188,110	11,519,282	204,892,886	462,622,549
Түскен түсімдер	36,084	240,074	8,823,919	3,176,928	56,622,184	68,899,189
Активтерді жою және қалпына келтіру бойынша міндеттемелерге арналған резервтің өзгерістері	–	51,024	12,840	–	–	63,864
Сатуға арналған активтерге ауыстыру	–	(86,145)	(21,694)	–	–	(107,839)
Ауыстырулар	(6,732)	28,615,280	44,144,940	2,026,790	(74,780,278)	–
ТМҚ-ға/-дан ауыстыру	–	(18,025)	16,856	–	6,822,710	6,821,541
Тозу	(16,946)	(14,654,074)	(33,050,457)	(2,175,062)	–	(49,896,539)
Есептен шығу	(13,148)	(88,686)	(7,002)	–	(6,021)	(114,857)
Құнсыздану	–	(43,399)	(1,712)	–	(162,137)	(207,248)
2020 жылғы 31 желтоқсандағы құны	5,159,116	226,945,427	352,143,088	29,185,462	193,389,344	806,822,437
Жиналған тозу	(33,156)	(96,033,809)	(208,037,288)	(14,637,524)	–	(318,741,777)
2020 жылғы 31 желтоқсандағы баланстық құн	5,125,960	130,911,618	144,105,800	14,547,938	193,389,344	488,080,660
Түскен түсімдер	143,176	1,109,802	12,219,988	2,506,086	82,841,457	98,820,509
Активтерді жою және қалпына келтіру бойынша міндеттемелерге арналған резервтің өзгерістері	–	2,011,671	6,144	–	–	2,017,815
Ауыстырулар	29,129	23,535,226	37,147,183	1,532,492	(62,244,030)	–
Сатуға арналған активтерге ауыстыру	(5,849)	(749,693)	(75)	–	–	(755,617)
ТМҚ-ға/-дан ауыстыру	–	(614,839)	614,839	–	9,625,112	9,625,112
Тозу	(25,343)	(15,160,336)	(35,488,803)	(2,490,347)	–	(53,164,829)
Есептен шығару	(65,818)	(988,389)	(78,096)	(2,972)	(68,385)	(1,203,660)
Құнсыздануды қалпына келтіру/ (құнсыздану)	–	9,943	(38,425)	–	70,361	41,879
2021 жылғы 31 желтоқсандағы құны	5,259,754	246,245,694	396,649,030	32,775,974	223,613,859	904,544,311
Жиналған тозу	(58,499)	(106,180,691)	(238,160,475)	(16,682,777)	–	(361,082,442)
2021 жылғы 31 желтоқсандағы баланстық құн	5,201,255	140,065,003	158,488,555	16,093,197	223,613,859	543,461,869

Аяқталмаған құрылысқа түсімдерге қарыздар бойынша 9,155,095 мың теңге (2021 жылғы 31 желтоқсанда: 8,425,912 мың теңге) мөлшеріндегі капиталдандырылатын шығындар жатады. Капиталдандыру мөлшерлемесі 8.4% (2020 жылы: 10.07%) құрады.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтердің баланстық құны 3,207,288 мың теңгені (2020 жылғы 31 желтоқсанда: 3,759,567 мың теңгені) құрады.

6 Әділ құн бойынша инвестициялар

Компанияның атауы	Тіркелген елі	Қызметі	2021 ж.		2020 ж.	
			Мың теңге	Иелену үлесі, %	Мың теңге	Иелену үлесі, %
Eurasian Digital Ventures 1 Limited Partnership	Қазақстан (АХҚО)	Венчурлық инвестициялау	23,765,061	69.51	11,521,929	62.31
«Business and Technology Services» ЖШС	Қазақстан	ERP- жүйелерді енгізу және қолдау	5,364,899	37.99	5,364,899	37.99
«Еуразиялық Кредиттік Серіктестік»	Қазақстан	Кредиттеу	3,219	0.0016	3,219	0.0016
Жиыны әділ құн бойынша инвестициялар			29,133,179		16,890,047	

7 Басқа айналымнан тыс активтер

Басқа айналымнан тыс активтер негізінен негізгі құралдар үшін берілген ұзақ мерзімді аванстардан және жалпы сомасы 37,680,522 мың теңгені (2020 жылғы 31 желтоқсанда: 17,840,090 мың теңгені) құрайтын тиісті қызметтерден құралады.

8 Тауарлы-материалдық қорлар

Қазақстандық мың теңгемен	2021 ж.	2020 ж.
Сатып алынатын шикізаттар мен материалдар	97,395,832	64,036,426
Аяқталмаған өндіріс	33,748,261	22,971,289
Меншікті өндіріс шикізаты мен материалдары	29,461,735	23,976,401
Дайын өнім	15,969,645	9,072,326
Басқа	173,379	19,952
Шегеру: ескірген және өтімді емес тауарлы-материалдық қорлар бойынша резервтер	(12,775,301)	(12,730,919)
Тауарлы-материалдық қорлардың жиыны	163,973,551	107,345,475

9 Саудалық және басқа дебиторлық берешек

Қазақстандық мың теңгемен	2021 ж.	2020 ж.
Алдын ала бағалау бойынша есепке алынатын саудалық дебиторлық берешек	106,104,233	58,818,098
Саудалық дебиторлық берешек	16,738,234	9,318,422
Аккредитивтер	7,086,550	152,237
Басқа	548,981	689,756
Шегеру: залалға арналған бағалау резервтері	(666,318)	(470,372)
Қаржы активтерінің жиыны	129,811,680	68,508,141
Алдын ала төлемдер	47,723,984	15,035,430
Өтелетін ҚҚС және басқа салықтар	21,017,715	36,753,481
Басқа	156,036	209,785
Шегеру: залалға арналған бағалау резервтері	(2,068,465)	(1,261,619)
Қаржылық емес активтердің жиыны	66,829,270	50,737,077
Саудалық және басқа дебиторлық берешектің жиыны	196,640,950	119,245,218

9 Саудалық және басқа дебиторлық берешек (жалғасы)

Амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын саудалық дебиторлық берешек бойынша күтілетін кредиттік залал:

Қазақстандық мың теңгемен	31 желтоқсан 2021 жыл			31 желтоқсан 2020 жыл		
	Жалпы баланстық құн	Күтілетін кредиттік залал	Баланстық құн	Жалпы баланстық құн	Күтілетін кредиттік залал	Баланстық құн
Ағымдағы	13,850,647	(269,597)	13,581,050	7,532,357	(74,788)	7,457,569
3 айға дейін кешіктірілген	2,419,836	(276,995)	2,142,841	1,493,903	(74,343)	1,419,560
3 айдан 6 айға дейін кешіктірілген	8,336	(2,382)	5,954	396,234	(68,694)	327,540
6 айдан 12 айға дейін	68,273	(37,248)	31,025	169,860	(93,199)	76,661
12 айдан астам кешіктірілген	100,130	(80,096)	20,034	211,604	(159,348)	52,256
Кешіктірілгені барлығы	2,596,575	(396,721)	2,199,854	2,271,601	(395,584)	1,876,017
Ағымдағы және кешіктірілгені барлығы	16,447,222	(666,318)	15,780,904	9,803,958	(470,372)	9,333,586

10 Берілген қарыздар

Қазақстандық мың теңгемен	2021 ж.	2020 ж.
1 қаңтардағы залалға арналған бағалау резерві	8,176,212	4,169,165
Берілген қарыздар	563,720	2,371,783
Өтелген қарыздар	(260,712)	(659,207)
Күтілетін кредиттік залалды бағалаудың жорамалдарындағы өзгерістер және келісімшарттық талаптардың өзгерістері	(1,425,056)	2,294,471
31 желтоқсандағы залалға арналған бағалау резерві	7,054,164	8,176,212

2021 жылы Топ бас компанияға өтеу мерзімі 2025 жылға дейінгі, проценттік мөлшерлемесі 2020 жылы берілген қарыздармен бірдей болып табылатын 98 миллион АҚШ долларын ұсынды (41,964,948 мың теңге). Бір жылдың ішінде бас компания сомасы 52 миллион АҚШ долларын (22,209,417 мың теңге) құрайтын қарызды мерзімінен бұрын өтеді.

Бас компаниядан қолданыстағы кредиттік желілер бойынша өтеу мерзімдері 2024 жылға дейін өзгертілді және проценттік мөлшерлемелер жылдық 1.01- 1.58% азайтылды, сондай-ақ өзгертілген талаптарға сәйкес проценттер қарыз мерзімінің соңында емес, жыл сайын төлену керек. Сондай-ақ есептелген проценттер мерзімінде төленбеген жағдайда бұл проценттер негізгі борыш сомасына капиталдандырылады. 2021 жылы капиталдандырылған проценттер сомасы 140 миллион АҚШ долларын (60,584,405 мың теңге) құрады.

2020 жылы Топ бас компанияға берілген қолданыстағы кредиттік желіге соманы 350 миллион АҚШ долларына (139,058,500 мың теңге) дейін көбейтіп және проценттік мөлшерлемені жоғарылатып, қосымша келісімге қол қойды. Топ бас компанияға өтеу мерзімі 2025 жылға дейінгі 227 миллион АҚШ долларын (95,066,939 мың теңге) ұсынды.

Қарыздар жылдық 5.15% жылдық проценттік мөлшерлемемен (2020 жылы: жылдық 6.16–6.73%) берілді және олар 3 жылдан кейін (2020 жылы: 3-5 жыл) өтелуге тиіс.

11 Ақша қаражаттары және ақша баламалары

Қазақстандың мың теңгемен	31 желтоқсан 2021 ж.	31 желтоқсан 2020 ж.
Қысқа мерзімді депозиттер	54,083,079	8,456,558
Банк шоттарындағы және кассадағы ақша қаражаттары	159,431,888	47,228,815
Жолдары ақша қаражаттары	4,301,605	–
Ақша қаражаттарының және ақша баламаларының жиыны	217,816,572	55,685,373

12 Акционерлік капитал

Қазақстандық мың теңгемен	2020 және 2021 жж. 31 желтоқсан	
	Саны	Сома
Жай акциялар	99,953,939	100,058,381
Артықшылығы бар акциялар	9,896,772	2,664,662
Номиналдық шығарылған акционерлік капиталдың жиыны	–	102,723,043
Жай акциялар	–	(104,442)
Артықшылығы бар акциялар	–	(556,462)
Төленбеген капиталдың жиыны	–	(660,904)
Гиперинфляцияға капиталдың индексациясы	–	4,442,888
Акционерлік капиталдың жиыны	–	106,505,027

Жай акциялар бойынша дивидендтер бір акцияға шаққанда 986 теңге (2020 жылы: 598 теңге) мөлшерінде есептелді. Кепілдендірілген сома 100 теңгеден асатын артықшылығы бар акциялар бойынша дивидендтер әр акцияға 886 теңге (2020 жылы: 535 теңге) мөлшерінде есептелді.

Жай акциялардың номинал құны 1,000 теңге (2020 жылы: 1,000 теңге). Бір жай акция бір дауыс беру құқығын береді. 2021 және 2020 жылдары Компания жай акция шығарған жоқ.

Артықшылығы бар акциялардың номинал құны 1,000 теңге (2020 жылы: 1,000 теңге).

Артықшылығы бар акциялар оларды компанияның (эмитенттің) міндетті түрде сатып алуын көздемейді және дивидендтерді бөлу кезінде қатысады. Артықшылығы бар акциялардың иелері жай акцияларды иеленушілерге қарағанда жарғыда белгіленген алдын ала анықталған кепілді мөлшерде дивиденд алуға және Компанияны таратқан жағдайда мүліктің бір бөлігін алуға басым құқыққа ие болады. Компанияның артықшылығы бар акциялары бойынша дивидендтерді толық төлегенге дейін оның жай акциялары бойынша дивидендтер төленбейді.

Кепілдік берілген мөлшерден жоғары артықшылығы бар акциялар бойынша дивидендтер шарттық емес болып табылады және жай акциялар бойынша дивидендтер төленбесе, төлеуге жатпайды. Осылайша артықшылығы бар акция құрылымында бір уақытта үлестік компонент пен міндеттеме болатын күрделі қаржылық құрал болып табылады.

Төмендегі жағдайларды қоспағанда, артықшылығы бар акциялар акционерге Компанияны басқаруға қатысу құқығын бермейді:

- Компания акционерлерінің жалпы жиналысы ол бойынша қабылданған шешім артықшылығы бар акцияларға ие болып табылатын акционердің құқықтарын шектеуі мүмкін мәселені қарайды;
- Компания акционерлерінің жалпы жиналысы артықшылығы бар акцияларды Компания ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған жағдайда олардың құнын анықтау әдістемесіне өзгертулерді бекіту туралы мәселені қарайды;
- Компания акционерлерінің жалпы жиналысы Компанияны қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы мәселені қарайды;
- артықшылығы бар акциялар бойынша дивиденд оны төлеу үшін белгіленген мерзім аяқталған күннен бастап үш айдың ішінде толық көлемде төленбеген болса.

Төменде бір жылдың ішінде жарияланған және төленген диидендтер көрсетілген:

Қазақстандық мың теңгемен	31 желтоқсан 2021 ж.			31 желтоқсан 2020 ж.		
	Жай акциялар	Артықшылығы бар акциялар		Жай акциялар	Артықшылығы бар акциялар	
		Капитал	Міндеттеме		Капитал	Міндеттеме
1 қаңтарда төленетін дивидендтер	600,603	5,173,568	989,334	598,888	5,222,668	989,334
